

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



Халықаралық ғылыми-практикалық конференция

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАРДЫҢ
ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Международная научно-практическая
конференция**

**СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ГУМАНИТАРНЫХ
И СОЦИАЛЬНЫХ НАУК**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ЕУАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



**ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК
ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары
2016 жылғы 9 желтоқсан

**СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ГУМАНИТАРНЫХ И
СОЦИАЛЬНЫХ НАУК**

Материалы международной научно-практической конференции,
посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан
9 декабря 2016 года

АСТАНА 2016

УДК 001:719:30

Г91

Редакция алқасы: А.Қ. Құсайынов, А.Ж. Исмаилов, Қ.Ә. Ахметов, С.С. Оспанов,
Редакционная коллегия: Я.Н. Оспанова, Қ.А. Мамаділ, Б.С. Сәрсекеев, Н.М. Қоқышева,
Қ.Ә. Әбішев, Г.Д. Тажбенова, Л.В. Волкова, Д.Б. Аманжолова,
Г.С. Райнбекова

Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың қазіргі мәселелері: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары / Жалпы редакциясын басқарған А.Қ. Құсайынов. – Астана: Еуразия гуманитарлық институты, 2016. – 418 б. // **Современные проблемы гуманитарных и социальных наук:** Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан / Под общей редакцией А.К. Кусаинова. – Астана: Евразийский гуманитарный институт, 2016. – 418 с.

Бұл басылымда «Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың қазіргі мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысушылардың баяндамалары жарияланды. Оларда педагогика, психология, қазақ, орыс және шетел филологиясы, тарих, философия, әлеуметтану, экономика және құқық саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелері баяндалды.

В настоящем издании опубликованы доклады участников международной научно-практической конференции «Современные проблемы гуманитарных и социальных наук», в которых нашли отражение результаты научных исследований и достижения практической деятельности в сферах педагогики, психологии, казахской, русской и иностранной филологии, истории, философии, социологии, экономики и права.

ISBN 978-601-7515-66-9

УДК 001:719:30

© Еуразия гуманитарлық институты, 2016
Евразийский гуманитарный институт, 2016
© «ҰҒТАО» АҚ Астана қ-ғы филиалы, 2016
Филиал АО «НЦНТИ» в г. Астана, 2016

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

А.Қ. Құсайынов
тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик,
Еуразия гуманитарлық институтының ректоры,
Астана қ. (Қазақстан)

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ

Құрметті конференцияға қатысушылар, қонақтар мен әріптестер!

Біз Сіздерді бүкіл республикамыз Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойын атап өтіп жатқан осы айтулы жылда, дәстүр бойынша желтоқсан айында институт қабырғасында қарсы алып отырғанымызға шын қуаныштымыз. Өткен жылы ғана өзінің 20 жылдығын тойлаған Еуразия гуманитарлық институтын, шын мәнінде, ел тәуелсіздігінің құрдасы, жас егемен мемлекетімізбен бірге өмірге келген жоғары оқу орны деуге әбден болады. Осынау ғасырдың ширегіндей ғана уақыт ішінде біздің ЕАГИ-іміз өзінің жоғары білікті мамандарды даярлаудағы бай тәжірибесін, осы жолда аянбай, адал еңбек ететін профессорлық-оқытушылық құрамын, студенттеріміздің қазіргі кәсіби қызмет жағдайында бәсекеге қабілетті, құзыретті маман болып шығуына зор мүмкіндік беретін заманауи білім беру бағдарламалары мен озық технологияларын, ғылыми-зерттеу базасын қалыптастырды. Мұнда институттағы бүкіл ұжымның сіңірген үлкен қызметі бар, сондай-ақ еліміздегі түрлі ұйымдар мен кәсіпорындарда, мемлекеттік қызметте барынша жақсы жұмыс істеп жатқан түлектеріміз де ЕАГИ-дің абырой-беделін арттыра түсуде.

Еуразия гуманитарлық институты Тәуелсіз Қазақстанымыз үшін аса қажетті мамандар даярлаудағы өзінің маңызды мақсат-міндеттерін әркез мүлтіксіз жүзеге асырып келеді. Біз болашақ мамандарды өз ісінің нағыз шебері ретінде қалыптастыру, адамгершілігі мол, патриоттық сезімі жоғары етіп тәрбиелеу бағытында жүйелі түрде жұмыс істеп келеміз.

Ғылым мен білімнің түрлі деңгейде интеграциялана дамуы әлемнің барлық елдерін, соның ішінде Қазақстанды да біртіндеп қамтыған айқын әрі аса маңызды үрдіс болып отыр. Ғылым мен білімді біртұтас қуатты әлеуетке айналдыру жөніндегі мәселе күннен-күнге көкейтесті бола түсуде. Мұның өзі қазіргі нарық талап ететін жоғары білікті мамандар даярлаумен тікелей байланысты. Әрине, бұл ауыр міндетті бір ғана жоғары оқу орнының шеше алмасы анық. Бұған бүкіл біліми және ғылыми кеңістікті жұмылдырған дұрыс. Осы ретте Еуразия гуманитарлық институтында ортақ істі өзара тәжірибе алмаса отырып, бірлесе шешуге бағытталған жақсы дәстүр қалыптасқан деуге болады. Маңыздысы сол, ғылымның қазіргі даму жағдайында жаңа ғылыми мектептер бой көтеруде. Қазіргі мүмкіндігі зор ақпараттық әлемде түрлі елдердің ғалымдары бұл мәселеде бірін-бірі қолдауға, бірін-бірі тануға ұмтылуда. Осы «Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың қазіргі мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға да жалпы Қазақстан, сондай-ақ Ресей, Түркия, Өзбекстан, Украина, Болгария, Эстония ғалымдарының қатысуы аталған проблеманың қаншалықты өзекті екенін көрсетсе керек. Біздің институтымыздың Түмен мемлекеттік университеті, Орынбор мемлекеттік педагогикалық университеті (Ресей Федерациясы), КАНКОРД Халықаралық академиясы (Франция), Интернационалдық біліктілікті арттыру орталығы (Дюссельдорф қ., Германия), София университеті (Болгария), Карабюк университеті (Түркия), Украина Ұлттық педагогика ғылымдары академиясының Тәрбие проблемалары институты және т.б. шетелдік жоғары білім беру мектептерімен өзара тұрақты ынтымақтастығы қазірде өзінің нақты жемісін беріп жатыр. «Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы», «Қазақ білім академиясының баяндамалары» атты ғылыми

журналдарымызда да шетелдік ғалымдардың мақалалары жариялануда. Біздің ғалымдарымыздың да ғылыми өнімдері беделді ғылыми басылымдарда жарық көруде. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында да отандық және шетелдік ЖОО-лармен өзара ынтымақтастық ойдағыдай дамып келеді.

Біздің қоғамда жалпы қазірдің өзінде жоғары деңгейдегі ғылым және білімге негізделген инновациялық экономикасыз одан әрі елдің дамуы мүмкін емес деген түсінік орныққан. Бұл ретте гуманитарлық және әлеуметтік ғылымның рөлі ерекше. Бір қуаныштысы, ғылыми топтар, мемлекеттік билік органдары мен жалпы жұртшылықтың қоғамдық дамудың маңызды гуманитарлық проблемаларын талқылауға, ғылыми тұрғыдан екшелген әдіснамалық және құндылықтық көзқарас негізінде оларды шешу жолдарын іздеуге көңіл бөлуі жылдан-жылға арта түсуде. Маңыздысы сол, біздің жоғары оқу орнымыз да бұл іске алғашқылардың бірі болып араласты. Бұл тұрғыда дәстүрлі түрде жыл сайын өткізілетін конференцияларымыздың айтарлықтай оң әсері мен үлесі болғаны сөзсіз.

2016 жыл ЕАГИ үшін ерекше маңызды болды, өйткені біз өзімізді институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу шеңберінде таныта алдық, бұл, менің ойымша, үлкен командалық жұмыстың жетілу көрсеткіші мен нәтижесі болып табылады. 2016 жыл ел үшін оның тарихи дамуындағы өзгешелікке толы кезең болды, халқымыз бірлігінің, ұйымшылдығының және мықты рухының арқасында экономикалық дамуға, азаматтық келісімге қол жеткізді. Қазақстан Мемлекет басшысының Бес институционалдық реформасында белгіленген мемлекеттік құрылыстың сапалы жаңа кезеңіне қадам басты. Ұлт Жоспарының базалық векторы жалпы ұлттық патриоттық «Мәңгілік Ел» идеясы болды, оның мәні – әлемнің неғұрлым дамыған 30 мемлекетінің қатарына ойдағыдай қосылу үшін Болашағы Біртұтас Ұлт қалыптастыру. Осынау қазақстандық Ұлы мұратқа халқымыздың ерен еңбегімен, терең әрі пайдалы, тиімді ғылыми-біліми жетістіктерімен қол жеткізетініне кәміл сенеміз.

Құрметті конференцияға қатысушылар, қонақтар мен әріптестер!

Конференцияның барлық қатысушыларына және қонақтарына біздің институтымызға уақыт тауып келгендеріңіз үшін зор алғысымды білдіремін! Сіздердің ғылыми-педагогикалық ізденістеріңіз бен қызметтеріңізге үлкен жетістіктер тілеймін! Конференция жұмысы табысты болсын!

*Қ.Ә. Ахметов
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Еуразия гуманитарлық институтының оқу және
ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры,
Астана қ. (Қазақстан)*

ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕҢ ҚАСИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ

Түсіне білген адамға Тәуелсіздік – кез келген халықтың қолы жете бермейтін ең қасиетті құндылық. Тәуелсіз ел ғана өз мемлекеттілігін нық орнықтырып, ұлттың рухын асқақтата алады.

Тәуелсіздік – бұл азап пен төзімнің, халықтың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған шыдамының өтеуі. Тәуелсіз елдің ең басты тұғыры қоғамның, сол мемлекеттегі жергілікті ұлттың рухы, жігері, қоғамдық санасы емес пе?

Сан ғасырлық отандық тарихымыздың қайнар бастауында әрдайым Тәуелсіздік деген қасиетті ұғымның шоқтығы биік тұратыны белгілі. Өткендегі және бүгінгі тарихқа зер салып үнілсек, Қазақ елінің азаттығы үшін арпалысқан ұлы тұлғалардың бар арман-мақсаты – ұлттық мемлекетімізді құру болғанын көреміз. Тіпті, сонау көне дәуірдегі ел бірлігін ойлаған көк түріктің даңқты қолбасшысы Білге қағанның «Түркі халқы үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Жалаңаш халықты киімді, жарлы халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым» деген өз өсиетін мәңгілік тасқа қашатып қалдыруы тегін болмаса керек. Ал одан бергі тарихымыздағы Алаш арыстарының аңсаған арманы, көздеген мақсаты тағы да осы тәуелсіз Қазақ мемлекетін құру болды емес пе? Қысқасы, киелі тәуелсіздік ұғымы неше ықылым заманалар өтсе де ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, жаңағы Білге қағанның өсиеті болып тасқа түсіп, ертедегі (хандық дәуірдегі) батырлық жыр-дастандары, сондай-ақ алдаспан ақынымыз Махамбеттің отты өлеңдері болып өрілді, кешегі Әлихан, Ахмет, Міржақыптың хаттары болып тарихқа қатталды. Тәуелсіздік – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында алаңға шыққан жастардың ерік-жігері, ең алдымен барша қазақстандықтардың арман-мұратының салтанат құруы.

Тәуелсіздік деген, жалпы дүниеде теңдесі жоқ, тәтті сөз. Бірақ оның оңайлықпен келмейтіні түсінікті. Тек, ХХ ғасырдың 90-шы жылдары ғана әлемдегі алып империяның бірі – Кеңес Одағы ыдырап тараған тұста, тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың басшылығымен ежелден егемендікті көксеген ата-бабаларымыздың сол арман-тілегі, мақсат-мүддесі алғаш жүзеге асып, Қазақстан тәуелсіздікке ие болды.

Қазір тәуелсіз Қазақстан әлем танып, мойындаған саяси-экономикалық даму қуаты күшті іргелі мемлекетке айналды. Сондай-ақ ел игілігіне, мемлекеттігімізді нығайтуға қатысты қыруар келелі істер атқарылуда. Ең бастысы, қазақ даласының төрінде тәуелсіздіктің нышанындай болып елордасы – Астана қаласы бой түзеді. Астана қаласы жаңа ғасырдағы жаңғырған Қазақстанның, тәуелсіз мемлекетіміздің жасампаздық істерінің жарқын белгісіндей болып тарихта мәңгілікке қала бермек.

Ал енді осы тәуелсіздік алуымызбен бірге бүгінде әлемдік нарыққа экономикамыз қайта құрылып, жаңарған Қазақстанның жаңа өмір кезеңдері, тіпті керек десеңіз, жаңа тарихы жасалып жатқанын ашық айтуымыз керек.

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның бүгінгі құдіретті күші ел бірлігінде, ұлттар татулығында жатыр. Қазақстан халықаралық қауымдастықта маңызды әрі құрметті мүше болды. Қазақстанның даму моделі аймақтағы ең сәтті әдіс ретінде посткеңестік кеңістікте танылды. Елде тыныштық пен бейбітшілік салтанат құрып, көпұлтты және көпконфессиялы қоғамды шашау шығармай мемлекеттілікті сақтап тұру деген үлкен жетістік.

Сан түрлі кедергілер мен ауыр сындарға қарамастан, еліміз тәуелсіздігінің әрбір қадамы қай кезде де біздің жүрегімізді айрықша толқынысқа бөлейді, кеудемізді мақтаныш кернейді. Бұл – шынайы сезімді өзінің туған Отанының патриоты мен тек оның еркін азаматы ғана сезіне алады. Біздің мемлекет символдық мәні бар шептен әрі асып кеткелі қашан. Қазақстан үшін жиырма бірінші ғасыр тарихының парағы парасат пен пайымға толы. Ең бастысы, Мемлекет басшысы нақтылаған «Қазақстан - 2030» стратегиясының мақсаттары мен міндеттерін ойдағыдай жүзеге асырды. Ата заңымыздың арқасында еліміз либералды демократиялық даму жолына түсті. Сонымен қатар, ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылыққа негізделген сенімнің биік деңгейі сақталып отыр.

Қазір мемлекетіміздің басты ұстанымы азаттықтың мән-мағынасын нақты іспен толықтырып, бекіте түсу. Әлемдік экономикалық дағдарысқа қарамастан елдің әлеуметтік дамуында ілгерілеу бар. Біз өнеркәсіптің негізгі көрсеткіштерінің даму қарқынын сақтай алдық. Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын қабылдау негізінде газ-мұнай өңдеу саласындағы жағдай жақсара түсуде. Ауылшаруашылығы мен металлургия салалары тұрақты дамып келеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бюджетті үш жылға жоспарлау жүзеге асуда. Сөйтіп, елді дамытудың әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерін және республикалық, жергілікті бюджеттер жоспарларын тиімді бөлудің ережелері бекітілді. Біз демократиялық жаңа қоғам құру үстіндеміз. Көп нәрсені өз басымыздан өткеріп, көп нәрсені үйреніп жатырмыз. Қазақстанда саяси тұрақтылық пен ұлтаралық татулық берік сақталған. Бұл қадамды билік пен қоғам бірігіп жасап отыр. Президенттің белсенді сыртқы саяси қызметінің арқасында, еліміз тұтас Еуразия құрлығында тұрақтылықты сақтау жолында шешуші рөл атқарып отыр. Мұны біздің халықаралық деңгейдегі барлық стратегиялық әріптестеріміз мойындады.

Қазақстанның жаңа тарихының беті ашылғанына жиырма бес жыл. Осы кезең ішінде не тындырдық? 25 жылда жеткен жетістіктеріміз қандай? Себебі тәуелсіздік тек сөзбен емес, іспен де жүзеге асырылатын дүние. Биыл осы сұрақтарға жауап беретін, өткен жылдарға қорытынды жасап, Мәңгілік Ел болуға бекінген мемлекетіміздің бүгінгі мен келешегі туралы ой толғайтын еліміздің есепті жылы десек, қателеспейміз. Осы орайда, 2015 жылғы 30 қарашадағы халыққа арнаған Жолдауында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіз мемлекет атанғанымыздың 25 жылдығына аяқ басқалы тұрғанымызды айта келіп: «Бұл – тәуелсіздікті нығайту жолындағы өлшеусіз еңбегіміздің ширек ғасырлық белесін қорытындылайтын мерейлі сәт. Тәуелсіздікті баянды ету оған қол жеткізуден де қиын. Мемлекеттігіміздің тұғырын мызғымастай нығайта түсу үшін бізге әлі талай өткелі күрделі, өкпегі көп бұралаң жолдардан өтуге тура келеді», - деп алдағы кезеңде кездесетін сын-қатерлерден мүдірмей өтуге шақырды.

Өткенге көз жіберсек, сөз жоқ, ауыз толтырып айтар жетістіктеріміз бар. Басты байлық жай ұлттық мүдде емес, ол жеке азаматтардың мүддесі мен қажеттілігі болып табылады. Бүгінгі таңда экономикалық саясаттағы тиімділік барлық халықтың ауқаттылығымен өлшенуі тиіс. Сондықтан біздің стратегиялық міндетіміз ең бірінші тұрғындардың өмірінің сапасы мен тұрмыстық деңгейін көтеру болып табылады. Тәуелсіздік сияқты ұлттық мерекені бүгінгі жастарымыз жанындай сезінуі керек. Өйткені, жастар жасампаздықты жалғастырушылар. Олардың алдында осыдан жиырма бес жыл бұрын басталған Жаңа Қазақстанның болашақ шежіресін жазу міндеті тұр. Жастар – экономиканы, ғылымды, мәдениетті көтеріп, дамытуы тиіс. Қазір біздің мемлекетіміз не істесе де, не атқарса да – бәрін ел болашағы жастарға арнап жатыр. Демек, бүгінгі жас ұрпақ туған Отаны Қазақстан оттан да ыстық екендігін білулері тиіс. Өткен 25 жыл елес емес, ол – ұлы белес. Тәуелсіздік – ту, тәуелсіздік – ауа, жер, су, тәуелсіздік – ел дәулеті. Олай болса, Тәуелсіз тудың астында тәуелсіз күн кешуді сезінуден артық бақыт бар ма. Айталық, дағдарысқа қарамастан Елбасы «100 мектеп, 100 аурухана» мемлекеттік бағдарламасын қабылдап, оны жедел түрде жүзеге асыруға тапсырма беруі – елдің ертеңі үшін жасалынып отырған игілікті шара.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың көрегендігімен дер кезінде жүзеге асырылған саяси-экономикалық реформалардың арқасында еліміз тұралаған экономиканы түзеп, тығырықтан шықты. Қазақстанда шұғыл бетбұрыс 1995 жылдан басталды. 1999 жылы ішкі жалпы өнімнің өсуі 2 пайызға өссе, бұл көрсеткіш 2000 жылы 9,6 пайызға бір-ақ көтерілді. Сөйтіп, 2000 жылдың басында Еуропа қауымдастығы, ал 2002 жылы АҚШ тарапынан Қазақстан нарықтың экономикасы қалыптасқан ел ретінде танылды. ТМД елдерінің арасында бірінші болып, зейнетақы реформасы, банк салымдарын кепілдендіру жүйесі жасалды. Ескі жүйені қирату алғашқы жылдары мемлекеттік бюджеттің өте үлкен сәйкессіздіктеріне соқтырды, Айталық, 1991 жылдың бюджет тапшылығы 20 пайыздан артық болды. Біз өз жолымызды таңдадық, ол ұлттық валюта енгізуді көздеді. Қазақстан бұл іске бұрынғы Одақ елдерінің ішінде соңғысы болып барды. Оның себебі, басқаларға қарағанда Ресеймен экономикалық байланысымыз берік орныққан болатын. Сөйтіп, 1993 жылғы 15 қарашадан бастап біз экономикалық тәуелсіздіктің аса маңызды нышаны – ұлттық валютамыз теңгеге ие болдық.

Қазақстан – көмір өндіретін ел ретінде әлемге әлдеқашан танылған. Республикамызда көмір қоры 35,8 миллиард тоннаны құрайды. Бұл – жалпы әлемдік қордың 3,6 пайызы. Ал, ТМД елдері ішінде көмір қоры мен оны өндіру бойынша Қазақстан Ресей мен Украинадан кейін үшінші орын алады. Қазақ жерінде дүниежүзіндегі темір рудасының шамамен 8 пайызы, уран қорының 25 пайызы бар. Мұнайдың барланған қоры бойынша Қазақстан әлемде 12 орын алады. Міне, осыншама жер байлығы ата-бабамыздан қалған туған халқымыздың игілігі.

Елбасы экономикалық жүйенің қалыптасу кезеңінде инвестициялық саясатқа айрықша мән берді. Сондықтан, шетелдік инвестицияларды тарту негізгі бағытқа айналды. Сөйтіп, Қазақстанда ел экономикасына қаржы ресурстарын тартуды жандандыру үшін институттық және нормативтік-құқықтық алғышарттар жасалынды. Мәселен, инвестициялар туралы арнайы заң қабылданды. Қосарланған салық салуды болдырмау туралы бірқатар үкіметаралық келісімдер жасалынды. Міне, осыдан кейін барып еліміздің мұнай-газ саласына инвесторлар ағылып келе бастады. Соңғы отыз жылда 11 миллиард баррель деп бағаланған аса ірі Қашаған кен орнының ашылуымен, Қазақстан мұнайдың барланған қорлары бойынша әлемде жетекші орындардың біріне шықты. Жалпы тәуелсіздік жылдарында Қазақстанға 255 млрд доллар тікелей шетелдік инвестиция тартылған. Бұл Қазақстан мен Қазақстандағы реформаларға деген үлкен сенімді білдіреді.

Біздің еліміздің негізгі мемлекеттік мақсаты – Конституциямызбен бекітілген: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады: оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» делінген. Демек, қоғамда тұрақтылықты, татулықты қалыптастырып, елдің тұрмыстық әл-ауқатын жақсарту күн тәртібіндегі басты мәселе болып қала бермек.

Тәуелсіздік жылдары 650-астам жаңа мектеп пен ондаған денсаулық сақтау мекемесінің пайдалануға берілуі де, елдің болашаққа деген сенімін арттыра түскендей. 2009 жылы Қазақстан білімді дамыту индексі бойынша әлемдегі 129 елдің арасында бірінші орынға шықты. Міне, мұндай жетістіктерге тәуелсіздігіміздің арқасында қол жеткізіп отырмыз.

Біз қазір шын мәнінде дербестігімізге даңғыл жол ашып, азат ойлауды қалыптастыру жолындамыз. Елбасының салиқалы саясатының арқасында Қазақстанды бүкіл әлем таныды. 2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі Қазақ елінің дүниежүзі қауымдыстығы алдындағы беделін биіктете түсті.

2012 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан–2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы еліміздің жасампаздық жолын жалғастырудың басым бағыттарын айқындап берді. Қуатты да табысты мемлекет құрудағы түрлі әлеуметтік, этностық және діни топтардың келісім мен татулығы, ұлттық экономика, ядролық қаруды таратпау, жаңа кадр саясаты, бюджет, салық, ақша-кредит, тағы да басқа басым бағыттар нақтыланған болатын. Тұңғыш рет «Мәңгілік Ел» идеясы ұсынылды. Елбасы елімізді дамыған 30 елдің қатарына қосу бастамасын көтерді. Ендігі жерде еліміз жұрт болып жұмылып, ұлт болып ұйып, халық болып топтасып, осы міндетті іске асыру үшін еңбек ету жолында.

«Сөздің ең ұлысы - тарих» деген еді ұлт ұстазы кемеңгер Ахмет Байтұрсынұлы. Ал Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының «Өз тарихын сыйламаған – өзін де сыйламайды» деген сөзі бар. Осы ретте, өткен күндерге көз жүгірте отырып, қандай белестерден өткенімізді көріп, оның құндылығын, мәнін терең сезіне түсеміз. Сайып келгенде жоғарыда айтылған ой-толғамдардың, дербес мемлекет болып шаңырақ көтеріп, егемен ел ретіндегі өркендеудің бастауы ел Тәуелсіздігі деген қасиетті ұғымға келіп тірелетіні анық.

Тәуелсіздік – ол ұлттық мемлекеттілік, оның тамыры – жасампаздық рух, ұраны – ел мен халық. Олай болса, өміршендік пен кемелділік аясында өмір сүріп, бейбітшілік, татулық туын биікке көтерген Қазақстан халқы жаңа әлемнің жасампаздығына, жақсылықтарына ұмтыла бермек.

Н.Ж. Шаймерденова
доктор филологических наук, профессор,
заместитель директора Образовательного центра
г. Астана (Казахстан)

НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН XXI В.: КВАДРИУМ И ФОРМИРОВАНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЛИНГВИСТИЧЕСКОЙ ШКОЛЫ

Данная статья посвящена проблемам, связанным с трансформацией общества на рубеже веков, процессам формирования национальной школы, укрепления фундаментальной теоретико-методологической базы исследования, сменой метаязыкового континуума и научного сознания в соответствии с требованиями нового времени и соблюдения «принципа развития государственного языка как основы консолидации общества, трехязычия как главного условия конкурентоспособности Нации» [1]. Статья представляет собой экскурс в историю формирования национальной школы и постановку теоретических и практических проблем языкознания, которые возникают в различные периоды языкового развития, в том числе историографические и социолингвистические аспекты. Тема это также была продиктована апробированным в течение многих лет специальным курсом, который прочитан мною и который я продолжаю читать в Казахском филиале МГУ имени М.В. Ломоносова – «Казахстанская русистика». Данная дисциплина позволяет студентам не только ознакомиться с трудами казахстанских ученых, но и овладеть навыками проблемного анализа научных исследований в условиях становления и развития нового независимого государства и интенсивно меняющихся научно-образовательных парадигм. Все это позволяет значительно расширить понимание, статус, место и роль казахстанской лингвистики в целом для отечественного и мирового языкознания.

Экскурс в историю размышлений над квадриумом «возраст–личность–наука–преподавание». Особое внимание в эпоху перемен следует обращать на национальные школы, направления, научные открытия и воззрения ученых через научно-исследовательские работы «века прошлого» и «века настоящего». При этом важно выявление роли и места ученого, его философско-мировоззренческих позиций в лингвистической науке. Все это мы наблюдаем в результате проведения рамочного симпозиума «Эпоха и личность», проводимого Научно-экспертным советом АНК совместно с членами КазПРЯЛ и Казахстанской ассоциацией выпускников российских (советских) вузов. Думаю, что только осмысливая данный квадриум, мы сможем объективно рассмотреть многие лингвистические вопросы в процессе анализа всех изменений, происшедших за последние 25 лет в контексте полиязычного и поликультурного общества. Началом этого осмысления стал поиск интереснейших процессов, связанных с именами таких выдающихся людей, как: С.П.Капица с его последней статьей, где он утверждает: «Мы живем при таких-то обстоятельствах, и надо принимать и понимать эти обстоятельства» [2], Пифагор с его «Золотыми стихами», Д.Селинджер с его запоминающимися цитатами, например, «*Лучше бы некоторые вещи не менялись. Хорошо, если б их можно было поставить в застеклённую витрину и не трогать*», А.Ф. Лосев, читавший в свои 90 лет редкий курс по Сравнительно-исторической индоевропеистике, обучая аспирантов древнегреческому и латинскому языкам и мн. др. Именно жизнь и труды этих и других выдающихся людей прошлого стали образцом культурной, языковой и научной этики, наполнены открытиями, осмыслением и доказательствами. Поэтому важно начать свои поиски с обращения к его величеству – Persona, и через жизнь и труды известных личностей посмотреть на все происходящее в мире и понять, существенен ли возраст для вдохновений, науки и для профессии педагога, нарушены ли структурно-логические схемы в преподавании

лингвистических дисциплин, каким должна быть личность преподавателя и Учителя, что необходимо сделать для того, чтобы вновь поднять престиж ученого и учителя, воспитателя, какое наследство получит новое поколение через 25 лет, что истинно и что ложно, где совершены ошибки, можно ли их исправить? XXI век дает ответы на многие из этих вопросов, стоит только внимательнее посмотреть вокруг. И, конечно же, подумать над тем, что происходит в современном образовании, как адаптироваться и как понять все те изменения, которые «на цыпочках» преподносит нам судьба через науку, нормы поведения, этикета ученого, писателя и преподавателя, смену образовательных парадигм. Все эти вопросы последовательно будут еще подняты в ряде статей, однако сейчас мною предпринята попытка ответить на важный вопрос, связанный в целом с современной эпохой. И здесь возникает главный вопрос: что представляет собой уже наступивший и столь интенсивно продвигающийся век? Какие эпитеты существуют для характеристики этого века, и каким образом встраиваются наука, преподавание, обучение, профессия учитель в школе и преподаватель вуза в этот уже посткомпьютерный век, который стал для нас особенно стрессовым и вместе с тем вселяющим надежды на позитивные общественные трансформации и качественные изменения.

Не останавливаясь на всех отрицательных характеристиках, которые в изобилии представлены в средствах массовой информации, мы вспомним главное: именно в этот век, слово «Интернет» стало постепенно входить в наш лексикон и превращаться из диковинки в очень удобный и наиболее быстрый способ получения любой информации. С этого момента изменилось все в нашей жизни: язык и стиль общения, возможности получения разнообразной информации, открытость границ, расширение кругозора, эффективных достижений при умелом использовании Интернета.

Как известно, XXI век – промежуток времени с 1 января 001 года по 31 декабря 2100 года по григорианскому календарю. Первый век третьего тысячелетия. И мы прекрасно помним вхождение в него: страх и ожидание чего-то нового, трепет и устремленность, опасения и надежды.

Обратившись к поисковой части интернет, мы обнаружим, что этот век называют веком неограниченных возможностей, высоких технологий, интеллектуального поколения, века знаний, наукоемких производств. Также называют эпохой глобализации, инноваций, полиязычия, мультикультуризма. Не успев войти в наш быт компьютеры, уже становятся архаизмом, на смену появляются новейшие технологии в виде айфона со множеством функций, айпадов, планшетов, и уже появляется новый эпитет – посткомпьютерная эпоха, твой друг Сириус в айфоне, которому можно задать любой вопрос и тут же получить ответ. Также этот век называют фантастическим, уникальным, чудесным, полиэтническим, веком глобального кризиса. И, благодаря Интернету, мы сразу находим новые трактовки слова «кризис» и, чтобы мотивировать себя, находим в китайском языке (кит. 危机 wēijī – «вэйцзи») новое значение, включающее, согласно мнению исследователей, сочетание двух иероглифов: «опасность» и «возможность», называем этот век – Веком новых возможностей.

Вступив в новую эру, мы вновь задаем множество вопросов: как еще можно охарактеризовать этот век? Как изменилось сознание современного человека и что думаем мы по этому поводу? Обратимся к некоторым цифрам, представленным в электронных ресурсах: 1 января 2001 года – начало третьего тысячелетия; 2001 год – официальный запуск Википедии (точнее английского ресурса, после которого в разные годы запускается русская и казахские версии), 4 февраля 2004 года – создание крупнейшей социальной сети Facebook; 5–21 августа XXXI летние Олимпийские игры (Рио-де-Жанейро, Бразилия), и для нас знаменательная дата – 2017 год, когда в состоится всемирная выставка ЕХРО. Все эти события оказывают на языковое развитие, и их также необходимо описать. Но еще остаются нереализованные мечты о том, что совсем скоро в 2060 году будут опубликованы рассказы Джерома Дэвид Сэлинджера через 50 лет после смерти Джерома Дэвида Сэлинджера: после 27 января 2060 года будет напечатан неопубликованный

рассказ «Океан, полный шаров для боулинга» «The Ocean Full of Bowling Balls». Как известно, Д.Сэлинджер последние годы жил в своем доме, вел закрытый образ жизни и в интервью признался, что продолжает активно работать над новыми текстами, но отказ от публикации написанного приносит ему душевное спокойствие. Долгие годы его произведения были тайной. При этом произведение «Полный океан шаров для боулинга», представляющее собой своеобразную предысторию романа «Над пропастью во ржи», в настоящее время хранится в библиотеке Принстонского университета. Согласно условиям пожертвования, который Сэлинджер сделал университету, может быть опубликован не раньше 2060 года. Но вместе с тем, уже в 2013-м текст этого произведения, а также рассказы «Именинник» и «Паола» появились на одном из файлообменников, нарушив завещание великого писателя, поэтому фрагменты его можно прочесть в интернете. Однако, чтобы увидеть рукопись, нужно иметь на руках несколько разрешений, выдается текст в специальной комнате и читается за закрытыми дверями [3]. И, возможно, уже в этом веке, благодаря усилиям лингвистов, переводчиков, мы сможем прочесть и анализировать его рассказы, попытаюсь понять, почему великий поэт решил так долго хранить молчание. Что он из глубины эпох увидел в нашем XXI веке? И что мы видим сегодня? В частности, мы лингвисты, учителя школ, преподаватели вуза – все те, кто являются хранителями древностей, базовых ценностей, научной и преподавательской этики, обладающие даром связывать сохраняя традиции, внедрять инновации.

Новая эпоха начинается с создания нового независимого государства, сопровождающегося глобализационными, геоинформационными, техногенными и трансформационными процессами, которые вполне закономерно отражаются в образе мышления и стратегии поведения человека, создании национальных школ и смены образовательных парадигм.

Возникновение на рубеже веков новых междисциплинарных направлений в лингвистике, политика трехязычия в Казахстане, как следствие, обновление содержания образования, способствующее изменению подходов в обучении, введению новых учебных дисциплин, осмыслению опыта предшествующего поколения ученых и созданию инновационных методик происходит на фоне расширения диапазона мышления обучающегося, критического отношения, установления важных научных знаний, развивающихся в унисон с вызовами времени, общества и меняющихся парадигм.

Обратимся к методологическим вопросам, позволяющим установить влияние геополитического и геоинформационного факторов на развитие лингвистики. Представленная в названии тема охватывает следующие основные проблемы, характерные началу XXI века:

- трансформация общества и последовавшая за этим смена научного сознания в соответствии с требованиями времени;
- формирование национальных школ и создание теоретико-методологической базы исследования, метаязыкового континуума с уточнением и смены научного сознания исследователей;
- разработка потенциально нового курса – «Казахстанская русистика», связанного с критико-обобщающим осмыслением прошлого и настоящего национальной школы в условиях меняющихся научных и образовательных парадигм и позволяющего значительно расширить понимание, статус, место и роль Казахстанской лингвистики в целом для отечественного и мирового языкознания.

Проблемный анализ работ позволил нам определить несколько моментов развития содержания казахстанской русистики, формирование которой пришлось на сложное время перемен в новых геополитических условиях и меняющихся научных парадигм:

- важность постановки различных исследовательских задач;
- выбор методологии исследования;
- выработка специфического способа решения задач и достижение необходимого результата;

- этикет ученого-лингвиста;
- наука и лженаука в современном пространстве: состоятельность тех или иных лингвистических гипотез и предположений.

Отмечаемое в этом году 25-летие Независимого Казахстана –это еще и свидетельство языкового развития, связанного с изменением статуса титульного этноса, что естественно повлекло за собой ряд изменений в языковом строительстве, исследовательской парадигме, в процессах обучения языкам в рамках одного государства. За этот период наблюдалось неоднократное изменение, начиная с апробации 12-летнего образования, введения трехязычного обучения и до обновления содержания учебных программ и учебников, что, естественно, проходит в достаточно сложных дискуссионных условиях: от неприятия к признанию, от критики к конструктивному решению. Стремительно меняется время, общество, научно-исследовательские парадигмы, система обучения и, естественно, неизбежны изменения как в подборке текстов для обучения и выбора методики обучения в школе и вузе. Включенность в общие мировые процессы и создание общественной организации «Казахстанская ассоциация преподавателей русского языка и литературы», которые стали полноправными членами МАПРЯЛ и стали представлять собой с каждым годом все увеличивающуюся делегацию из Казахстана. Активизация участия казахстанских лингвистов в серьезных международных форумах способствовала профессиональному росту и значительно расширила исследовательские перспективы. Хотелось бы показать динамику и успешность участия казахстанской делегации в Форумах МАПРЯЛ, что позволяет судить об уровне казахстанской русистики и признания ее на международном уровне. Например, на первом Конгрессе МАПРЯЛ 7–9 сентября 1967 года в составе советской делегации не было представителей из Казахстана. На IV Международном конгрессе МАПРЯЛ «Теория и практика преподавания русского языка и литературы. Роль преподавателя в процессе обучения» 13–18 августа 1979 года в Берлине (тогда еще Германская Демократическая Республика) в составе 1869 делегатов из 65 стран мира, и в составе делегации из Советского союза была учитель-русист Р.Б. Нуртазина, которая на этом конгрессе в честь 10-летия МАПРЯЛ была награждена Медалью Пушкина. Долгие года только Р.Б.Нуртазина представляла Казахстан, и лишь на VIII Международном конгрессе МАПРЯЛ «Русский язык и литература в современном диалоге культур» 22–26 августа 1994 года в Регенсбурге (Германия) новый независимый Казахстан был представлен тремя делегатами – Э.Д.Сулейменовой, А.К.Шаяхметовой, Н.Ж.Шаймерденовой. Активизация участия казахстанцев в столь высоких международных форумах также способствует профессионализации и расширению международного сотрудничества. Участие казахстанской делегации на XIII КОНГРЕССЕ МАПРЯЛ «Русский язык и литература в пространстве мировой культуры», который проходил 13–20 сентября 2015 г., г. Гранада, Испания, было самой многочисленной после Российской делегации, Казахстан был представлен 30 делегатами из различных городов и вузов. Эта динамика свидетельствует о высоком профессионализме и финансовых возможностях казахстанцев, многие из которых приехали за счет грантов, выделенных на проекты МОН РК. Участники форума представляют свое государство на форуме столь высокого уровня, обмениваются опытом и исследовательскими достижениями. Решающим фактором развития казахстанской лингвистики становится предложение, поддержанное Президиумом МАПРЯЛ, касающееся проведения следующего конгресса (в 2018 году) в Астане, которое, мы надеемся, уже в ближайшее время будет определено на государственном уровне.

Методологические подходы ученых в сфере исследования казахстанской русистики. Важным для Казахской национальной школы, в частности русистики, является осмысление и внедрение современной теоретико-методологической базы. Данная особенность, в первую очередь, проявилась в комплексном анализе тем исследования, материалов и источников с позиции верификации данных и выявления перспектив исследования и в контексте полиязычия.

Особое внимание следует обращать на тему, которая, как правило, строит дерево целей, учитывающее ответы на вопросы: – «Зачем? Для чего и как?». К. Поппер выделил три, взаимнопереходящих один в другой мира: мир–1 – регистратор (рецепторы), мир–2 – посредник (классификатор, первичный анализ данных), мир–3 – обработчик данных, имитатор процессов (создатель теорий). При разработке проблемы мир–3 активно вторгается в мир–2, и особенно мир–1. Между мирами 1 и 2 существует психофизическая проблема (по Попперу) [4], обусловленная нашим восприятием окружающей действительности, т.е. 1 и 2 миры не могут оценивать сами себя (отсутствует рефлексия). Рефлексия возникает, как результат взаимодействия между ними и мир–3. Самый сложно устроенный мир – это мир–3. Два первых мира спокойно могут существовать в одном человеке, то для развития мира–3 необходимо общество, то есть, мир–3 – это метаязык науки (система дефиниций, терминология), который исторически сложился, и который сам может являться источником проблем. Мы активно взаимодействуем именно с мир–3, и в итоге проведенное исследование становится его частью. От того, насколько этот мир, включающий создателей тех или иных теорий, а я бы уточнила хранителей культурного наследия и людей, транслирующих тот или иной опыт через призму истинности суждений и осмыслений, научным с соблюдением базовых ценностей и отрицанием лженауки, соблюдением научного этикета, – будет зависеть будущее науки, а в нашем случае будущее лингвистической науки в целом, и, русистики, в частности. И здесь даже систем плагиат не поможет, поскольку мы все еще находимся в том пространстве, где, к сожалению, уникальное лингвистическое наследие не оцифровано, не переведено, не стало достоянием общественности. Например, труды Л.П.Ефремова, Л.Ланды, Е.Н.Шиповой, Х.Х. Махмудова, А.Е.Карлинского (кандидатская диссертация, связанная с анализом верхненемецкого языка), Т.Мадзигон, А.С.Аманжолова, К.Омиралиева и многих других. Благодаря представителям национальной лингвистической школы, мы можем увидеть рефлексию общества, проанализировать результаты исследования, в ретроспективе и перспективе увидеть развитие национальной школы.

Согласно К.Р. Попперу, одна из центральных нерешенных проблем человечества: «Как происходит рост наших знаний?». В упрощенной форме К. Поппер дает такое решение: P1 – ТТ –ЕЕ – P2. При этом P1 обозначает проблемы, которые встают в самом начале исследования. Эти проблемы могут быть как практическими, так и теоретическими. ТТ (англ. tentative theory – теория, возникшая из опыта) – некоторая пробная теория решения проблемы. ЕЕ (англ. errore limination) – это устранение ошибок путем проверки теории в эксперименте, или критической дискуссии. P2 – проблема, образовавшаяся после устранения ошибок в результате экспериментов, дискуссий.

Изменения, наблюдаемые на всем постсоветском пространстве в новых геополитических условиях, приводят к переосмыслению ключевых понятий и самого процесса формирования новой историографии лингвистической науки. Это связано с тем, что начало XXI века ознаменовалось возникновением национальных школ и направлений со всеми позитивными и негативными процессами, характерными для столь сложного периода. Новая историография русистики в Казахстана все еще не дает наиболее полного представления о множестве течений и направлений, возникающих в лингвистической науке; способах взаимодействия отечественной и зарубежной историографии; истоках возникновения национальной школы. Актуальные проблемы и тенденции развития казахстанской лингвистики за последние двадцать лет были представлены в публикациях Э.Д.Сулейменовой, З.К.Ахметжановой, Н.Ж. Шаймерденовой [5], в которых на основе анализа и обобщения результатов работ исследователей в области русского, сопоставительного и общего языкознания, а также лингводидактики наглядно продемонстрировано, что казахстанское языкознание развивается адекватно парадигме мировой лингвистики.

Таким образом, XXI век характеризуется глобальными изменениями, связанными с геополитической ситуацией, новыми геоинформационными и технологическими

изменениями, трансформацией общества и сменой научного сознания в соответствии с требованиями времени. В этот период начинают формироваться национальные школы, и создается мощная методологическая база исследования, уточняется метаязык исследований, презентация достижений результатов казахстанских русистов позволят пополнить базу данных мировой лингвистики.

Каким будет дальше этап развития науки в целом и, в частности, казахстанской русистики в течение всего XXI века, покажет время и консолидирующая сила ученых, которая является центробежным источником развития любого научного направления. Готовы ли мы принять вызовы XXI века, можем ли мы, устранив все лженаучные трактовки, нарушение этикета ученых, сохранить родные языки, национальные школы или эпоха глобализации поглотит их – все это решаем мы сегодня, пытаюсь внедрить инновации, расширить научное пространство и устранить недостатки. При этом важно помнить еще один эпитет, который не был назван в начале данной статьи: XXI век – это еще и век парадоксов. Один из них ярко охарактеризовал британский футуролог Рэй Хэммонда: мы до сих пор не понимаем, как работает человеческий мозг, и при этом стремимся создать искусственный интеллект, чьи возможности были бы тождественны нашему мозгу. Но если мы не понимаем первого, то второе нам и недоступно. Это парадоксальная ситуация» [6]. Поэтому ближайшая задача всех нас понять, что происходит сейчас в научной и образовательной парадигме, и каким образом можно устранить те недостатки, которые буквально «прорываются» в нашу современную жизнь.

Литература

1. Мәңгілік ел– Патриоттық акт/Патриотический акт– Мәңгілік ел.–Астана, 2016.
2. Электронные ресурс [Режим доступа]: <http://mix.tn.kz/mixnews/poslednyaya-statya-s-p-kapitsyi-statya-slishkom-horosha-o-299188>
3. Электронные ресурс [Режим доступа]: <http://golubchikav.ru/2013/12/ocean-polnyj-sharov-dlya-boulinga-neizdannij-rasskaz-selindzhera/>
4. Поппер К.Р. Знание и психофизиологическая проблема: В защиту взаимодействия. – М.: Изд-во ЛКИ, 2008. – 256 с.
5. Сулейменова Э.Д. Актуальные проблемы казахстанской лингвистики: 1991–2001 гг., Издательство: Алматы: «Арыс», 2001 г.–81 стр. Сулейменова Э.Д. «Казахстанская лингвистика: 1991–2001» на конференции МАПРЯЛ «Русский язык в социально-культурном пространстве XXI века» (Алматы, 2001); Русский язык и литература в XXI веке: теоретические проблемы и прикладные аспекты: Международный конгресс, посвященный Году русского языка / Отв. Ред. Н.Ж.Шаймерденова. – Астана, 2007. – 460 стр.; Казахстанская русистика в лицах. Составитель Е.А.Журавлева –ИД «Сарыарка», Астана, 2009. 250с.; Казахстанская лингвистика на рубеже веков: docendo discimus Festschrift in honore professor N. Shaimerdenova. Коллективная монография. – Астана: Фолиант, 2013. – 209 с.
6. Электронные ресурс [Режим доступа]: http://theory and practice.ru/posts/7766-hammonds_future

J. Tofantšuk, PhD
Associate Professor of British Literature
Tallinn University, Estonia

THE ROLE OF MULTICULTURAL LITERATURE IN ENGLISH LANGUAGE TEACHING IN PRESENT-DAY CONDITIONS

The role of culture and literature in foreign language teaching is indisputable. Recent scholars (Kramersch 1993, Lazar 1993, Skopinskaja 2010) have pointed out the role of a foreign language instructor as a mediator between his/her own and target culture, communicated via the target language. Thus, foreign language acquisition is no longer limited to mastering grammar and vocabulary; it is indeed an acquisition of the culture of that language. As Kramersch (1993) insists, language and culture should not be dichotomized in FL instruction, where culture is viewed as an ambivalent ‘fifth’ skill (complementing the reading, listening, speaking and writing skills of linguistic instruction). In her view, culture should not be approached as ‘mere information conveyed by the language’ (Kramersch 1993, p. 9) but as a feature of language itself: ‘If ... language is seen as a social practice, culture becomes the very core of language teaching’ (ibid.). Indeed, it is through culture, and especially through literature that we reach for the deep nuances that are important for the speakers of that language as well as our successful communication with them. Lazar (1993, p. 11) emphasizes the role of literature in encouraging language acquisition, serving as a bridge to the target culture. But here’s the rub, as Shakespeare’s Hamlet would say, especially where speakers of present-day English are concerned.¹

With the wave of migration starting in post-WWII years, with Empire Windrush of 1948 and India’s Independence the year before, and continuing well into the 21st century with tempestuous political processes in Africa and Asia, present-day England is no longer a homogenous, white Anglo-Saxon society. Even less so is the present-day US, the ‘melting pot’ of nations in which the different cultures still refuse to melt. Instead of melting, they co-exist, intertwine, cross-fertilize and enrich one another and the general phenomenon we refer to as ‘the culture of today.’ Thus, if literary texts are the created world serving as that ‘core of language teaching’, these created worlds will not be those of Shakespeare or even Hemingway, Joyce or Greene, but the diverse worlds of Salman Rushdie, J.M. Coetzee, V.S. Naipaul, Monica Ali, Nadeem Aslam, Meera Syal, Andrea Levy, Zadie Smith, and Chimamanda Ngozi Adichie, to mention but a few. Let us note the gender balance in this random list: although the prestigious literary prizes are still male dominated², the present-day Anglophone literary scene is as densely populated by great women as it is by great men. Consequently, the previously stable categories of identity are being remapped, including such important aspects as ethnicity and gender.

Present-day cultural theorists, most notably Stuart Hall, Gayatri Spivak, Homi Bhabha, Edward Soja, have problematized the issue of subjectivity in representation of identity as a method of ‘othering’ of difference (Hall 1996, 2003). They have put forward the notions of ‘hybridity’ (Bhabha 1994, 2012) and ‘thirdspace’ (Soja 1996) as ‘an-Other way of understanding and acting’ (Soja 1996, p. 57) in present-day conditions, eschewing clear-cut divisions of objectivity/subjectivity, Self/Other, center/margin. Hall (2003, pp. 1-17) describes the mechanisms of constructing cultural identity as ‘pigeon-holing’, or identifying with only one category (gender, race, ethnicity, class, age, region, religion, etc.), erasing all other categories and ‘frontier effects’, while in fact a subject, be it a person in real life, writer or character in

¹In this article, I address the English language and the culture not in its global role as a *lingua franca*, but in the meaning of English as the first language, or the language of English-speaking countries, with a special emphasis on the UK and the US.

²Despite the unprecedented geographical and cultural diversity of Booker Prize winners of the past three years (Paul Beatty, US in 2016, Marlon James, Jamaica, in 2015, Richard Flanagan, Tasmanian/Australia in 2014), the list still falls short of women (or women like Ali Smith fall short of Booker).

fiction, can be a case ‘in-between’, belonging to several categories partially and to none exclusively and entirely. According to Hall, because we see exactly what we lack (after Lacan), the ‘difference’ may consist in failing to conform to a certain standard or cultural ideal, especially the ideal of stability. Because present-day culture is anything but stable, Bhabha’s notions of hybridity as impurity and ‘thirdspace’ become particularly helpful. According to Bhabha (2003, p. 54), a hybrid emerges from ‘partial culture’, which is ideally a connective tissue between cultures – that of his/her culture of origin and the present home culture (in the case of migrants or their descendants for instance). Being the ‘outside of the inside’ and ‘part of the whole’, this opens a space for negotiation and potential development, where ‘power is unequal but its articulation may be equivocal’ (ibid. p. 58). Consequently, a language instructor is not only a mediator between source and target culture, but is himself/herself a hybrid, a bridge or connective tissue to the target culture that is impure, partial, hybridized and thus more enriching and multi-faceted, and gratifying to study.

With this in mind, we may access literary and cultural texts written in English as representing variety, authentic cultural voices and overlapping stories – as opposed to ‘single stories’ that novelist Chimamanda Ngozi Adichie (b. 1977) warns against in a powerful speech she made at TED conference in 2009 (Adichie).

Starting with a personal history of reading and writing as a young child, Adichie stresses how vulnerable we are in the face of the story, particularly as children. Being always exposed to the same type of characters and narrative situations – of fair-skinned princesses who talk about weather and eat apples, and get rescued from high towers by fair-skinned princes in the nick of time – convinces the young reader that other types – ‘with kinky hair that cannot form a ponytail’ (Adichie) cannot exist in literature. Consequently, we are likely to continue in the same manner as adults – instructors and students – choosing texts for reading and teaching of ‘authentic English’ and ‘authentic English-speaking experience’, by exposing students to Dickens, Austen, The Brontës, Woolf, Stevenson, and McEwan – all great writers, but presenting only some facets of Anglophone culture. Whenever other cultures, for example, Africa, are addressed in this framework of underrepresentation of cultural differences, these would be referred to as stories of darkness, poverty, inadequacy, and pity. Adichie (ibid.) addresses the difficulty she had convincing her American publisher that the characters she was depicting in her own novels³ were ‘authentic’ – despite living in houses, driving cars, being educated and thinking, and having feelings ‘like you and me’, and concludes by advocating a more varied representation, in both writing and choice of reading and teaching material. Because people are complex, if we read and imagine only single stories, we are running the danger of misinterpreting people and, consequently, ourselves.

Несмотря на то, что в качестве признака радикализма приводится бескомпромиссность, т.е. крайность, тем не менее, термин «радикализм» не тождествен термину «экстремизм» в той же степени, в какой различаются между собой идеи и мотивируемые этими идеями действия. Кроме того, радикализм может охватывать сферу убеждений и мировоззрения личности и при этом не проявляться на поведенческом уровне. В то время как экстремизм всегда проявляется в активности, в конкретных формах деятельности. Радикализм, будучи составляющей частью мировоззрения, уходит корнями в отрицание актуальной действительности, перемену которой видит лишь в одном способе как единственно возможном. В качестве последнего наряду с экстремизмом радикализованная личность может избрать и нигилизм, терроризм, революцию. Таким образом, экстремизм и терроризм выступают формами проявления радикализма при определенных условиях.

Причиной смыслового смещения понятия «экстремизм» с понятием «радикализм» служит то, что экстремизм (*extremis*, лат. – крайний) этимологически означает приверженность крайним позициям и действиям. А между тем, как отмечено выше, экстремизм – это продолжение и реализация радикализма причем только при определенных пороговых значениях кризисной ситуации независимо от сферы ее возникновения и развития (уровень качества жизни, стагнация политических институтов и т.д.).

В зарубежной психологии с понятиями «радикализм» и «экстремизм» тесно связывают понятие «фанатизм». Фанатизм (от лат. *fanum* – жертвенник) дефинируется в психологическом словаре как непоколебимая и отвергающая альтернативы приверженность индивида определенным убеждениям, которая находит выражение в его деятельности и общении. Фанатизм сопряжен с готовностью к жертвам. Фанатизм, будучи социально-психологическим феноменом, отражает личностную позицию и систему отношений личности с референтными группами в рамках неприятия информации, которая противоречит ее жестким установкам и убеждениям и порождает противостояние «мы – они» («настоящие мусульмане» – «ненастоящие мусульмане»). Предрасположенность к фанатизму и терроризму обусловлена рядом характерологических особенностей. Понятие «фанатизм», как и два предыдущих, так же в своем определении содержит в качестве признака крайность, что создает определенную терминологическую путаницу. Для понимания отличия этого термина от других необходимо отталкиваться от обоих его значений: «исступленный» (*fanaticus*, лат.) и «жертвенник» (*fanum*, лат.). С такой точки зрения, под фанатизмом понимается доведенная до крайности (исступления) приверженность каким-либо верованиям или воззрениям, которая сопровождается такой же степенью нетерпимости к инакости, другим точкам зрения, любого рода плюрализму.

Исступленность в психологическом значении выдвигает на первый план эмоциональную составляющую – страстную ослепленность и преданность идее, исключая рациональное осмысление, критичность. Последнее подразумевает тот факт, что мировосприятие жестко и однозначно детерминируется только одним фактором – собственным убеждением, которое не впускает в сознание иную точку зрения, тем самым укрепляя убежденность в истинности собственной идеи. В таком ракурсе следует признать правомерным сравнение фанатизма с одержимостью личности вследствие фиксации на сверхценной идее. Сверхценная идея, охватывая ценностно-смысловую сферу личности, становится регулятором ее жизнедеятельности и задает вектор направления ее активности. С другой стороны, фанатизм рассматривается и как феномен

групповой и массовой психологии. Для фанатиков, которые обычно находят поддержку во взаимном признании, характерна повышенная эмоциональность, некритическое отношение к любой информации, подтверждающей их взгляды, и, напротив, неприятие критики, даже доброжелательной и конструктивной. Фанатизм считают особым состоянием психики, которое характеризуется сужением сознания, его «моноидеизмом». По мнению М.Тейлора и Х.Райан фанатизм можно рассматривать как одну из характеристик терроризма. Однако для понимания связи фанатизма и терроризма следует признать роль культурного, религиозного и социального контекста. Картина мира фанатика характеризуется специфической экстремальной перспективой. Особенно остро проблема фанатизма встает при анализе действий террористов-самоубийц, причины поступков которых многие западные исследователи объясняют или фанатизмом, или психическим заболеванием, или обеими причинами вместе [4].

Итак, радикализм и экстремизм являются основой фанатизма и поэтому эти термины часто используются синонимично. Радикализм и экстремизм в структуре фанатизма проявляются в форме истовой убежденности в единственно верной сверхценной идее в сочетании с нетерпимостью к инакомыслию и готовностью к любым экстремальным действиям, включая самопожертвование. С этой точки зрения, фанатизм выполняет инструментальную функцию по отношению к терроризму, т.е. служит условием, средством для достижения цели. Поскольку религиозно-политический экстремизм больше, чем другие виды экстремизма «вбирает» в себя все эти феномены, включая имеющий военно-политическую направленность фундаментализм, то по своей психологической природе он наиболее близок к терроризму.

Литература

1. Радикализм. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://ru.wikipedia.org/wiki>.
2. Политическая психология / Под общ.ред. Деркача А.А., Жукова В.И., Лаптева Л.Г. - М.: Академический проект, 2001. – 382 с.
3. Головатий М.Ф. Політична психологія: Навч.посібник.- К.: МАУП, 2001. - 136 с.
4. Taylor, M. and Ryan H. Fanaticism, Political Suicide and Terrorism. // Terrorism 11,- 1988. № 2. - P. 91-111.

Қ.Б. Адиев
Астана қ. (Қазақстан)

БІЛІМ БЕРУ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

Білім беру адамзат қызметінің ажырамас және маңызды саласы болған және болып қала береді. Ол әлеуметтік-экономикалық дамудың факторы бола отырып, мемлекет саясатының басты аспектілеріне жатады.

Кез келген салалық саясат өз саласында ұлттық мүддені қорғауды жүргізеді, соның ішінде білім беру саясатын да жоққа шығаруға болмайды. Бұл саладағы ең басты ұлттық мүдде, ол әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, елімізге қажетті білікті кадрлар даярлау. Бұл мүдделер бүгінгі таңда білім беру жүйесін реформалау арқылы жүзеге асырылады. Білім беру жаһандану жағдайындағы әлемдік кеңістікте бәсекеге қабілеттілік және тұрақты экономикалық даму стратегиясын қалыптастыруға байланысты ең басты мәселе болып отыр. Білім беру саласын жаһандандыру білім беру сапасын қамтамасыз ету, халықаралық ғылыми зерттеулерді өткізу, білім беру қызметі сапасын жетілдіру мен әлемдік халықаралық кеңістікке интеграциялану, білім берудің халықаралық стандартына өтуді ұйғарады. Білім беру саласындағы заманауи мемлекеттік саясат әр саладағы

Қазақстанның ұлттық мүддесін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қоғамдық даму деңгейінің, экономикалық қуаттылықтың және елдің ұлттық қауіпсіздігінің белгісі ретіндегі адами ресурстардың, білім беру жүйесінің рөлі мен маңыздылығы артады.

Білім – бұл адамдардың күнделікті әлеуметтік өзара әрекеттесулерінен алатын жүйелі білімі мен оқу процесі. Білім беру – неғұрлым кең социомәдени, әлеуметтік-экономикалық және тегінде педагогикалық құбылыс. Сондықтан да білім беру қоғамдық қана емес, жаратылыстану, тіпті техникалық – көптеген ғылымдардың қосымша саласы және нысаны болып табылады [1]. Сол себепті білім беру саласы Қазақстанның ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарларының маңызды басымдықтарының бірі болып отыр. Білім беруге инвестиция салу арқылы адами капиталды сапалы дамыту негізгі мақсатымыз. Адами капитал Қазақстанның экономикалық өркендеуінің, саяси және индустриялды-инновациялық дамуының маңызды ресурсы. Ұлттың интеллектуалды капиталы мемлекеттің әлемдік экономикалық және әлеуметтік кеңістікте бәсекеге қабілеттілігінің анықтаушы факторы болып табылады. Ол еліміздің тиімді әлеуметтік-экономикалық дамуына қажетті жаңа білімдерді игеруге негіз болатын тұлғаның шығармашылық қабілеттері, кәсіби біліктілік деңгейлері арқылы көрінетінін ешкім де жоққа шығара алмайды. Білім беруге инвестициялар салатын елдерде экономиканың өсу көрсеткіштері жақсырақ болып келеді. Еңбекке жарамды халықтың орташа білім деңгейінің 1 жылға өсуі жағдайында экономика 3-6%-ға өседі және экономиканың өсу қарқыны 1%-ға артады. Әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдеріндегі ілгерілеудің заманауи стратегиясы ұлттың интеллектуалды потенциалының даму концепциясына негізделеді. Әлемдік қауымдастық мемлекеттің дамуы оның жұмысшы күшінің еңбекке білікті дайындығының сапасы мен деңгейіне, азаматтарының білімділігіне, білім беру жүйесіне байланысты анықталатынын түсінді. 2008 жылдың көрсеткіші бойынша АҚШ-та білім беруге жұмсалатын шығындар 1 трлн. доллардан асқан, яғни көптеген ірі мемлекеттердің жиынтық ұлттық кірісі болып табылады.

Қазіргі жаһандану жағдайына бүгінгі әлемді интеграциялаудан білім беру саласы да тыс қалмайды. Интеграция үшін неғұрлым пайдалы техникалық және кәсіби білім беру болып отыр. Осыған байланысты еліміз көптеген халықаралық құжаттарға (адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарының Халықаралық декларациясы, Еуропа өңірінде жоғары білім беруге жататын біліктілікті тану туралы Лиссабон конвенциясы, Болон декларациясы т.б.) қатысушы болып табылады. Сондықтан да халықаралық талаптарға сай білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу, яғни еліміздің болашақ экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени өркендеуі сүйенетін тұғырнамасы болуы тиіс. Бүгінгі таңда білім беруге салынатын инвестицияны айтарлықтай және тұрақты ұлғайту, оның сапасын жақсарту қажет. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев: «Білім беру реформасының ойдағыдай жүргізілуінің басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің әрбір азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін жолға қоюға тиістіміз» – деген болатын. Бұл дегеніміз білім саласын әлемнің озық білім жүйесімен бәсекелесе алатын деңгейде білім беру қажет екендігін айқындайды. Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Елімізді әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына енгізу туралы қойылған міндет, білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Білім беру саласы елдің болашақ экономикалық гүлденуінің тірегі. Қазақстан білім беру саласында өзіне «Білім беру қызметі – қазіргі әлемде экономиканың тез дамушы сегменті. Қазақстан осындай тәжірибені пайдалануы және осы өңірдегі ғылыми жаңалықтар мен білімді өндірудің орталығы болу керек. Біздің жалпы міндетіміз – елімізді білім беру мен ғылыми зерттеудің әлемдік деңгейіне шығару» [2] деген басты мақсат қойған ел.

Жаңа білім беру парадигмасында ХХІ ғасырдағы адамзат өркениетінің қажеттіліктері көрінуі тиіс. Қоғамның жалпы білімділік деңгейінің көтерілуі, оның

психологиялық мақсаттарында біржақтылықты жою кез келген мемлекеттің тұрақтылығын нығайтады. Білім беру жүйесі негізі ілгері болашаққа бағытталуы керек. Өзгермелі еңбек нарығы жағдайында білім беру жүйесін трансформациялаудың негізгі бағыттары – үздіксіз білім беру, яғни адамдарды өмір бойы білім алуға бейімдеу. Бүгінгі таңда білім мен білік ғылыми-техникалық прогрестің екпінді дамуының арқасында әр 3-5 жыл сайын жаңаруда. Алайда дәстүрлі білім беру жүйесі сақталған әлемнің көптеген елдері бұл жаңаруға ілесе алмай жатыр. Нәтижесінде оқу орындарын бітірген 23-25 жастағы түлектер ескірген білімді алып шыққан болып отыр. Ал түлек келесі 5-6 жылда қоғамда өзіндік орнын алуға тырысады. Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, ұлттың өркендеуі ең алдымен үш шешуші факторлармен: білім деңгейі мен жаңа ғылыми жаңалықтарды игерумен анықталады: республика жастарының білімі мен саяси әлеуметтену процесі Қазақстанның әлеуметтік саясатының стратегиялық бағытына жатады [3]. Әлемнің дамыған елдерінде білім беру жүйесін реформалау процесі іс жүзінде үздіксіз жүреді. Сондықтан да бүгінгі таңда еліміздегі білім беру жүйесінде ең басты қолға алынуы тиіс тәсіл, кәсіптік оқу орындарының жұмыс беруші жеке сектордағы өндіріс, шаруашылық мекемелерімен серіктестік ретінде бірлесе отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық-технологиялық бағдарламаларды меңгеруге дайын жұмысшы мамандар даярлау. Экономикалық қуаттылықты арттыру үшін бізге кәсіби білікті маман даярлау, техникалық және кәсіптік білім берудің сапасын арттыру қажет. Бізге техникалық кадрлар дайындау жүйесін барынша дамыту қажет. Техникалық және кәсіби білім беру инвестициялық саясаттың негізгі бағыттарының бірі болуы тиіс. Бұл үшін Германиямен, Канадамен, Австралиямен және Сингапурмен кадрлар дайындау орталығын бірлесіп құру керек. Олар бүкіл еліміз үшін техникалық және кәсіби білім беру жүйесінің моделі болады [4]. Өскелең ұрпақ қойылған міндеттерді шешуде күнделікті ақпараттардың және білім мен біліктілігінің арқасында неғұрлым заманауи тәсілдер мен технологияларды меңгеруі тиіс. Бүгінгі жаһандану заманында еліміз қоғамдық құндылықтар жүйесі мен білім беру жүйесі арқылы бәсекеге түседі. Бүгінгі таңдағы еліміздің басты міндеті елде ғылыми сыйымды технологиялық білімі бар, басқарушылық қабілетке ие, нарықтық экономикада дұрыс бағыт таңдай алатын жоғары білікті мамандар болған кезде және дүниежүзілік нарықтық экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін тиімді білім беру жүйесі құрылғанда шешіледі. Елімізде білім берудің мазмұнын жаңарту және білім алушыларды оқытумен тәрбиелеу сапасын жетілдіру, республиканы дамытудың қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларымен дамуын дамыған елдердің озық тәжірибесіне сәйкес мамандарды даярлау жөнінде шаралар қолдануды қажет етеді:

- өз бетінше білім алу және оны практикада қолданудың қажеттілігімен дағдысын қалыптастыруға, танымның ғылыми тәсілдеріне мақсатты және жүйелі түрде баулу;
- білім алушыны жеке тұлға және қызмет субъектісі ретінде дамытуға, өмірлік құнды бағдарларын қалыптастыру;
- ұлттық мәдениетті құрмет тұтуға тәрбиелеуге және басқа да мәдени бастамалардан нәр алуын бойына қалыптастыру;
- жалпы негізгі білім беру сатысында бейімалды даярлықты және орта білім беру сатысында бейімді оқытуды қамтамасыз етуге бағытталатын болады [5].

Білім – қоғамның «белсенді» айнасы. Ол қоғамда болып жатқан қызметтердің көрінісі ғана емес, мемлекеттің жалпыұлттық идеясының дамуына және қоғамдық процестерге белсенді әсер етеді. Мемлекет пен қазіргі қоғам дамуының іргелі механизмі білім жүйесі болып табылады. ХХІ ғасырдағы көшбасшы ұлт деп өскелең ұрпағының рухани және интеллектуалдық әлеуетін барынша дамытқан, неғұрлым тиімді білім беру жүйесін жасаған мемлекетті айтамыз. Мемлекет пен қоғамның болашағы көбінесе сапалы білім жағдайы мен өсіміне байланысты. Өз кезегінде заманауи білім демократиялық қоғамның тұрақтылығын бекітеді. Орталық және Шығыс Еуропа елдері мен өтпелі экономикалы елдерде мемлекеттік саясаттың мынадай ұстанымдары бар: білім беруді

эртаптаптандыру, білім беру мекемелерінің тұрпатын түрлендіру, орта білім беру мазмұнын жаңартуға өтуді қамтамасыз ету, жеке және мемлекет қаражатын қолдану мен қайта бөлу, білім беруге мемлекеттік қаржыландырудың басымдығы, нәтижеге бағытталған басқару жүйесін енгізу [6]. Сонымен қатар әлемнің жетекші елдерінің білім беру жүйесі жағдайын, келесідей ғаламдық үрдістерін анықтаймыз:

- білім философиясын жаңарту;
- жалпы орта және кәсіби білім берудің мемлекеттік стандартын жетілдіру және жүзеге асыру;
- халықтың барлық топтарына білім алуға қолжетімділігін кеңейту;
- білім беруді басқарудың неғұрлым тиімді тәсілдерін іздеу;
- білім беру ұйымдарының тұрпатын, меншік формасын әртаптаптандыру;
- білім беруді ақпараттандыру, оқытудың дәлме-дәл жаңа технологияларын әзірлеу.

Бүгінгі таңда ғаламдық білім беру қазіргі тез өзгермелі, күрделі әлемде оның сансыз әлеуметтік, экологиялық, экономикалық, саяси т.б. мәселелерімен, білім алушылардың бейімделуіне дайындығын жүзеге асыруына мүмкіндік беретін, педагогиканың теориясы мен тәжірибесі дамуының бірден-бір перспективалық бағыты болып табылады. Тұлғаның өзін-өзі анықтау тиімділігі, әлемдік қауымдастық алдында толық құқылы мүшесі ретінде қалыптасуы көбінесе оның біліктілік деңгейімен анықталады [7].

Бүгінгі таңда мемлекеттік және халықаралық деңгейде білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілді) әзірленді. Бұл стандарт осы және басқа да білім беру стратегияларының негізгі бағалау өлшем шарттары бола алады. Өйткені мұндағы маңызды компонент тұлғаның білім алу қажеттіліктері мен қабілеттеріне, қызығушылықтарына сәйкес білім беруді саралауға мүмкіндік беретін: білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалай алу әрекеттері нәтижесіне бағытталған. Білім беру жүйесіне өзгеріс енгізуіне әсер еткен факторлар: әлемдік білім беру стандартымен сәйкестендіру; бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру; табысты өмір сүру дағдыларын қалыптастыру; тәжірибелік дағдыларды дамыту; кәсіби мамандардың біліктілігін жетілдіру болып табылады.

Қорыта айтқанда, міндет ауыр, мақсат айқын. Отандық іс-тәжірибе негізінде әлемдік тәжірибедегі алдыңғы қатарлы идеяларды басшылыққа ала отырып, білім, білік, дағдыны арттыру арқылы кәсіби білікті жастардың қатарын көбейтсек, жақсы нәтижеге жететініміз сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Гершунский Б.С. Философия образования.-Москва, 1998. – С.7-40
2. Инновационная индустрия науки и знаний – стратегический ресурс Казахстана в XXI веке. Лекция Президента Республики Казахстан в «Назарбаев-Университете» 7 декабря 2010.
3. Нуртазина Р.А. Образовательная политика и социализация казахстанского общества. – Новосибирск, 2009.–С.29.
4. Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 30 қараша 2015 жыл.
5. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы.
6. Мынбаев А.К., Таубаева Ш.Т., Булатбаева А.А., Анарбек Н.А. Образовательная политика: теории и концепции, тенденции, стратегия развития. – Алматы: «Қазақ университеті», 2014. – С. 50.
7. Нуртазина Р.А. Образовательная политика Республика Казахстан в условиях глобализации. – Астана: Ғылым, 2014. – С.16.

ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, ФУНКЦИЯЛАРЫ, ПРИНЦИПТЕРІ

Психологиялық диагностика дегенде психологиялық тәжірибе (практика) саласы, психологтың әртүрлі сапаларды анықтау жұмысы, психикалық және психофизиологиялық ерекшеліктер, жеке бас бітістері түсіндіріледі [1]. Мектептегі психодиагностиканың міндеті тұлғаның жеке психологиялық ерекшеліктері туралы мәлімет беру. Бұл мәлімет балалардың өздері үшін де олармен жұмыс істейтін мұғалім, тәрбиеші, ата-аналар үшін де пайдалы. Психологтың міндетіне баланың психикалық дамуының ерекшеліктерін, іскерлік пен дағдысын, жеке бас аралық ерекшеліктердің даму деңгейінің жас нормалары мен қоғам талаптарына сәйкестігін анықтау кіреді. Жекеленген балалардың оқуы мен тәрбиесіндегі қиындықтардың психологиялық себептерін анықтайтын баланың қызығушылықтары, қабілеттері, жеке бас жаңарыстарының қалыптасуын анықтайтын психодиагностикалық әрекет болғандықтан, білім берудегі психологиялық қызметтің назарынан тыс қалмайды. Білім берудегі психологтың қызмет психодиагностикасының өзіндік ерекшелігі бар. Білім берудегі психологиялық қызмет жүйесіндегі диагностиканың ерекшеліктерін ескере отырып, кейбір зерттеушілер психологиялық-педагогикалық диагностика деп көрсетіп, оның міндеттеріне мыналарды жатқызды: біріншіден, балалар мекемелерінде тәрбиеленіп оқып жатқан балаларды психикалық даму диагностикасын қадағалауды және әлсіз, күшті оқушылардың дамуы үшін қажетті мүмкіндіктер мен жағдайлар тудыруға, оларды едәуір жоғары деңгейге жеткізуді, сондай-ақ ерекше қабілеті бар баланың дамуының дұрыс бағытын орнатуды; екіншіден, дамыту қызметін көтеру үшін ұсыныс дайындау мақсатында тәрбие мен оқытудың жүйесіне дамытушы нәтижесіне салыстырмалы талдау жасауды жатқызады. Психологиялық диагностика психологияның бір саласы, ол теориялық пән бола тұра бір уақытта адамның психикалық дамуының диагнозын анықтайды. Психологиялық диагностика туралы өзара мәдени айырмашылықтарға тоқталып өтсек: онда, американдықтар диагностика көзін адамдарға және олардың мәселелерін шешуге көмек беретін процесс ретінде қарастырады. Ол үшін, мұны құрайтын төрт процесті бөліп көрсетеді: ақпаратты (информацияны) жинақтау; ақпаратты қорытындылау (интерпретациялау); ақпаратты жалпылау; мәселені шешу мүмкіндігі. Неміс әдебиеттерінде психологиялық диагностика – ғылыми пән ретінде өлшеу процедураларын, индивидті, топты, мекемені, ситуацияны немесе объектінің сипаттайтын бағалау үшін қолданылады. Информацияның мұндай түрі қорытынды немесе нұсқау формасында беріледі. Нидерландта, психологиялық диагностика – индивидтің өмірінің жағымды өзгеруіне мүмкіндік туғызуға бағытталған, теориялық бағдары және эмпирикалық зерттеулері тұтастай бірлік мәнге ие болатын, қабылданған шешім процесі ретінде қарастырады [2].

«Психологиялық диагностика» термині алғаш рет XX ғ. 20 жылдарында пайда болып, алғашқыда медициналық ғылымда (психатрияда: Г.Роршах «Психологиялық диагностика», 1921ж.), содан кейін индивидтің немесе кіші топтың психологиялық күйін анықтауды сипаттайтын психологиялық түсінік ретінде қолданыла бастады. Дәлірек айтқанда, психодиагностика (психо... және diagnostikos–айырып тануға қабілетті) – адамның психикалық қасиеті мен күйін ғылыми дәлелді тәсілдер арқылы сандық сипатта бағалайтын және нақты сапалық тұрғыдан талдайтын, сөйтіп адам психологиясының көрінісі туралы дұрыс болжамдық мәлімет беретін ізденіс аумағы [3]. Психологиялық диагностика тек қана жалпы заңдылықтарды бекітіп, сипаттап қоймай, жағымсыз сәттерді жоюға да нақты көмек көрсетеді. Психологиялық диагностика адам психикасының ерекшеліктері туралы информация жинақтауға бағытталған. Қазіргі психологиялық диагностика психологиялық пән ретінде жеке психологиялық және жеке

психофизиологиялық адам ерекшеліктерін зерттеуді, анықтау әдістерін өңдейді. Психодиагностика дегенде психологиялық практика облысы, яғни әртүрлі сапаларды (психикалық, психофизиологиялық ерекшеліктер, жеке бас белгілері) анықтаудағы психолог жұмысын есепке алады. Психологиялық диагностика психологиялық пән ретінде жалпы психологиялық зерттеулермен практика звеносын біріктіру қызметін атқарады. Оның теориялық негізі психологиялық ғылымдардың сәйкес облыстарымен байланыстылығында (жалпы, дифференциалды, жас ерекшелік, медициналық т.б.). Әдістемелік құралдары ретінде жеке психологиялық ерекшеліктерді анықтау, өңдеу жолдарын және алынған мәліметтерді интерпретациялау үшін нақты тәсілдерді қолдану қажет.

Психологиялық диагностиканы тұтастай алғанда төрт компоненттердің бірлігі ретінде көрсетуге болады:

- 1) процедураларды өлшеу теориясы немесе психометрия;
- 2) психикалық даму және айналадағы әлеуметтік айырмашылықтар т.б. индивидуалды айырмашылықтардың теориялық жағынан көрінуі;
- 3) диагностикалық процедуралар;
- 4) диагностика процестері.

Қазіргі таңда психологиялық диагностиканың үш деңгейін бөлуге болады, яғни интегральды тұрғысынан алғанда:

1. Феноменологиялық (тұрмыстық) мінез-құлқын өзгертетін әсерлер, себептер, даму процесі т.б. адамдардың өзіндік индивидуалды айырмашылықтарын көрсетеді. Бұл деңгей дұрыс мағынадағы ой немесе тұрмыстық қабылдау. Ол зерттеуді интерпретациялау, нұсқауды қалыптастыру және диагностикалық процедуралар т.б. барысында өте қажет;

2. Концептуальды деңгей, теория мен конструктіні, әртүрлі психологиялық концепцияларда енгізеді;

3. Модельді, психикалық өмірдің тууына мүмкіндік туғызады (біріншіден, математикалық жағынан).

Психологиялық диагностика принциптері - қоршаған әлемнің өзгеру процесінде адамның психикалық әрекетінің тууын және даму заңдылықтарын ашып көрсететін, қазіргі заман психологиясының жетістіктеріне ықпал ететін психологиялық диагностика теориясы болып табылады. Бұның қатынасы барын көрсететін және әдістемелік принципін психологияда негізгі идея ретінде, алынған психологиялық информацияны түсіндіруді анықтау үшін қарастырады. Психологиялық диагностиканың теориялық-әдістемелік негізі ресейлік және шетел психологтарының қолданбалы зерттеулеріне сүйенеді: Б.Г.Ананьев, В.Г.Асмолов, Л.С.Выготский, Л.Ф.Лазурский, А.Н.Леонтьев, В.Н.Мясищев, В.Н.Панферов, С.Л.Рубинштейн, А.Анастаси, Х.Хеккаузен және т.б. [4].

Жалпы принциптері: бейнелеу принципі; тұтастық принципі; психикалық даму және оқытудың бірлік принципі; сана және іс-әрекеттің бірлік принципі; мән мен құбылыстың диалектикалық өзара байланыс принципі; адам психологиясының өмірінің детерминациялану принципі; адам психологиясынан көрінетін парадокстік (күтпеген) принципі; қоғам мен табиғатпен адамның өзара әрекеттесу принципі; жеке басының психологиялық сапасы ретінде адамның қасиеттерін трансформациялау (тасымалдау) принципі.

Психологиялық диагностиканың ең негізгі принциптері: нақтылық принципі; айналадағы ақиқат дүниемен адамның өзара әрекетін трансформациялау принципі; индивидуальдықты анықтау принципі; бағаланбайтын принцип.

Нақтылық принципі - психологиялық диагнозға сүйенеді. Нақты өмірлік жағдайын көрсетуге, сол адамның күйін білдіретін талаптарын және де психикалық даму сәйкестілігін, психикалық біліктілігін анықтайтын диагностикалауды таңдау, психодиагностикалық зерттеулерді ұйымдастыру болып табылады. Диагностика жалпы білім беретін мектептерде баланың оқуға психологиялық дайындығын және гуманитарлық мектептердегі оқуға тереңдетілген түрде шет тілін білу, әртүрлі психикалық

біліктілікке бағдарлануды, әртүрлі әдістемелік құралдарды пайдалануды талап етеді. Психологиялық диагноз, жалпы мектептердегі оқуда баланың қабілеттілігін айқындай отырып, оның гимназиядағы оқуға талапқа сай психологиялық және психофизиологиялық толық емес сәйкестілігін көрсетеді. Бұл нақтылық принципі қорытынды жағдайын есепке алуды талап етеді. Олар тексерілетіндер үшін әлеуметтік және психологиялық әсерлердің жағдайына байланысты.

Айналадағы шындыққа адамның өзара әрекеттесуін тасымалдау (трансформациялау) принципі – психологиялық диагностикада ең маңызды принциптер ретінде орын алады. Ол барлық жағынан психологиялық диагностикалық зерттеулердің барысын, сонымен бірге психологиялық диагностикалық болжамның мазмұнын, зерттеу қорытындысы бойынша кеңес беруді қарастырады. Ол адамды психологиялық диагностиканың объектісі ретінде социуммен, мәдениетпен, ортамен табиғатпен мәнісін ашады. Сондықтан, оның бүгінгі таңда айналадағы шындықта болатын, барлық кездегі табиғи темптің жоғарылығына, биологиялық және әлеуметтік адаптациялану генезіне адамның өзгеруі – ұзақ уақыт бойғы филогенездің және индивидуальды дамуының қорытындысы, яғни сөзсіз, адамның психологиясы ретінде, сонымен қатар, оның әлеммен және өзіндік қатынасының өзара әрекеттесу мазмұнында бейнеленеді.

Индивидуальды принципі – зерттелінушінің ішкі бай дүниесіне үнілуге, оның өмірлік жолының қайталанбауына және де даму тарихын тануға бағдарлану.

Бағаланбайтын принципі – бағалау критерийлерін дұрыс пайдаланбау (мысалы, «нашар есте сақтау», «жақсы интеллект» т.б.) адамның психологиялық ерекшелігін анықтау барысында жәнепсихологиялық диагноз қою барысында көрініс береді.

Әдебиеттер

1. Кабанов М.М. Методы психологической диагностики и коррекции в клинике.– М.: Медицина, 1983. – 312с.
2. Көмекбаева Л.К. Мектеп оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін анықтауға арналған психодиагностикалық қызмет. – Алматы, 2004. – 61б.
3. Ишанов П.З., Бейсенбекова Г.Б. Психологиялық-педагогикалық диагностика негіздері. Оқу құралы. – Қарағанды: ЖШС «САНАТ-Полиграфия, 2012. – 206 б.
4. Реан А.А. Практическая психодиагностика личности. – СПб.:Изд-во СПб, 2001.– 224 с.

К.А. Арыстанова
Астана қ. (Қазақстан)
Н.Т. Нығыманова
Астана қ. (Қазақстан)

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚАЗІРГІ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

Республика Президенті Н.Назарбаев өзінің халыққа арнаған «Қазақстан – 2050» стратегиялық Жолдауында: «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл, ең алдымен, елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады... 2050 жылға қарай біз Қазақстанның кез келген азаматы ертеңгі күнге, болашаққа өте сенімді болатындай саяси жүйе құруымыз керек. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гөрі Отанында өмір сүргенді артық көретіндей, өйткені, өз жерінде өзін жақсы сезінетіндей болуға тиіс. Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс», - деп, болашақ ұрпақ алдындағы міндеттердің басты бағытын айқындап берген болатын [1]. Бүгінгі педагогика

ғылымы халқымыздың ұлттық психологиясындағы құндылықтарды жоғалтпай, оларды заманауи талаптармен толықтыра отырып, тұлға тәрбиелеп шығаруға басты назар аударып отыр. Отбасы – адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Тәрбиенің кілті–отбасының өмір тіршілігіне байланысты. Әсіресе, ата-ананың адамгершілік бейнесі балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. «Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» ғой. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, яғни оларға тәрбиеші бола бастайды. Отбасының берік негізі міне, рухани мүдденің бірлігінде болмақ. Оның біртұтас тату болуы береке-бірлігі, ең алдымен, әке-шешенің бір-біріне, балаларына қалай қарайтындығына байланысты. Ол үшін ұлттық тәлім-тәрбие саласының түрлі проблемалары, әсіресе қазақ халқы педагогикасының сан ғасырлық тарихы зерттеу нысандарына айналуға.

Адам өміріндегі қызығы, дәурені тұрмыстың ахуалы осы өздері құрған отбасы ошақ қасында өтіп жатады. Ол қоғамдағы алғашқы ұйымдардың бірі, оның өзіндік міндеттері болады. Олар үш түрге бөлінеді:

1. Репродуктивтік
2. Шаруашылық-экономикалық
3. Бос уақытты ұйымдастыру.

Біріншінің мәні – баланың дүниеге келуі, ұрпақ жалғастыру. Екіншінің мәні – материалдық жағдайды қамтамасыз ету, отбасының қор-қаражатын сақтау. Үшіншінің мәні – тәрбие, бос уақытты ұйымдастыру [2].

Отбасы бақытты ғұмыр кешуінің қайнар көзі – оның қоғам өмірімен тығыз байланысында. Іргесінің отбасында әркім өзара татулық пен қамқорлыққа, үй жұмысына жабыла кірісуге, қаражатты дұрыс бөліп, ұстай білуге, ақша құнын бағалап, еңбектің әрбір тиынын қадірлеуге үйренеді. Ұрпақ – болашақ, яғни ол адамзаттың болашағы, ал отбасы – кішкене мемлекет. Отбасында ынтымақ болмауынан, ерлі-зайыптылар арасындағы алауыздықтан, бірінің сөзін екіншісі тыңдамауы, бала тәрбиесін тым қиындатып жібереді, сондықтан ата-ана беделден, тіл алғызу ықпалынан айырылады. Кей ата-аналар өздерінің міндеттерін тек балалардың қарнын ашырмау, киімдерін бүтіндеу деп те ойлайды. Балаларының білімін мектепте алған бағаларымен ғана бағалайды. Отбасы тәрбиесі – ата-аналар ықпалымен жүзеге асатын қоғамдық тәрбиемен ұштасады. Ол қоғаммен, бүкіл қоғамдық қатынастар жүйесімен тығыз байланысты бола тұрса да, ол адамдардың белгілі дәрежедегі дербес, сырлас тобы. Отбасы өмірі материалдың және рухани процестермен сипатталады. Табиғи биологиялық және шаруашылық, тұтыну қатынастары ашу материалдық жағын құраса, рухани жағын праволық адамгершілік және педагогикалық қатынастар құрайды. Отбасында бала тәрбиесіне теріс ықпал ететін факторлардан ата-ана әрқашан аулақ болуы керек. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, жалпы отбасында ұл бала тәрбиесінде әкенің, қыз бала тәрбиесінде шешенің орны ерекше. «Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол, ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол», «Ұл туса елдің қорғаны, Қыз туса елдің көркі» деп халқымыз бекер айтпаған шығар [3].

Мұның бәрі әке-шешенің бала тәрбиелеудегі өздерінің үлгі-өнегесіне де тікелей байланысты болмақ, ата-бабамыз отбасы тәрбиесінде еңбекке де көп мән беріп, ол туралы да өзіндік ойларды қалдырған. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған айуанның бірі боласың. Адамзаттың қамы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлы боласың» деп отбасында баланы жастайынан еңбекке баулудың маңыздылығын жоғары қоя білген. «Ата – ана балаға сыншы». Балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастырып, немен айналысып жүргендігіне жете көңіл бөлсе, мерзімдік басылымдарға жаздырып, әдеби шығармаларды оқуға жасынан дағдыландырса, кейін бармақ тістейтін оқиғалардың алдын алуға болар еді. Отбасының бейіл-береке, ынтымағы үшін отағасының әділ, ұстамды болуы орасан маңызға ие. Оның тәрбиелік рөлі де зор. Ата-ана өз отбасын нығайта отырып, сонымен бірге оның балиғатқа толған мүшелерін үй болуға, өз шаңырағын көтеруге әзірлеуі басты әрі жауапты міндет болып саналады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп қазақ

халқы тегін айтпаған. Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отының басындағы, ата-ана тәрбиесі. «Баланың бас ұстазы ата-анасы» демекші, отбасындағы таным, түсінік қалай қалыптасса, адамның бойында қалатын сол қасиет солай қалыптасады. «Болса тәртіп, бала өседі сомданып, қатаң ұста, бос жүрмесін сандалып» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы шектен тыс шолжандатпай, байсалды, ұғымтал, тілалғыш етіп баулу ата-ананың басты міндеттерінің бірі [4]. Үлкенді құрметпен қадір тұту, ілтипатты қарым-қатынаста болу, сыйласа білу, ата-ананы қартайғанда қарау, кішіге қамқор болу—бұл қазақ халқы үшін жазылмаған заңдар. «Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды, кіші сені сыйласа, кісі сені сыйлайды», «Аға әдепті болса, іні әдепті, апа әдепті болса, сіңлі әдепті» т.б. мақалдардан үлгі-өнеге, тәлім-тәрбиеге ерекше назар аударғанын көреміз.

Отбасындағы тәрбиенің кереметі – еңбекке баулу. Ол – адамдық кемелденудің негізі. Еңбек ете білмеген немесе оны жек көрген адамның отбасы берекелі болмайды. Ежелгі римфилософы Гораций айтқандай, «өмір еңбексіз ештеңе бермейді». Жалпы арғы-бергі заманда ғұмыр кешкен ұлы адамдардың адамды барлық жағынан кемелдендірудегі еңбектің ерекше ролі туралы айтпағаны кемде-кем шығар. Адам жанының асқан білгірі, әлемге әйгілі жазушы Л.Н.Толстой: «Еңбек атаулының бәрі де бағалы, өйткені ол адамды ізгілендіреді», – дейді [5]. Сондықтан отбасындағы да, қоғамдық ортадағы да тәрбиеде балаларды еңбек ете білуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сөзімге тәрбиелеу басты нысана болуға тиіс. Сонда ғана отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынаста әдеп-инабат, адалдық пен ақпейілділік үстем бола алады. Сонымен, ата-ананың тәрбиесі бала мінезінің іргетасы. «Тәрбие – табалдырықтан басталады» нақылы өмірден алынған шындық. Бала тәрбиесі – нәзік те күрделі, әрі қоғамдық жауапкершілікке жатады. Бала – өмірдің гүлі, сол әлеуметтің болашағы. Баланы тәрбиелі де, саналы азамат етіп өсіргіміз келсе, ең алдымен өзіміз кіршіксіз таза, тәрбиелі адам болуымыз керек. Адамгершілік пен саналықтың бастапқы қарапайым белгілерін өнегелі отбасында дарытқан баланың болашағы жарқын, өмірі мәнді болмақ. «Біздің балалар – біздің қарттығымыз, жаман тәрбие – болашақтағы қайғымыз, бұл біздің көз жасымыз, бұл басқалар алдындағы, бүкіл еліміз алдындағы біздің кінәміз» демекші, кең байтақ елімізде ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, ұяттылық, әдептілік, көргенділік, мейірімділік, шарапаттылық салтанат құрып үйлесімділік тауып жатса, сол қымбат қасиеттердің бәрі отбасы, ошақ қасында бүршік атып, бұтағын жаятынын естен шығармауымыз абзал.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан–2050» стратегиялық Жолдауы.
2. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері. – Алматы: «Әл Фараби» баспасы, 1995ж.– 460б.
3. Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика. Оқулық. Астана: Фолиант, 2003. – 328 б.
4. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Оқу құралы. – Алматы: Рауан, 1999. – 128 б.
5. Қожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998.– 315 с.

ФОРМИРОВАНИЕ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИЙ ПОДРОСТКА: ПОЛИКУЛЬТУРНЫЙ АСПЕКТ

Проблема формирования ценностных ориентаций подростка в современной поликультурной ситуации остается актуальной. Это обнаруживается не только при исследовании процессов глобализации, но и при осмыслении понятий «мультиграмотность», «полиграмотность», «трансграмотность».

Образованию (как неотделимому компоненту культуры) издавна принадлежит роль развивающего фактора в становлении личности подрастающего поколения (В.А. Петровский, В.И. Слободчиков, Д.И. Фельдштейн и др.). Наибольшую значимость приобретает ценностная составляющая образования в связи с тем, что в мире в целом и в России в частности наблюдается кризис ценностной системы, падение нравственности молодежи.

Современные подростки, которым свойственны неоднозначные суждения о явлениях окружающей действительности, сверстниках и самом себе, испытывают острый кризис в осмыслении ценностей и смыслов жизнедеятельности. Прежде всего, обнаруживается отсутствие у большинства из них базовых ценностей, таких как смысл жизни, понятие о жизни, духовности, патриотизме и многое другое.

В этой связи возникает потребность в организации такого образовательного пространства, где создавались бы условия для наполнения внутреннего мира подростка ценностным содержанием. Особая роль в ее решении принадлежит поликультурному воспитанию, основанному на традициях и обычаях народа, к которому принадлежит подросток и направленному на формирование ценностно-ориентационной сферы личности.

Первостепенной задачей психологов и педагогов современной образовательной организации является помощь подростку в самореализации и самораскрытии позитивного потенциала своей личности, в принятии, присвоении и развитии им социальных и смысложизненных (ценностных) ориентаций в рамках образовательного пространства школы: в процессе специально организованной учебной деятельности и общения со сверстниками.

Речь идет о восхождении каждого ребенка на уровень общечеловеческой культуры, по мнению Н.Е. Щурковой, «к высотам создаваемой человечеством жизни счастливой, свободной и справедливо устроенной» [10, с.10].

Обращение к таким традиционным нравственным чертам, как самоотверженность, готовность к подвигу, честность, добросовестность, вера в добро и справедливость, стремление к правде и поиску идеала, к позитивной реализации не только личных, но и социально значимых интересов и целей позволяет определить, каким же должно быть восхождение к достойной жизни достойного Человека (Н.Е. Щуркова).

Интерес к общим гуманитарным проблемам, вопросам жизни и смерти, своему социальному статусу парадоксально сочетается с недостаточно развитой способностью к объективной оценке конкретных поступков, к самоконтролю поведения [1, с. 65].

Возникает проблема формирования поликультурной грамотности как способности ориентироваться в поликультурном мире, понимать его ценности и смыслы, воплощать их в достойных образцах цивилизованного поведения во взаимодействии с представителями различных культур [11].

Ценности, как известно, имеют объективный характер, поскольку существуют вне зависимости от того, осознает их субъект или нет. Это означает, что необходима организация такого образовательного пространства, в котором созданы условия для наполнения внутреннего мира подростка ценностным содержанием [9].

Положительные результаты в процессе формирования ценностных ориентаций достигают оптимального уровня, если:

-разработан алгоритм анализа содержания образования с его помощью выявлен его гуманистический потенциал;

-обеспечены аксиологический и личностно-ориентированный подходы к развитию духовных потребностей (ценностных ориентаций) подростков, имплицитно содержащихся в базовом ядре образования;

-определены факторы, способствующие присвоению гуманистических ценностей образования развивающейся личностью;

-обеспечен программно-целевой подход к актуализации ценностного содержания базовых знаний обучающихся;

-осуществлена ориентация педагогов на формирование ценностных ориентаций подростка.

Формирование ценностных ориентаций подростка базируется:

- на аксиологических принципах, отражающих национальные и общечеловеческие ценности духовной жизни общества, составляющих одну из основ его стратегии в сфере образования;

- на важнейших положениях антропологии и культурологии о цельности и иерархичности человеческой души, о приоритете воспитания человека через освоение отечественной и мировой культуры.

Определяющая роль в формировании ценностных ориентаций подростков принадлежит поликультурным технологиям (А.Я. Данилюк), направленным на организацию места человека в образовательном пространстве. Так интегративная гуманитарная развивающая технология направлена на обогащение теоретического мышления подростка событиями культурной жизни. Язык педагога и обучающегося, язык науки и язык искусства, язык научных текстов и язык архивных документов, исторических памятников – это языковые оппозиции, которым, по сути, присуща поликультурность. Необходимо создание ситуаций, обеспечивающих рождение новых текстов, различную подачу информации в целях выработки собственного видения проблемы.

Шаг 1. Определение явления культурной жизни этноса, понятие о котором будет формироваться в процессе совместной деятельности.

Шаг 2. Обозначение временных пределов организации поликультурного пространства.

Шаг 3. Отбор системных знаний из тех наук, которые должны быть привлечены для воспроизведения культурного события.

Шаг 4. Формулировка учебных задач и вопросов, открывающих перспективы понимания поликультурной ситуации.

Шаг 5. Определение параметров самоанализа.

Таким образом, интегративная гуманитарная развивающая технология способствует формированию гуманитарного теоретического понятия, а оно (понятие) формулируется как проблема, как учебная задача, что обеспечивает формирование целостного мировосприятия за счет расширения «поля культуры» [4, с. 49].

Ценностные ориентации формируются и развиваются на основе индивидуального и социального жизненного опыта подростка, на основе познания идеалов и ценностей как ориентиров жизнедеятельности. Именно поэтому формирование ценностных ориентаций является целью воспитания и обучения.

Литература

1. Алексеева, В.Г. Ценностные ориентации как фактор жизнедеятельности и развития личности // Психологический журнал – 1984. – Т. 5. – № 5. – С. 63-70.

2. Безменова, И.К. Ценностные ориентации старшеклассников (теоретический обзор работ). – М.: МГУ им. М.В. Ломоносова, 1998.
3. Борисенков, В.П., Гукаленко О.В., Данилюк А.Я. Поликультурное образовательное пространство России: история. Теория, основы проектирования: монография / В. П. Борисенков. – М.: Изд-во ООО «Педагогика», 2006. – 464 с.
4. Вардомацкий, А.П. Сдвиг в ценностном измерении? // Социологические исследования. – 1993. – С. 46-55.
5. Гудечек, Я. Ценностная ориентация личности // Психология личности в социалистическом обществе: Активность и развитие личности. – М., 1989. – С. 102-109.
6. Никитина, Н. Н., Балашова, В. Г., Новичкова, Н. М., Социально – педагогические основы ценностного самоопределения в ранней юности: Методическое пособие. – Ульяновск: УлГПУ, 2006. – 273 с.
7. Попова, В.И. Использование гуманитарно-педагогических технологий воспитания в подростково-молодежной среде: Материалы Всероссийской научно-практической конференции с международным участием «Изменяющийся мир и его влияние на деятельность педагогов и психологов системы образования». -2013, июль. – Режим доступа: week.tochkapsy.ru
8. Петракова, Т.И. Гуманистические ценности образования в процессе духовно-нравственного воспитания подростков: Автореф. дис. Т.И. Петракова, доктор пед. наук. – М., 1999. – 403с.
9. Ценностно-смысловые ориентиры воспитательной работы с детьми и молодежью: сб. научных статей / сост. и науч. ред. д.п.н., проф.В.И. Попова. – Оренбург: ГБУ РЦРО, 2015. – 129 с.
10. Щуркова, Н. Е. Восхождение к нравственности: Научно-методическое пособие. – М.: Издательство ИТРК, 2016.– 264 с.
11. Якимов, П.А. Поликультурная деятельность школьника как социально-педагогический феномен. – Гуманитарно-педагогические технологии современного образования : концептуальные подходы, разработка и апробация: монография / составит. и науч. ред. проф.В. И. Попова. – Оренбург: изд-во ОГПУ, 2013. – С. 198-223.

М.И. Болотова
г. Оренбург (Россия)
М.А. Ермакова
г. Оренбург (Россия)

WEB-QUEST КАК ТЕХНОЛОГИЯ ПРОБЛЕМНОГО ОБУЧЕНИЯ И ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

К метапринципам развития высшего образования относится принцип гуманизации. Гуманизация образования трактуется В.И. Андреевым как развитие образовательных систем с учетом признания одной из приоритетных ценностей личности педагога и обучающихся, гармонизация их интересов, взаимоотношений и условий для их развития и саморазвития [1]. Личностно ориентированная педагогика выводит на первый план самого человека, его ценности, его личную свободу, его умение прогнозировать и контролировать себя. Это ключевой элемент мышления нового времени, в рамках которого личность выступает не только как субъект образовательного процесса, но и как самоцель развития.

Гуманизация образования способствует кардинальному усилению эмоционального и коммуникативного потенциала обучения и воспитания; предполагает его дифференциацию и индивидуализацию на основе активизации творческого саморазвития

личности обучаемого; исключает безличный подход к человеку. Таким образом, новый метапринцип образования, ориентированный на развитие личности, должен стимулировать инновационные процессы в различных институтах образования. Изменения целей, содержания и технологий обучения определяют суть и характер инноваций. Обучение должно развивать самостоятельное критическое и творческое мышление. Для этого необходимо широкое информационное поле, различные источники информации, различные точки зрения на одну и ту же проблему, побуждающие к самостоятельному мышлению, поиску собственной позиции. Все это невозможно без использования различных инновационных образовательных технологий (проектного обучения, информационно-коммуникативные; сотрудничества и др.).

Одной из современных технологий проектного обучения является технология образовательных веб-квестов (Web-Quest). В педагогике квест-технология ещё не прошла стадию теоретического обоснования. В современной образовательной практике она представляет собой модель, в которой сочетается продолжительный целенаправленный поиск при выполнении проблемного задания с элементами ролевой игры, для выполнения которого используются информационные ресурсы Интернета. Квесты охватывают отдельную проблему, учебный предмет, тему, могут быть и межпредметными. Особенностью образовательных веб-квестов является то, что часть или вся информация для самостоятельной или групповой работы обучающихся находится на различных веб-сайтах. Кроме того, результатом работы с веб-квестом является публикация работ учащихся в виде веб-страниц и веб-сайтов (локально или в Интернет)» [2].

Сейчас в учебных заведениях большинство учащихся свободно пользуются современными информационными технологиями, это упрощает для них процесс поиска информации, обработки ее и предоставления в различных презентативных формах. Поэтому использование в проектной деятельности обучающихся компьютера как инструмента творческой деятельности способствует достижению нескольких целей: повышение мотивации к самообучению; формирование новых компетенций; реализация креативного потенциала; повышение личностной самооценки.

Веб-квесты лучше всего подходят для работы в мини-группах, однако существуют и веб-квесты, предназначенные для работы отдельных обучающихся. Данная технология позволяет студентам погрузиться в проблему с позиции системно-деятельностного подхода, формируя необходимые компетенции. Квест построен на коммуникативном взаимодействии команды участников.

Опишем опыт применения веб-квестов в образовательном процессе ФГБОУ ВО «Оренбургский государственный медицинский университет» Минздрава России (далее – ОрГМУ).

В настоящее время в различных сферах деятельности ощущается нехватка специалистов, способных самостоятельно и в команде решать возникающие проблемы, делать это с помощью Интернета. Поэтому работа учащихся в таком варианте проектной деятельности, как веб-квест, разнообразит учебный процесс, сделает его живым и интересным. А полученный опыт принесет свои плоды в будущем, потому что при работе над этим проектом развивается ряд компетенций:

- использование ИТ для решения профессиональных задач (в т.ч. для поиска необходимой информации, оформления результатов работы в виде компьютерных презентаций, веб-сайтов, флеш-роликов, баз данных и т.д.);
- самообучение и самоорганизация;
- работа в команде (планирование, распределение функций, взаимопомощь, взаимоконтроль);
- умение находить несколько способов решений проблемной ситуации, определять наиболее рациональный вариант, обосновывать свой выбор;
- навык публичных выступлений (обязательно проведение презентаций и защит проектов с выступлениями авторов, с вопросами, дискуссиями).

Веб-квест как технология социального воспитания студентов. Всем студентам рано или поздно приходится выступать с докладами, сообщениями, защищать свои курсовые, а затем и дипломные работы. При этом вопросов, как это делать, всегда больше, чем ответов. В Топ-10 страхов человечества смерть находится на 6-ом месте, а страх перед публичным выступлением на первом месте.

Разработанный нами квест «*Самоучитель по защите дипломной (курсовой) работы*» поможет разобраться в основных аспектах подготовки и самой защиты студенческих работ. Разные специалисты представят свою точку зрения на такое мероприятие, как публичная защита работ, дадут всем желающим советы и рекомендации. Задача участников квеста – определить свою роль и разработать рекомендации, требования, советы студентам, готовящимся защищать свою работу. При выборе роли можно ориентироваться на свои склонности, интересы, или наоборот – попробовать себя в непривычной ситуации.

Роли участников квеста:

Психолог отвечает за психологическое, эмоциональное состояние выступающего. Его главная задача – дать практические советы по преодолению волнения, активизации внимания слушателей. Так же Психолог выяснит влияние внеязыковых средств на общее восприятие выступления.

Задача Дизайнера – дать советы по изготовлению электронных презентаций и раздаточного материала.

Оратор – мастер красноречия. Его задача – обобщить опыт и поделиться мастерством.

3. Северо–Казахстанский ГА. Ф. 54. Оп. 1. Д. 128. ЛЛ. 142-145. КирнаркомземАкмолинскому Губземуправлению о льготах по сельскохозяйственному налогу; ЛЛ. 1-3 Инструкция о проведении в жизнь декрета КЦИК от 2 февраля 1921 года о возврате трудовому киргизскому населению свободных участков в губернии Семипалатинской, Акмолинской, Тургайской (бывшей) и Уральской и декрета КЦИК 19 апреля 1921 г. о возврате трудовому киргизскому населению земель, отчужденных царским правительством в собственность: а) Сибирскому казачьему войску, б) Уральскому казачьему войску из киргизских земель; ЛЛ. 19-20. Всем Губзем и Уземуправлениям КССР. № 1261. Ноябрь 1922 г.; Л. 177. Выписка из Постановления № 12 Губернского землеустроительного совещания Акмолгубземуправления. 9 октября 1923 г.

4. ЦГА РК. Ф. 74. Оп. 2. Д. 194. ЛЛ. 2,8. Заседание технической коллегии Главного управления землеустройства и мелиорации Кирнаркомзема. 24. марта 1922 г.; ЛЛ. 8-9. Временная инструкция по проведению в жизнь декрета от 19 апреля 1921 г. о возврате киргизскому населению земель отчужденных царским правительством Сибирскому казачьему войску (в районе Акмолинской, Семипалатинской губерний).

5. ЦГА РК. Ф. 74. Оп. 2. Д. 162. Л. 3. Протокол заседания технической коллегии Главного управления землеустройства. 11 января 1922 г.; Л. 24. Землеустроительная политика, проводимая Наркомземом КССР. 29. 06. 1922 г.; Л. 27. Особое мнение.

6. ГА г. Астаны. Ф. 244. Оп. 1. Д. 67. Л. 80. Приказ № 45 Акмолинского уездного комиссариата по продовольствию. Июль 1922 г.; Л. 83. Приказ № 3 Красного каравана КирЦИКа июль 1922 г. г. Акмолинск.

7. ЦГА РК. Ф. 74. Оп. 2. Д. 215. Л. 9. В КирЦИК и Кирнаркомзем. Объяснительная записка.

А.Е. Оспанов
Астана қ. (Қазақстан)

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ТАҚЫРЫБЫН ОҚИТУДЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Неменеге жетістің, бала батыр?
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп энекей жағада тұр
(М. Мақатаев)

Бір қарағанда бұл өлеңнің тақырыпқа еш қатысы жоқ сияқты көрінуі мүмкін. Қазіргі ұрпақтың тәуелсіз елде өмір сүріп жатқаны, бейбіт аспан астында оқуын оқып, жұмысын істеп, соғысты кинодан көріп, көркем әдебиеттен оқып өмір кешіп жатқаны—осы қарттардың біз үшін жасаған сол сұрапыл жылдары жаңқиярлық ерлігінің арқасы. Жеңіс күнін жақындатқан сол қарттардың қатары қазіргі кезде азайып бара жатқаны, бұл өмір шындығы. Мысалы, менің туған жерім Қостанай облысы, Әуликөл ауданында сегіз соғыс ардагері осы Жеңістің жетпіс бірінші көктемін көру бақытына ие болды. Үлкені тоқсан бестің белесіне шықса, ең кішісінің өзі тоқсанды алқымдады. Қаншасы келесі Жеңіс күнін көре алатыны белгісіз. Кейбір ауылдық аймақтарда соғыс ардагерлері жоқ, жас ұрпаққа осы соғыс туралы айтқанда басқа ауылдық өңірлерден соғыс ардагерлерін шақыртуға мәжбүрміз. Ал, қазіргі заманда осы соғыстың мағынасын, мазмұнын, нәтижесін «ревизиялауға», «қайта қарап, қайтадан жазып шығуға» ұмтылушылар қатары көбейіп кеткенін көзіміз көріп, құлағымыз естіп жүр. Ондайлардың қатарында кешегі соғыста масқара болып жеңіліп, саяси «арманына» жете алмаған Батыс елдерімен қатар, осы соғыстан көп зардап шеккен, кезінде жауға бірге аттанып, бетін қайтарған Украина мен Ресей елдері де бар. Мына «әлеуметтік желісі» дамыған заманда, сол желінің ішіндегі «ақпаратқа» ғана сеніп, қалғандарына көңіл бөлмейтін ұрпаққа Ұлы Отан соғысының шындығын жеткізу – бұл қазіргі күннің өзекті мәселесі деп білемін.

Ал, енді осы бұрмалаушылықтарға тоқталсақ және оны жас ұрпаққа қалай түсіндіру қажет деген мәселеге өз көзқарасымды білдірсем.

1. Биыл біздің еліміз Мәскеу түбіндегі шайқаста генерал-майор И.В.Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясының көрсеткен ерлігінің 75 жылдығын атап өтті. Осы дивизия құрамында өздерінің өмірлерін қиып, жаудың елу танкін тоқтатқан политрук В.И. Клочков басқарған жиырма сегіз жауынгердің ерлігін жоққа шығаруға ұмтылатын Ресей мемлекеттік әскери мұрағаты. Олардың ойынша, сол кездегі қолдарында бар қарумен жауды тоқтату, әсіресе танкілерді тоқтату мүмкін емес еді деген пікір айтады. Дәлел ретінде КСРО-ның Бас әскери прокуратурасының 1948 жылғы 10 мамырдағы баяндамасын келтіреді. Осылардың бәрін жоққа шығарғандар ішінде Илья Капров—сол кездегі осы дивизияның 1041 полкінің командирі, тарих ғылымдарының докторы Георгий Куманев, бүкіл өмірін осы оқиғаны зерттеуге арнаған. Сонда фашистерді Мәскеу іргесінде тоқтатып, кейін шегіндіріп, Кеңес елінің астанасына жауды жібермеген кімдер?. Тергеу жұмыстарын жүргізген тергеуші Самуил Соловейчик көп жылдардан кейін осының бәрі

әдейі ұйымдастырылған акция деді. Бұл сол кездегі Кеңес үкіметінің үгіт-насихат жұмысының нәтижесі дейді. Одан басқа, әскери журналист Александр Кривицкийдің ауыр жараланып, госпитальда қайтыс болардың алдында осы ұрысқа қатысқан қатардағы жауынгер Крючковтың айтқан әңгімесін жазып алып газетке жарияланған мақаласы бар. Сол сұрапыл шайқастан аман қалған жауынгер Шадринның сол кездегі жас ұрпаққа шайқас, ерлік туралы айтқаны рас. Неге мұрағат қызметкерлері олай жасаған, қандай пайда тауып отыр осылай айтып, түсініксіз. Әлде атыңды шығарғың келсе, жер өртенің бір түрі ме? Бір аңғарғаным теріскейдегі көршіміз осы 316 – атқыштар дивизиясы туралы тағы бір бұрмалаушылыққа барды. Ол бұл дивизия қырғыз елінде жасақталды деген ақпарат таратуы. Бұны қалай түсінуге болады? Дивизияның Алматыда жасақталғанын, оның құрамындағы жауынгерлердің 50 % қазақ ұлтының өкілдері болғанын білмегендері ме? Бауырлас екі елді айтыстыру ма, әлде қазақ халқының осы Жеңіске қосқан үлесін кемсіту ме? Мен екінші пікірімнің дұрыстығына толық сенімдімін. Осының бәрін оқушы болсын алдында, студент болсын алдында ашық айту керек. Жалтақтап қажет емес, әйтпесе болашақ ұрпақтар осындай ойда қалуы әбден мүмкін. Қазақ батыр халық екенін тарих талай дәлелдеді емес пе? Мәскеуді қорғаған, Кеңес елінің еуропалық бөлігін, оңтүстік- шығыс және орталық Еуропаны азат еткен қазақстандықтар сол қазақтың ұрпағы емес пе?

2. Екінші бір проблема, ол еліміздегі кейбір азаматтардың осы сұрапыл соғыста ерлік көрсеткен жерлестеріміздің өмірлеріне қатысты деректерге күмән келтіріп соны «зерттеуге» уақыттарын бөліп, ол мәліметтерді баспасөз бетінде жариялап қоғамда бір резонанс туғызуы. Рет-ретімен айтсақ:

2.1. Рақымжан Қошқарбаев туралы шындық ашылып, тіпті Ресейдің өзі оның ерлігін мойындағаны бұл біздің еліміз үшін, халқымыз үшін үлкен жетістік. Міне, мен бұны дұрыс деп есептеймін. Осы мәселені көтерген азаматтарға біздің қоғамның алғысы шексіз екеніне күмәнданмаймын.

2.2. Ал Мәншүктің атын Мәнсия, Әлияның атын Лия деп жүрген «айтқыштарға» айтар базынам бар. Онсыз да өткен тарихымызға күмәнмен қарайтындардың, тіпті жастардың ішінде көңіл бөлмейтіндердің қарасы көбейіп тұрған шақта осы тұрғыдағы ақпараттарды беріп олардың басын қатырып, төл тарихымыздан одан бетер алшақтатып алмаймыз ба? Бірнеше ұрпақ Мәншүк, Әлия деп тақпақ, өлең айтып, киносын көріп өскенін ескеру қажет деп ойлаймын. Абылайдың Әбілмансұр екенін көп адам білмейді, ал Абылайды біледі. Ертең Мәнсия, Лия дегендер кім деп сұрайтын ұрпақтың пайда болуына өзіміз себеп болмаймыз ба? Қажеті жоқ нәрселерді қозғап қайтеміз, олардың өмірінің жарқын сәттерін, үлгі болар сәттерін көрсеткеніміз дұрыс болар. Келеңсіз жағдайларды іздестіріп, «арзан сенсация» жасау ұрпақ тәрбиесіне кері әсерін тигізбейтініне көзіміз жете ме? Мен бұл ойларымды сабағымда осылай ашық түрде айтамын. Мәншүк Мәншүк болып, Әлия Әлия болып қалу керек тарихта.

2.3. Тыл еңбеккерлерінің жанқиярлық еңбегі әлі де өзінің толық бағасын ала алмай жүрген жайы бар. Қанша снаряд, оқ-дәрі, қанша егін алды, қанша мал өсірді – міне, көп жағдайда санға, көрсеткіштерге көңіл бөлеміз. Қазақстанның халық шаруашылығын әскери арнаға көшіру барынша қысқа мерзімде жүргізілді. Арнайы құрылған жоспар бойынша көршілес жатқан одақтас елдерден тыл аудандарына соғысқа аттанған ер азаматтардың орнын толтыру үшін өндіріске жаңадан үш миллионнан астам адам қабылданды. Жылы орнын суытып еркінен тыс елін, жерін тастап Кеңес үкіметі «көшіріп» жібергендер саны екі миллион төрт жүз алпыс төрт мың адам екен. Осыншама басқа ұлт өкілін кеудесінен итермей, өзі тұрып жатқан аядай үйінің бір бұрышын соларға беріп, өзі асқа жарымай отырса да, жартысын соларға ұсынған халық емеспіз бе? Аш-жалаңаш жүрсе де, үйіне «қара қағаз» келсе де «Бәрі де соғыс үшін, бәрі де жеңіс үшін» деп еңбек еткендер қазіргі кезде тиісті еңбегінің бағасын алып жүр ме? Азғантай тапқан-таянғанын үкіметке өткізіп немесе түн ұйқысын төрт бөліп, май шамның жарығымен майданда от кешіп жүрген жауынгерлерге шұлық, колғап, күртеше, тағы басқа нәрселер тоқыған тыл

еңбеккерлерінің еңбегін жас ұрпақ жадына мықтап сақтау керек. Ол күндердің куәгерлері әлі де арамызда, солардың естеліктерін таспаға түсіріп, хатқа жазып қаттап қою керек. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күнін жақындатқандарға көмектесіп, айтқан әңгімелерін, мұң-мұқтаждарын тыңдап өскен ұрпақ болашақ ұрпаққа осының бәрін сол қалпында, бұрмаламай жеткізер еді, басқаларға бұрмалауға жол бергізбес еді. Бұл жұмысты күнделікті жүргізу тиімді болар еді.

2.4. Ұлы Отан соғысы тақырыбын оқытқанда тағы бір көңіл бөлетін мәселе – ол жергілікті өлкетануға қатысты материалдар. Бұл тақырыпты оқытуда сең қозғалды, оны мойындауымыз қажет. Бірақ барлық құпия ашылған жоқ. Өмірден өтіп кеткен адамның сондай бір тағдырдың иесі екенін кеш білетініміз өкінішті. Бірақ олардың артында ұрпақтары қалды, көзін көрген куәгерлер бар, олар өмір сүрген ауыл-аймақ бар – осыны пайдаланып, зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет шығар. Әр өңірден келген студенттерге сенің өлкеңнің тарихы қызықсыз болар деп қорықпау керек. Мен өз жұмысымда сол кіші Отанымның тарихының жарқын беттерін жиі айтып отырамын. Мысалы Ленинградты қорғап жау дзотының аузын өз кеудесімен жапқан Сұлтан Баймағамбетов туралы, Берлин үшін шайқаста өз ротасымен Рейхстагқа бірінші болып басып кірген Илья Сьянов туралы, 7227 семиозерлықтар (қазіргі Әулиеколдің 1989 жылға дейінгі атауы) Отанды қорғауға аттанып 2404 адам елге оралған жоғын айтсақ, дұрыс болмай ма? 500 қазақстандық жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағын алса соның бесеуі біздің жердің тумалары. Тыл еңбеккерлері майданға 481 центнер ет, 161 центнер басқа да азық-түліктерді жіберген. Жылы киім 7696 дана, соның ішінде пима – 1050 пар, тондар – 258 дана, қолғаптар – 867 пар тапсырған. Аудан тұрғындары 120 мың сомға әскерлерге сыйлықтар, жеке посылкаларға салынған сыйлықтар 200000 сом майданға жіберілген. Осыны айтсақ студенттер өз өлкесінде болған осындай оқиғаларға көңіл бөлер еді.

Қорытындылай келе, өткен тарихты ұмыту, ол тарихқа жасалған үлкен қиянат болады. Ондайды тарих кешірмейді, сондықтан ол қасірет қайтып соғуы мүмкін. Әлі де арамызда жүрген соғыс ардагерлерінің біздерге жасаған еңбегін ескеріп, сол соғыста қаза тапқан жиырма жеті миллион адамның аруақтарын сыйлап аз да болса осы бағытта жұмыс істеу, болашақта соғысты болдырмау – біздің, білім саласында қызмет істеп жүрген мамандардың парызы деп есептеймін.

Әдебиеттер

1. Черныш П.М., Филиппов Ф.И., Досмағамбетов С.К. Слово о родине-Аулиеколь 2005.
2. Сатыбалдина Ж. Берлинге жеткен бір қазақ. Қостанай таңы 2016.-№ 49, - 6 мамыр
3. www.ratel.kz

А.М. Умнат
г. Астана (Қазақстан)

ФАНАТЫ ПОП КУЛЬТУРЫ КАК СОЦИАЛЬНАЯ ГРУППА

В данной статье интерес представляет изучение такого феномена культуры как фанаты, которые представляют собой определенную социальную группу. Словарная дефиниция в лексикографических источниках характеризует социальную группу следующим образом: «любая относительно устойчивая совокупность людей, находящихся во взаимодействии и объединенных общими интересами и целями. В каждой С.Г. воплощаются некоторые специфические взаимосвязи индивидов между собой и обществом в целом в рамках определенного исторического контекста. Внешние

отличительные признаки С.Г.: 1) статика существования С.Г. проявляется в непрерывной динамизации групповых процессов в латентной или явной форме; 2) С.Г. характеризуется определенным набором социальных норм, институционализацией ценностей, репродуцируемым групповым контекстом; 3) С.Г. имеет свою ролевую структуру с достаточно выраженными функциональными нагрузками» [1]. Исходя из определения, мы можем судить о том, что человек не может существовать без определенной принадлежности к какой-либо социальной группе. Само понимание принадлежности к социальной группе, в которой состоят люди с похожими идеями и взглядами, дает ощущение уважения, безопасности и единства. Изучение данных групп в эпоху глобализации и трансформации обществ является актуальным и важным.

С самого раннего периода общественного развития люди объединялись для того, чтобы добыть еду, в дальнейшем же людей объединяли общие принципы и интересы. Так или иначе, процесс объединения групп происходил на одной территории. В настоящее время этой территорией является интернет. Люди с разных стран объединяются и собираются вокруг объекта всеобщей симпатии. Объектами могут являться фильмы, музыка и прочий круг интересов. Появляется социальная группа под названием «фандом», состоящая исключительно из фанатов поп культуры [2].

Фанат—человек, испытывающий особо повышенное влечение к определенному объекту. Различают «мягких» (поклонник) и «ярких» фанатов. В зависимости от того, что является объектом влечения, выделяют религиозных, политических, спортивных фанатов и тех, кто испытывает влечение к направлениям или представителям сферы искусства. Мы рассмотрим фанатов искусства как социальную группу.

Несмотря на то, что в XX веке существовали фанаты «Шерлока Холмса», Байрона, поездов, сами фандомы появились относительно недавно. Фандомы берут свое начало со второй половины XX века с появлением культовой продукции поп культуры того времени как сериал «Звездный путь», «Звездные войны» «Твин Пикс», а также различного рода комиксы т.д.

В настоящее время самой главной и сильной социальной группой в XXI веке являются фанаты поп культуры. Фанаты потребляют культуру, создают, а иногда являются персонажами культуры. Однако во второй половине прошлого века фанатом было быть стыдно. Стереотипный фанат 70-80-ых годов XX века представляет собой неудачника без возраста и пола, который чахнет над своими коллекциями, а стены его дома завешены плакатами или постерами [3].

Американский философ и культуролог, профессор коммуникации, журналистики и киноискусства Генри Дженкинс посвятил несколько десятилетий на изучение фандомов. В 1992 году Дженкинс выпустил книгу «Textual Roachers», где показал, что над фандомами можно рассуждать серьезно. В данной книге он описывает фандомов, как людей копирующих образы своих героев, при этом фанаты не встраиваются в общество и потребляют продукт поп культуры совсем неосознанно. Успех книги «Textual Roachers» был колоссальным, и Дженкинс выпускает еще несколько книг, посвященных исследованиям фандомов. Сейчас Дженкинс преподает в университете Южной Калифорнии и ведет свой блог о фанатах. Стоит отметить, что Дженкинс писал о фанатах снисходительно, но все поменялось в начале 2000-ых [2].

В начале XXI века являться фанатом было не только не стыдно, быть фанатом стало модно. Движение фандомов превратилось в то, что можно рекламировать,нося соответствующие символы продукта поп культуры (например, футболки).

За вниманием фанатов стали охотиться все медиа гиганты и производители, потому что фанат идеальная аудитория в эпоху дефицита внимания. Несмотря на то, что деньги являются неотъемлемой частью производства продукции поп культуры, главной валютой, за которую сражаются авторы видеоигр, кино, комиксов является внимание.

Благодаря интернету, культура стала перенасыщенной, контента стало слишком много и выбор настолько огромен, что предугадать, куда направлено ваше внимание

абсолютно невозможно. Генри Дженкинс в своих трудах отмечает, что у фанатов есть определенный способ потреблять любимый контент. Данный способ похож на употребление объекта своего обожания с безраздельным вниманием. Представьте, что вы смотрите свой любимый сериал, и вы смотрите его столь внимательно, что забываете налить себе чай или подготовиться к экзаменам. Более того, фанаты любят говорить о том, что им нравится. Если обычный человек ходит на фильм от «Marvel Studios», он может просто насладиться фильмом и проигнорировать существующий бэкграунд, то фанаты обсуждают его до, во время и после показа, а потом они займутся косплеем или каким-либо другим искусством, или напишут фанфик на основе любимого фильма.

Главным производителем медиа поп культуры остается Голливуд. Не стоит думать, что в современном Голливуде наступил такой момент, когда студии решили работать на фанатов. Этот процесс происходил постепенно, и сейчас мы можем наблюдать за результатом. Об этом свидетельствуют сборы двух самых кассовых фильмов прошлого года во всем мире, являющихся частью фанатских франшиз: «Мир юрского периода» и «Звездные войны: Пробуждение силы». Более того, данный процесс прошел на уровне авторов. Например, один из самых успешных режиссеров XXI века Дж. Дж. Абрамс классический фанат. Он регулярно признается в любви фильмам «Звездный путь» и «Звездные войны», а также является режиссером современных франшиз приведенных ранее фильмов [3].

Эффект фанатов касается не только кино, он распространяется на комиксы, видеоигры, телевидение, где все делается фанатами и для фанатов. В настоящий момент для фанатов создается несметное количество фан. сервисов, отсылок, огромное количество намеков, которые понятны только фанатам. Более того, произведения структурированы так, что они призывают стать их фанатом. К примеру, можно привести киновселенную «Марвел».

Данная вселенная устроена так, что она как будто говорит: «Если хочешь понять меня, получить достаточные знания, тебе придется стать фанатом».

Ситуация с фанатами заходит слишком далеко. Фанаты становятся главными героями произведений. Ярким и относительно недавним примером может служить седьмой эпизод «Звездных Войн», где главным героем является девушка, которая знает все о «джедаях» и о «силе», и невероятным образом умеет применять все знания, на изучение которых главному герою оригинальной трилогии Люку Скайуокеру потребовались годы, а главным антагонистом является фанат другого антагониста оригинальной трилогии, который скопировал основные черты оригинального персонажа [4].

Показателем настоящего фаната являются знания об объекте поп культуры. Во второй половине XX века фанаты не могли скачать или заказать с интернет ресурсов продукцию поп культуры. Им приходилось общаться с друзьями фанатами, покупать материальную продукцию культуры (комиксы, видеокассеты и т.п.), фанат не мог открыть «Википедию» и узнать информацию о грядущих релизах. В настоящее время фанатом можно стать мгновенно благодаря интернету [4].

Помимо интернета, существует еще один наиболее актуальный и важный аспект результата влияния фанатов на поп культуру, который нельзя оставить без внимания. Данным аспектом является кризис идей в кинематографе.

Голливуд является конвейером «произведений», поставляющий большую часть картин по всему миру, переживает нелегкие времена, а именно кризис оригинальных идей. В последнее время продукция Голливуда представляет собой замкнутый круг, состоящий из: экранизаций комиксов, ремейков оригинальных фильмов, экранизаций литературных произведений, фильмов с участием именитых звезд. Объединяют данные произведения естественно фанаты, являющиеся целевой аудиторией данных фильмов. Именно фанаты не оставляют шансов совершенно оригинальным фильмам, потому что новый фильм не сможет выдержать конкуренцию с франшизой, у которой несметное количество фанатов [5].

Таким образом, в период трансформации современных обществ и интересов молодежи остается только гадать, куда же приведет значение и влияние фанатов на современную поп культуру. Возможно, общество стоит на пороге современного ренессанса, и скоро мы отойдем от устоявшегося понимания искусства.

Литература

1. http://dic.academic.ru/dic.nsf/dic_new_philosophy/1121
2. Jenkins, Henry (1992). What Made Pistachio Nuts?: Early Sound Comedy and the Vaudeville Aesthetic. New York: Columbia University Press. p. 416.
3. Jenkins, Henry (1992). Textual Poachers: Television Fans & Participatory Culture. Studies in culture and communication. New York: Routledge. p. 343.
4. Jenkins, Henry (1995). Classical Hollywood Comedy. AFI film readers. New York: Routledge. p. 430.
5. «Blitz and Chips» <https://www.youtube.com/watch?v=KG8QMLTk6-U> . 16. 07.16.

М.З. Утегенов
Көкшетау қ. (Қазақстан)
Қ.Т. Базаров
Көкшетау қ. (Қазақстан)

XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ОМБЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ КІТАПХАНАЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Қазақстанның солтүстік қалалары өлкенің әлеуметтік-экономикалық және саяси-әкімшілік орталығы ретінде дамығандықтан, оларда мәдени өмірдің барлық прогрессивті құбылыстары орын алды. Қалалардың халық санының өсуіне және әкімшілік маңызының артуына байланысты мәдени өмірдің негізгі көрсеткіштерінің бірі болған қоғамдық кітапханалар мен мерзімдік баспасөз құралдарының қызметі жақсарып дами түсті. Мұнда қазақ, татар, өзбек және түрік тілдеріндегі әдебиеттер жеткізілді. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазан қаласында басылған қазақ тіліндегі әдебиеттердің көпшілігі Қазақстанның солтүстік қалаларының жәрмеңкелерінде сатылды [1, 30 б.]. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазан қаласында басылған қазақ кітаптарының жалпы тиражы жарты миллионға жуық дананы құраған. Облыс тұрғындарының айтарлықтай бөлігі қазақ және орыс әдебиеттерін бірдей пайдаланды. 1888-1902 жылдар аралығында Омбы қаласында қазақ тілінде «Дала уалаяты» газеті шығып тұрды, оның бетінде мәдени, тарихи, саяси және халықаралық жағдайларды хабарлайтын материалдар орын алды. Бұл басылым бетінде сонымен қатар әдеби сипаттағы материалдар да жарық көріп тұрды. Осындай жан-жақтылығының арқасында бұл басылым көпшілік оқырман қауымының көңілінен шыға білді. Бірақ метрополианың бағынышты халыққа қатысты ұстанған саясатына байланысты XIX ғасырдың екінші жартысынан түркі тіліндегі әдебиеттер қысқартылып, олардың орнына орыс тіліндегі кітаптар мен журналдар көптеп енгізілді. Мұндай әдебиеттер ағымы тек ғылыми және көркем әдебиеттерден ғана тұрған жоқ, сонымен қатар Қазан сияқты қалаларда арнайы бастырылған миссионерлік бағыттағы әдебиеттер де орын алды.

Өлкенің әкімшілік орталығы рөлін атқарған Омбы қаласында 1900 жылы: бастауыш білім беру жағдайын қамту қоғамының кітапханасы, казак кітапханасы және жекеменшік кітапхана болған [2, 373 б.]. Омбы қоғамдық кітапханасының негізін 1860 жылдардың басында «Сібір патриоттары» қоғамының мүшесі, қазақтарға қатысты көптеген іргелі еңбектердің авторы Е.Усов қалады [1, 31 б.]. Ал XIX ғасырдың 60 жылдарының

ортасында ХХ ғасырдың басына дейін әрекет еткен В.И.Квятковскийдің жеке меншік кітапханасы ашылды.

ХХ ғасырдың 40-60 жылдарында Сібір арқылы Қазақстанға енгізілген әдебиеттердің көлемін кедендік басқарманың есебі, облыстың статистикалық есебі сияқты әртүрлі деректерден кездестіруге болады. Ақтау басқармасының негізі қаланғанда, оған «Апостол», «Триофи», «Жалпы Миня», «Үлкен требник», «Октоно» (2т.) сияқты діни-христиандық мазмұндағы әдебиеттер тапсырылды [3, 3 п.]. Жоғарыда аталғандай шекарада орналасып өркениеттер мен мәдениеттерді тоғыстырған солтүстік қалаларда газет, журналдар мен әртүрлі мәтіндегі әдебиеттер үлкен сұранысқа ие болды. Өлкеде кітаптардың сұранысқа ие болуының нәтижесінде сауда керуендерінің құрамында әртүрлі кітаптар да тасымалданды. Осындай керуендердің бірі Нұра өзенінің маңында тонаушылыққа ұшырайды, онда әртүрлі тауарлармен қатар 35 дана кітапта ұрылар қолында кетеді. Осы кітаптар иесінің мәлімдеуінше ол кітаптардың әрбіреуінің құны 2 руб. болған [4, 4 п.]. Сібір қырғыздары даласына енгізілген кітаптардың көлемін 18 кестеден көруге болады [5, 455 б.]:

18 кесте - Сібір қырғыздары даласына енгізілген кітаптардың көлемі

Жылдар	Кедендердің атауы			
	Петропавл кітап саны/ бағасы	Преснов кітап саны/бағасы	Омбы кітап саны/бағасы	Коряков кітап саны/ бағасы
1857	5004/1031	200/15	-	167/70
1858	6408/916	529/41	13/134	-
1859	5364/122	420/69	43/40	-
1860	3054/461	243/39	14/-	-
1861	3866/458	180/25	-	-
орташа	4739/597	314/38	23/58	-
Ескерту: Красовский Н.И. Область сибирских киргизов. Ч. 3. – Спб., 1868. – 264 б.				

1868 жылы Омбыда құрылған «Батыс Сібірді зерттеушілер қоғамының» жеке кітапханасы болады. Ал 1877 жылы Омбыда бұл қоғамның орнына ИОГҚ БСБ құрылып аталған кітапхана осы жаңа құрылған бөлімнің құзырына беріледі. ИОГҚ БС бөлімінің есептерінде кітапхана қызметіне қатысты көптеген белгілі зерттеушілер еңбек еткен, олардың зерттеулері мен еңбектері ИОГҚ БС бөлімінің басылымдарында жарық көріп тұрды. 1879 жылдың есебі бойынша кітапханаға орталық кітапханалардан көптеген әдебиеттер келіп түскен. 1880 жылы кітап сатып алу үшін 500 руб. бөлінген. Бұл кітапханада негізінен өлкетанулық сипаттағы кітаптар шоғырланды.

1889 жылдың 26 қазанында Омбыда бастауыш білім беру жағдайын жақсарту қоғамының жанынан тегін кітапхана ашылып, 1890 жылы онда 1026 оқырман мен 1197 кітап болды. Омбыда орналасқан оқу орындарының әрқайсысында өз кітапханалары болды. И.Л.Словцов пен И.Козловтың атсалысуымен 1878 жылы Ақмола статистикалық комитетінің кітапханасы ашылды. Он бес жылдың ішінде бұл кітапханада 483 кітап қана сақталды, және ондағы әдебиеттердің негізгі бөлігі Қазақстан мен Сібір тарихына тікелей қатысты болды. 1885 жылдан бұл кітапхана көркем журналдарды жаздырып тұрды және де мұнда ХІХ ғасырдың 90-шы жылдарында Коншин өзінің «Краткий статистический очерк промышленности и торговли в Акмолинской области за 1880-1894 гг.» деген еңбегін дайындап шығарды [6, 2 б.].

1880 жылдың басында құрамына Ақмола, Семей және Жетісу облыстарының дәрігерлері енген Омбы медициналық қоғамының кітапханасы ашылды. Онда 1891 жылы 820 шығармалар, 632 диссертация және 112 мақалалар болса, 1861 жылдан кітапхана көркем журналдарды жинап «Врач» газетін жаздырып алатын болды. Бұл кітапханада

құрамына Ф.И.Романов, Н.А.Лебедев және П.Брейтигам кірген арнайы кітапханалық комиссия жұмыс істеді.

Н.Ядринцевтің «Восточное обозрение» газетінде Сібір кітапханалары жөнінде шолулық мазмұндағы мақала жарық көрді, онда кітапханалар жөнінде және олардың пайдасы жөнінде былай делінді: «Соңғы 10-15 жылдың ішінде Сібір қоғамының білім деңгейі айтарлықтай көтерілді... Дәл қазір Сібірдің барлық қалаларында кітапханалар ашылған, біреулері қалалық қоғамдық кітапханалар болса, екіншілері шағын қалаларда орналасқан барлық сословие мен мамандық иелері үшін ашық клубтық кітапханалар болды... Дала өлкесіндегі кітапханалардың көпшілігін әскери бөлімдер жанынан құрылған есігі барлық адамдарға ашық әскери кітапханалар құрады» [7, 1 б.]. Осы мақаланың соңында автор оқырмандар қатары жылдан-жылға өсіп отырғанын және жалпы оқырмандар санының негізгі бөлігін қарапайым халық құрайтындығын қуанышпен атап өтеді.

Сонымен Ақмола облысының уездік қалаларының мәдени дамуы қайшылықты пікірлерге толы мәселе болып табылады. Әрине Қазақстан Ресейдің отары болғандықтан оның мәдени дамуына патша үкіметінің ықпалы әсер етіп отырды. Бірақ дегенмен әлемдік тәжірибедегідей қазақ мәдениеті Ресей мәдениетінен сусындап, әлемдік өркениет көшіне бет бұрды. Қазақтар А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов шығармаларын оқып, демократиялық, өркениеттік және прогрессивтік қоғамға ұмтыла бастады.

Әдебиеттер

1. Галиев В.З. Библиотечное дело в Казахстане (вторая половина XIX - начало XX вв.). Алматы, 1998. – 140 б.
2. Россия. Полное географическое описание нашего Отечества. Т.18. Киргизский край // Под ред. В.П. Семенова. - Спб., 1903. – 469 б.
3. ҚР ОММ 374 қ., 1 т., 681 і., 3 п.
4. ҚР ОММ 374 қ., 1 т., 3837 і., 4 п.
5. Красовский Н.И. Область сибирских киргизов. Ч. 3. – Спб., 1868. – 264 б.
6. Коншин Н. Краткий статистический очерк промышленности и торговли в Акмолинской области за 1880-1884 гг. Омск, 1892. – 146 б.
7. Библиотеки в селах и городах Сибири // Восточное обозрение. № 15. 1888. - Б. 2-24

I. Ivanov
Sofia (Bulgary)

THE FOUNDING OF THE EURASIAN MOVEMENT: FROM RUSSIA TO BULGARIA

INTRODUCTION

The October Revolution from 25 October 1917 was a crucial moment in the Russian history. The huge empire collapsed, leaving hundreds of glorious years in the past. Its culture, its heritage, its traditions were decisively denounced by its new rulers. The old political elite was brutally and violently exterminated. Everything that was left from Royal Russia was the so called White Emigré. The Whites left Russia immediately after the Revolution. These well-educated and wealthy men and women wanted to seek refuge from the storm, which had clouded their homeland. A group of Whites arrived also in Sofia, the Bulgarian capital, which became their new home. Here, they began their journey to the rediscovery of their identity.

The Revolution from October 25th had fatal consequences for the Russian culture. The double – headed eagle was now replaced by a sickle and a hammer. This act of the Soviet

government had not only a symbolic meaning. It was also a proof that the Russian cultural identity was gone. The new Russians were no subjects to the monarchy, they were proletarians, who had to be united in the Union of the Soviet Socialist Republics. The White Emigré refused to become a part of this new scenario. But they also realized that the Russian monarchy was already gone. As a consequence a small group of White Russian intellectuals gathered in Sofia. They wanted to create a new identity concept for the Russians. This concept had two tasks: to replace the old one and to counter the Soviet propaganda abroad. As a result they became the founding fathers of the Eurasian movement.

THE PREDECESSORS

The Eurasian movement has a long history, which started in the beginning of the XX-th century and continues even today. This history can be divided into three periods: the classical Eurasianism of the founding fathers; the Eurasianism of Lev Gumilev; the Neoeurasianism of Alexander Dugin [1]. This article is based on the first period, because its focus is on the establishment of the movement. But before analyzing the foundations of the movement itself, let us look at its source. What inspired the founding fathers of the Eurasian movement? In the academic debate there is a commonly accepted opinion, that this is the intellectual movement of the Slavophonomism [2]. This movement has four main aspects, which can be accepted as inspirers and predecessors of the Eurasian idea. The first aspect is the thesis of Nikolay Danilevsky that the fight with the West is the only possible way for the consolidation of the Slavs. According to Danilevsky Russia and the West are so different that there is a permanent conflict between them. Russia has two very important missions: to unite all Slavs and to fight the West in order to prevent the penetration of the Western influence in the unique Russian culture. This thesis is the first aspect, which forms the philosophy of the Eurasian movement.

The second one is the Slavyanophilistic theory of Konstantin Leontiev. This theory has the following elements. On the one hand, Leontiev stigmatizes the Liberalism as a major threat for the Orthodox Christian tradition in Russia [3]. For example, the liberal ideology destroys the traditional habits of the society. It replaces the Christian values by some abstract ideas such as democracy, equality and brotherhood. And as a result, the connection between the Russian people and their ruler – the czar is broken. On the other hand, Leontiev accepts that there is a Slavic people that must be united, because they have common blood, common language and common religion. Their unification will lead to the creation of the Slavic nation, which has to be led by the Russians. Together, they will be strong enough to counter the harmful influence of the Western culture. Thirdly, Leontiev suggests that the Orthodox Christian tradition can be used as a tool or a weapon against the Liberal ideology. This tradition generates strong attitudes in the self-consciousness of the Russian people, so it can counter the individualist character of the Liberalism. Moreover, Leontiev sees the Orthodoxy as a foreign policy tool. For example, the Orthodox religious tradition can inspire the creation of an Eastern Orthodox Union, led by the Russian Empire. It will be the Union of the Slavs, united under the Orthodox Church – Moscow Patriarchate. Last, but not least, Leontiev analyzes the idea for the creation of a Panslavic movement. This movement will be similar to the Greek Hellenistic movements, but in its essence it will be totally different from them. The main goal of this movement will be to unite all Slavs together, under the supreme protection of Russia [4]. The main ideology of this Panslavic movement has to be the Orthodox Christianity.

The third predecessor of the classical Eurasianism is the theory for the Russian Orthodox self-consciousness. This theory is created by Pavel Novgorodtsev and it is focused on the connection between the Orthodoxy and Russia [5]. Novgorodtsev sees the Orthodox Christianity as a main pillar of the Russian culture. According to this theory the Orthodox tradition has a critical role in Russia's policy towards its citizens. As long as the Russians support and share the Orthodox religious aspects there will be stability in the empire. They will feel as Russians and they will be loyal to the monarchy. In this case the religion is seen as a regulator of the social relations between the citizens the relations not only between the Russians, but also between Russia and other Orthodox countries.

And the last inspirer of the Eurasians is Vladimir Solovyov with his Eurasian identity theory. In his opinion, Russia is different from the West, but they are not in a permanent conflict [6]. On the contrary, they have to be friends, not enemies. Solovyov also approves the reforms of the first Russian emperor – Peter the Great and supports this line of development for Russia. Eastern Orthodoxy and Roman Catholicism are not united, but they are close to each other and they can be used as a common foundation in the relations between Russia and Western Europe. According to Solovyov, the real enemy of Russia is China because of its culture. It is very aggressive and different from the Russian culture, which is much closer to Europe than to Asia. And so, the main task of Russia is to create a new, Euro – Asian unique identity in order to oppose the Chinese culture. This Euro – Asian identity can be based on the common cooperation between Russia and Europe.

As we can see, the Eurasian movement is inspired by so called «Slavonic» theories. It is no doubt that the founding fathers were searching for an inspirational idea, which is most close to the Russian culture. It is interesting that they even gave the movement a concrete definition: the Eurasianism is an idea for an exact geographical point, a continent, which is separated by Europe and Asia, but at the same time it is situated between them [7]. It is called also Russia – Eurasia. All of the Eurasian founders recognize that the culture of Western Europe has a negative impact on Eurasia, because of the Western materialism and individualism. The founders have also a negative attitude to other cultures such as India and Japan, because of their cultures, which are totally different from the Orthodox monotheistic tradition. And the third point of the agreement between the founders is the role of Russia in the world. They all agree that Russia has a special place and mission, but each one of them has a different view of this mission.

THE FOUNDING FATHERS

Who are the founding fathers? In the academic debate there are a lot of points of view about this question. The author of the article accepts the thesis that the founding fathers of the Eurasianism are four [8]. The author accepts this thesis, because the following authors have the most important aspects of the Eurasian ideology explained in the best way in their works. This type of ideology is not only about politics, but its purpose is also to form a new post – revolutionary understanding about Russia. All founding fathers begin their work in the Bulgarian capital Sofia, just four years after the Russia revolution. All of them are part of the White Emigré.

The first founding father of the Eurasian movement is Prince Nikolai Trubetzkoy – a Russian linguist and historian. The basic idea of this founding father is the idea for the dualistic contradiction in the human nature [9]. According to this idea there is no universal way of development for the human civilization. All civilizations are different, they have different cultures, traditions and history. Consequently they have different values. Western Europe is dominated by the values of the Romano – German civilization, who wants to dominate the whole world. As a result of this, the West is trying to impose its values on all other civilizations. Trubetzkoy accepts that the mission of Russia is to consolidate all unique cultures. Then they will be able to stop the aggression of the Western civilization. This Eurasian founder emphasizes the fact that only Russia has the strength to counter the West. Moreover, the destiny of Russia and Western Europe is to fight. Trubetzkoy accepts that the Orthodoxy is much closer to the other Asian cultures, than to the Roman Catholicism, because the Catholic Church has lost its influence in the Western society. The mission of the Russian Orthodoxy is to unite all Slavic tribes around Russia, because of their common origin and culture. Thus the unification of Eurasia will begin.. And when Eurasia is unified it shall revive the Mongol empire of Genghis Khan, following the Byzantine model of governing. This scenario of Trubetzkoy is also called «the organic theory», because it takes Eurasia as a living body, which consists of many organs and one head – Russia.

The second founding father of the Eurasian movement is the Russian composer Pyotr Suvchinsky. His thesis is that the Western culture is neither more developed nor better than the Russian one [10]. He blames all Russian intellectuals before the Revolution, who accepted the

West as a source of unique culture. Suvchinsky accepts that the penetration of the Western culture in the Russian empire has provoked a cultural Revolution of the Russian society and consequently – the Revolution from October 25th. But why is the Russian culture unique? Here Suvchinsky has a religious argument – because of the Orthodox Christianity. It is the base of this culture and every alienation from the Orthodox tradition leads to a cultural crisis in the Russian society. This founding father does not agree that there can be a dialogue between the Orthodoxy and the Catholicism, for example. He suggests that all Eurasians must recognize the supremacy of this religious tradition in Eurasia. Only then there will be a true unification of the continent. Suvchinsky has also another idea – the autocracy is the only suitable way to rule Eurasia. His argument is: Russia is a great power and Eurasia must inherit its former glory, including the absolute monarchy. The Suvchinsky vision is also called a “cultural – religious vision”, because he takes the Orthodoxy and the autocracy as a political formula of the Eurasian government.

The third founding father of the Eurasianism is the Russian economist Pyotr Savitsky. He is also the founder of the Russian geopolitical thought. Savitsky's thesis is based on the idea that Russia is a unique civilization, because of its location [11]. This location is also called «middle earth», which is neither European nor Asian. Eurasia is unique, independent, self – satisfied. It has its own history and religion. The Russian culture and civilization are the foundations of Eurasia. Savitsky is also the first founding father who discusses the historical role of the Mongols. This role is very important for Russia, because during the Middle Ages the Mongol empire saved Russia from the influence of the Romano – German civilization. So Russia is heir of two empires: the Byzantine and the Mongolian. The Russian political model is based on the Mongolian, and the religious culture – on the Byzantine. Savitsky also supports the thesis of Suvchinsky that the autocracy is the ideal form of governance for Eurasia. But he also adds that the autocrat has to be also a spiritual leader in order to inspire the people of Eurasia. As to the foreign policy, Savitsky suggests that Eurasia has to follow the strategy of the «regional development». According to this strategy Eurasia has to build its own independent foreign policy, not to follow the Western model. For example, Eurasia must not build a colonial empire. It has to consolidate the Slavs by establishing strategic military unions with them. Eurasia is also multicultural. There is no place for individualism and materialism. There has to be a balance between all Eurasian nations and their religions. The scenario of Savitsky is very important for the Eurasian idea, because it includes not only strategic thinking, but also decisions to some important questions such as foreign policy. As a consequence his theory is also called complex theory.

The last of the founding fathers is the army officer Pyotr Arapov. Arapov has a different point of view from the other founding fathers, because of his view on the Revolution. Arapov thinks that the Whites and the Reds (the Bolsheviks) are the same, because of their Russian blood. So in Eurasia there will be place for both of them. Moreover, Arapov's thesis is that Russia is still a great country, it just needs another ideology. It has to be a strong ideology, which is in condition to replace the Communism. Such ideology can be the nationalism. The rest of the founding father do not accept this point of view. Some of them even blame him as a fascist [12]. And his Eurasian thought is often defined as reactionary. Nevertheless, he has been always accepted as one of the Eurasian founders.

CONCLUSION

As a conclusion, the Eurasian movement is based on four main theories. The first one is the organic theory of Trubetskoy –a scenario, which depicts Eurasia as a living organism with his own body and head. The second theory is the cultural – religious vision of Suvchinsky – a vision, which is based on the Orthodoxy as a political formula. The third theory is the complex geopolitical view of Savitsky – here are the basics of the Eurasian foreign policy doctrines and strategies. And the last one is the reactionary theory of Arapov – a theory, which explains why the Eurasianism has such a nationalistic sounding. A lot of these theories are already integrated in the different Russian politics. What will be their future? The historical experience proves that

such theories can be always modified and used by the political elite. Thus, there is no doubt that they will continue to play a significant role in the international relations today.

Literature

1. Сарамбекова А. 2012. Евразийство: теория и практика. Астана. Евразийский национальный университет Л. Н. Гумилева, с. 12.
2. Данилевский Н. 2003. Россия и Европа. Москва, Эксмо, с. 418.
3. Леонтиев К. 2010. Славянофильство и грядущие судьбы России. Москва, Институт Русской Цивилизации, с. 28.
4. Леонтиев К. 2010. Славянофильство и грядущие судьбы России. Москва, Институт Русской Цивилизации, с. 488.
5. Новгородцев П. 1923. София. Проблемы духовной культуры и религиозной философии, изд. «Обелиск», с. 104.
6. Лихоманов И. 2013. Владимир Соловьев и становление евразийского мира. Новосибирск, изд. «Новосибирск», с. 141.
7. Tchoubarian A. 1994. The European Idea in history in the nineteenth and twentieth centuries: a view from Moscow. Portland, FrancCass&Co. Ltd, pg. 104.
8. Глебов С. 2010. Евразийство между империей и модерном: История в документах. Москва, Новое издательство, с. 23.
9. Трубецкой Н. 1920. Европа и человечество. София, Российско – Болгарское книгоиздательство, стр.
10. Савицкий П. 2003. Географические и геополитические основы евразийства. Москва, изд. АСТ, с. 51.
11. Сувчинский П. 1997. Сила Слабых. Исход к Востоку. Москва, изд. Аграф, с. 61.
12. Святополк – Мирский Д. 2002. Поэты и Россия: Статьи, рецензии, портреты, некрологи. Москва, Алетейя, с. 26.

III СЕКЦИЯ

ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫ

КАЗАХСКАЯ, РУССКАЯ И ИНОСТРАННАЯ ФИЛОЛОГИЯ

Л.У. Алипбекова
Астана қ. (Қазақстан)

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ МӘТІНДЕРДІҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғылыми-техникалық стильдің өзіндік ерекшеліктеріне оның ақпараттылығы (мазмұндылығы), қисындылығы (қатаң жүйелілігі, негізгі ой мен егжей-тегжейлері арасындағы айқын байланысы), нақтылығы мен шындылығы және осы ерекшеліктерінен шығатын айқындық пен түсініктілік жатады. Бұл стильге жататын жеке мәтіндер жоғарыда аталып өткен өзгешеліктерге белгілі бір дәрежеде ие бола алады. Алайда мұндай мәтіндердің барлығында дерлік аталған қатынас саласының талаптарын қанағаттандыру арасындағы айқын байланысы, нақты қолданысы анықталады [1, 82].

Ғылыми стильдің қолданылу аясы айтарлықтай кең. Бұл әдеби тілге жан-жақты және қатты әсер ететін стильдердің бірі. Көз алдымызда орын алып отырған ғылыми-техникалық революция көптеген терминдерді жаппай қолданысқа енгізеді. Бұрын түсіндірме сөздіктер көркем әдебиет пен публицистика тілдері негізінде құрастырылса, қазіргі таңда дамыған тілдерді ғылыми стиль мен оның қоғам өміріндегі рөлін ескермей сипаттау мүмкін емес. Сенімді ағылшын Вебстер сөздігінің 600 000 сөзінің 500 000 арнайы лексика құрайтынын атап өтудің өзі жеткілікті [2].

Техникалық әдебиеттің сөздік қорына техникалық терминдер, яғни техникалық түсініктерді білдіретін сөздер мен сөз тіркестерінің кең қолданысы тән. Терминдер мен ауызекі тілде қолданылатын сөздер арасында көптеген сөздердің көпмағыналылығына байланысты нақты айырмашылықтарды айқындау мүмкін емес. Мысалы, жалпыға мәлім «электр», «температура», «паровоз», «автокөлік» түсініктері мен жиі қолданылатын «атом», «пластмасса», «дәрумен», «антибиотик», «пенициллин», «ғарыш» сияқты сөздер ауызекі тілде термин болып табылмайды. Екінші жағынан, «су», «жер», «от», «сұйықтық», «күш», «балшық», «саз», «күміс», «қысым» сияқты қарапайым сөздер негізгі мағыналы жүктемені атқаратын техникалық контекстегі терминдер болып табылады.

Терминдер көмегімен біз техникалық ойдың анағұрлым нақты, шоғырландырылған және үнемді анықтамасына ие боламыз. Мысалы, «су» термині – молекуласы сутегінің екі және оттегінің бір атомынан тұратын химиялық қоспаның ғылыми анықтамасы.

И.В. Арнольд атап өткендей, бұл стильдің ең айқын, бірден-бір ерекшелігі – арнайы терминологияның қолданысы. Ғылымның әрбір саласы пәні мен қызметінің тәсілдеріне сәйкес өзіндік терминологиясын қалыптастырады. Терминология – ғылыми стильдің өзегі, оның соңғы және ең түпкілікті айналымы, ғылыми тілдің жетекші, ең маңызды белгісі болып табылады. Термин ғылыми стильдің негізгі ерекшеліктерін нақтылы түрде көрсетіп, ғылыми қатынастың талаптарына сәйкестенеді деп айтуға болады. А.А. Реформатский терминдерді «бейнеліліктен айырылған бір мағыналы сөздер» деп анықтайды.

Ауызекі тіл сөздері мен терминдер арасындағы күрделі байланыс техникалық әдебиеттің жеке салалары терминологиясының анықталуын қиындатады. Осыған орай, А.Д. Швейцер техникалық әдебиет тілінде арнайы жүктемеге ие болмаған жағдайда,

ауызекі тіл сөздерін терминдер қатарынан шығаруды ұсынады [1, 95]. Қолданылу жиілігіне байланысты орналасқан 30 000 сөзді қамтитын Е. Торндайк пен И. Лордждың сөздігін саралай келе, А.Д. Швейцер түпкілікті терминологиялық мағынадағы сөздер тек бірінші 10 000 сөзден кейін ғана кездеседі деп санайды. 6 000 сөздер шегінде оның focus, skeleton, solar, telescope, thermometer; 7 000 сөздер шеңберінде eclipse, epidemic, filter, magnet, organic; 8 000 сөз арасында – abdomen, anatomy, lens, protein, sulfuric; 9 000 сөз ішінде-ferment, fungus, parasite, protoplasm, shale; және 10 000 сөз шеңберінде – calorie, carbohydrate, graphite, metamorphosis сөздерін кездестіргені қызық жайт. Алайда А.Д. Швейцер онымен ұсынылып отырған 10 000 сөзден кейінгі шек еркін болып табылатынын, және терминдер жүйелеуін 5 000 сөзден де бастауға болатынын жазады [1,183]. Терминология мен ағылшын техникалық терминдерінің аудармасы мәселелеріне Э.Р. Скороходько еңбегі арналған. Терминологияның тамаша сипаттамасын Я.И. Рецкер еңбегінен де табуға болады [3, 28]. Шағын техникалық мамандық бойынша жазылған әрбір мақалада терминдер 150-200 бірлікті құрайды. Ғылым мен техника дамуымен, арнайы бірмағыналы (номенклатуралық) терминдер қосымша мағына қосып алып, көпмағыналы жалпы ғылымдық немесе техникалық терминдерге айналады, ал көпмағыналы терминдер өз мағыналарынан айырылып, бір мағыналы болып қала алады.

Бұл – лингвистикалық пәндердің этнолингвистика аясында болатын өзара табиғи байланысы. Дәл осы тәрізді астарлас байланысты біз этнолингвистика мен қазақ диалектологиясы арасынан да айқын көреміз. Өйткені этнолингвистика әдеби тіл ауқымымен ғана шектелмей, жалпыхалықтық тіл фактілерін мүмкін болғанша түгел қамтуды мақсат етеді. Міне, осыған байланысты этнолингвистика жергілікті (жанды, ауызекі, жаргон т.б.) тіл ерекшеліктерін зерттейтін диалектологиямен мүдделес. Бұл – этнолингвист ғалымдар этнос болмысын танып-білуге қатысты жарияланған диалектологиялық материалдарды да, өз тұсынан жинаған фактілерді де пайдаланады деген сөз. Этнолингвистиканың диалектологиямен шендесуі ең алдымен, біріншісінің түбегейлі мақсатына байланысты: ол этносқа қатысты деректердің бәрін тіл қорының қойнау-қойнауларынан тінте қарап, тірнектеп жинап, сонау тайпа тілінен бастау алып, жергілікті тұрғындар қолданысында сақталып келе жатқан көне де байырғы сөздерді, көрші халықтар тілінен әр кезде қабылдаған ауыс-түйістерді, жергілікті кәсіпшілікке байланысты ұғым-түсініктерді жинақтап, түсіндіру арқылы этнолингвистиканың бастау алар бұлақтарының бірі болып саналады.

Қазақ этнолингвистикасы осы тәрізді басқа да лингвистикалық пән салаларымен (фразеология, паремиология, ономастика, терминология, социо-лингвистика т.б.) тығыз байланыста дамитынын көреміз.

Әдебиеттер

1. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. 22 б.

2. Жанұзақов.Т Лексика // Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. 244 б.
3. Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. 80 б.

Л.А. Задорожная
г. Астана (Казахстан)
Г.Ш. Кайназарова
г. Астана (Казахстан)

СЕМАНТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПЕРЕВОДЧЕСКИХ ТРАНСФОРМАЦИЙ

Вопросами исследования семантики и стилистики текста занимались многие зарубежные и казахстанские ученые, на основании чего можно сделать вывод о том, какое значительное место занимает данная проблематика как в теоретическом описании многогранного процесса перевода, так и в применении полученных теоретических постулатов на практике.

Если говорить о значении слова «семантика», то следует в первую очередь обратиться к толковым словарям. К примеру, в толковом словаре русского языка С.И. Ожегова по запросу «семантика» приводится следующая словарная статья: «в языкознании: значение, смысл (языковой единицы). Семантика слова. Семантика предложения» [1]. Мы предполагаем, что понятие «семантика» имманентно для каждой языковой единицы и связано с культурно-историческими предпосылками наименования объекта тем или иным образом.

В этом же лексикографическом источнике для понятия «семантика» существует словарная статья следующего характера: «значение (слова, оборота речи и т. п.)». Вследствие вышесказанного можно предположить, что данные понятия прямым образом взаимосвязаны, и слово «семантический» в плане значения и содержания выражает тот же смысл, что представлен в словарной статье для слова «семантика».

Рассматривая понятие «семантика» в более глубоком смысле, мы обратились к толковому словарю русского языка Т.Ф. Ефремовой. В данном лексикографическом источнике по соответствующему запросу содержится словарная статья, указывающая на множественное значение слова «семантика». В первую очередь, данное понятие трактуется как «значение, смысл языковой единицы (морфемы, слова, словосочетания и т.п.)». Во-вторых, понятие «семантика» предлагается рассматривать как «раздел языкознания, изучающий смысловую сторону языка». В-третьих, данное слово представляется как «раздел семиотики, изучающий знаковые системы как средства выражения смысла». Последнее, четвертое описание приводится в следующем ключе: «раздел логики, изучающий отношение логических знаков к понятиям». Подобным способом приводится в упомянутом толковом словаре описание понятие «семантический». Во-первых, предлагается трактовать слово в качестве «соотносящегося по значению с именем существительным семантика, напрямую связанным с ним». Во-вторых, в источнике дается трактовка в качестве «свойственного семантике, характерного для нее». И затем уже приводится описание в качестве «принадлежащего семантике» [2].

Вышеупомянутые особенности влияния семантического аспекта на исследование языковой репрезентации находят свое отражение в теоретических результатах анализа материала предыдущей главы. Это связано с тем, что с момента начала эпохи независимости и ее становления в различных сферах социально-общественной жизни произошел ряд изменений и в лексико-семантическом составе языке, сложились

определенные черты использования переводческих приемов и трансформаций, применяемые в ходе работы с текстами высокого уровня, имеющими широкое локальное и международное влияние.

Исходя из различия структур трех функционирующих на территории Республики Казахстан языков, ключевую роль играет семантический аспект в контексте рассмотрения основных проблем перевода.

Семантический аспект перевода предполагает учет взаимоотношения концептов «значение и смысл» с понятийным аппаратом культурной среды государства при переводе. Так как казахский, русский и английский языки обладают совершенно разными характеристиками, такими, как синтаксическая структура предложения, порядок словообразования, порядок слов в предложении, то при переводе в основном приходится опираться на передачу точной семантики текста, в том числе его коннотативной окраски.

Кроме того, исследуя семантические и стилистические аспекты, возникающие в процессе перевода, необходимо учитывать ряд значительных факторов, которые обеспечивают соответствие исходного и вторичного текстов. Согласно Л.К. Жаналиной, – это культурные, социальные, психологические, исторические, и языковые фильтры, которые фиксируются в тексте оригинала, воспринимаются и воспроизводятся в переводном тексте, который строится при участии тех же детерминантов, но уже во втором языке [3].

Казахстан – демократическое многонациональное государство, активно поддерживающее свой интернациональный образ членством во многих международных организациях и повсеместной глобальной деятельностью. В связи с чем, мы считаем, возникает необходимость выявления и последующего регламентирования английских эквивалентов основных семантических маркеров эпохи независимости, несущих в себе идеи толерантного и независимого светского государства.

Тем не менее, в ходе исследования эквивалентов перевода семантических маркеров на английский язык мы столкнулись с некоторыми разногласиями в вариантах интерпретации. В первую очередь, они связаны с необходимостью учитывать не только семантический концепт выражения, но и его морфологические признаки. В.П. Глухов утверждает, что семантический компонент изначально включает в себя два «звена»: лексикон и правила соотнесения лексикона с грамматической структурой. По мнению ученого, лексикон состоит, из двух компонентов грамматического (генерирующего части речи) и семантического, обеспечивающего, собственно, семантику речи [4].

По мнению А.Т. Кульсариевой, перевод является феноменом культуры [5]. Зачастую, в период становления государства, происходит внедрение национальных лексических единиц в активный словарь переводчика. Это напрямую связано с тем фактом, что изменение названия государства и приобретение им независимости подразумевает образование производных лексических единиц, ранее не регламентированных в англоязычных источниках.

Таким образом, можно сделать вывод, что экстралингвистические процессы, обусловленные эпохой независимости Республики Казахстан, оказывают значительное влияние на семантический состав русского и казахского языков. Что, в свою очередь, в перспективе расширяет комплекс переводческих задач и способствует возникновению новых эквивалентов в английском языке.

Основным приемом, через который происходит реализация семантического аспекта в процессе перевода, являются переводческие трансформации. Большинство исследователей полагают, что именно семантические или лексические переводческие трансформации преобладают в практике перевода. Грамотное владение искусством применения семантических или лексических переводческих трансформаций является залогом успешного осуществления перевода.

В своем исследовании мы предлагаем выделить следующую классификацию:

1) лексические трансформации: транскрибирование, транслитерация, калькирование.

2) Семантические трансформации: конкретизация, генерализация, модуляция (смысловое развертывание, логическое развитие), антонимический перевод.

Литература

1. Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка. Издательство: Мир и Образование, Оникс; 2011 г. - 736 с.

2. Ефремова Т.Ф. Новый словарь русского языка (толково-словообразовательный). Дрофа, Русский язык, 2000. — 1233 с.

3. Жаналина Л.К. Стилема как единица художественного текста/ Актуальные проблемы теории и практики перевода в контексте современности: Материалы межвузовской научно-практической конференции 3-4 февраля 2004 года. - Алматы, –2000. 283 с.

4. Глухов В.П. Основы психолингвистики. – М.: АСТ: Апрель, 2005. 351 с. – (Высшая школа).

5. Кульсариева А.Т. Перевод – феномен цивилизации: автореферат / Кульсариева А.Т. – Алматы: Казахский Университет, 2006. – 42 с.

А.У. Ильясова
г. Астана (Казахстан)

ВИДЫ НЕВЕРБАЛЬНЫХ СРЕДСТВ ОБЩЕНИЯ

Древнеримский политик и философ, один из величайших ораторов Древнего Рима Цицерон писал: «Каждое движение души имеет свое естественное выражение в голосе, жесте, мимике», - т.е в невербальных сигналах речевой коммуникации.

Невербальная коммуникация - это вид общения без использования слов, то есть с помощью мимики, жестов, телодвижений, интонации, использование которых биологически и культурно обусловлено. Невербальное общение составляет более 70% всей информации, воспринимаемой в процессе общения. То есть, невербальные средства общения – это главная доминирующая часть нашей коммуникационной деятельности с другими людьми.

По данным исследователей, с помощью слов передается всего 30 % информации, остальная - несловесными средствами. Эти данные заставляют задуматься над значением невербального общения для взаимопонимания людей, а также порождают желание овладеть искусством толкования этого языка. Невербальное общение - это вид общения без слов, который несет в себе значительное количество информации. По данным исследований, невербальное общение является более правдивым источником, так как оно произвольно и не поддается контролю. С помощью таких средств невербального общения как мимика, жесты и поза человек выражает свои чувства, эмоции, настроение и отношение, дает оценку происходящим событиям. Невербальные средства общения считаются интернациональными. Однако незнание особенностей использования каких-либо жестов представителями разных народов может привести к недоумению и непониманию, неправильному суждению о поведении и культуре людей [1, с. 113].

Давайте рассмотрим три основных вида невербальных средств передачи информации (или их еще называют паралингвистические средства общения): фонационные, кинетические и графические.

К фонационным невербальным средствам относятся тембр голоса, темп и громкость речи, устойчивые интонации, особенности произнесения звуков, заполнения пауз (э, мэ...).

К кинетическим компонентам речи относятся жесты, позы, мимика, маски.

Графические невербальные средства коммуникации, в свою очередь, выделяются только в письменной речи (смайлики).

Невербальная коммуникация составляет следующие основные знаковые системы:

- оптико-кинетическую
- пара- и экстралингвистическую
- организацию пространства и времени коммуникативного процесса
- визуальный контакт

Взаимодействие этих средств выполняет следующие функции:

- дополнение речи
- замещение речи
- репрезентация эмоциональных состояний партнеров по коммуникативному процессу.

Оптико-кинетическая система знаков включает в себя:

- жесты
- мимику
- пантомимику [2, с.376].

В целом оптико-кинетическая система предстает как более или менее отчетливо воспринимаемое свойство общей моторики различных частей тела (рук, и тогда мы имеем жестикуляцию; лица, и тогда мы имеем мимику; позы, и тогда мы имеем пантомимику). Первоначально исследования в этой области были осуществлены еще Дарвином, который изучал выражения эмоций у человека и животных. Именно общая моторика различных частей тела отображает эмоциональные реакции человека, поэтому включение оптико-кинетической системы знаков в ситуацию коммуникации придает общению некие особенности. Эти особенности оказываются неоднозначными при употреблении одних и тех же жестов в различных национальных культурах. Например, всем известные недоразумения, которые возникают при общении русского и болгарина. Утвердительный или отрицательный кивок головой, для русского движение головы сверху вниз интерпретируется как согласие, в то время как для болгарина это отрицание, и наоборот. Значимость оптико-кинетической системы знаков в коммуникации настолько велика, что в настоящее время выделилась особая область исследований – кинесика, которая исследует данные проблемы [3, с.98]. Так, например, в исследованиях всемирно известного британского психолога Майкла Аргайла изучались частота и сила жестикуляции в разных культурах (в течение одного часа финны жестикулировали 1 раз, итальянцы – 80, французы – 20 и т.д.) [4, с.12].

Паралингвистическая и экстралингвистическая системы знаков представляют собой также «добавки» к вербальной коммуникации. Паралингвистическая система – это система вокализации, т.е. качество голоса, его диапазон, тональность. Экстралингвистическая система – включает в речь паузы, другие вкрапления, к которым можно отнести: покашливания, плач, смех, темп речи. Все эти дополнения увеличивают семантически значимую информацию, но не посредством дополнительных речевых включений, а «около-речевыми» приемами.

Организация пространства и времени коммуникативного процесса выступает также особой знаковой системой, которая несет смысловую нагрузку как компонент коммуникативной ситуации. Например, размещение коммуникантов лицом друг к другу способствует возникновению контакта, символизирует внимание к говорящему, в то время как окрик в спину также может иметь определенное значение отрицательного порядка. Экспериментально доказано преимущество некоторых пространственных форм организации общения как для двух партнеров по коммуникативному процессу, так и в массовых аудиториях [5, с.115].

Проксемика как специальная область, занимающаяся нормами пространственной и временной организации общения, располагает в настоящее время большим экспериментальным материалом. Основатель проксемики американский антрополог

Эдвард Холл, называет проксемику «пространственной психологией», исследовав первые формы пространственной организации общения у животных. В случае человеческой коммуникации предложена особая методика оценки интимности общения на основе изучения организации его пространства. Эдвард Холл зафиксировал нормы приближения человека к партнеру по общению, свойственные английской культуре; интимное расстояние (0-45см), персональное расстояние (45-120см), социальное расстояние (120-400см); публичное расстояние (400-750см). Каждое из них свойственно особым ситуациям общения. Эти исследования имеют большое прикладное значение, прежде всего при анализе успешности деятельности различных дискуссионных групп. Так, например, в ряде экспериментов показано, как должно быть оптимальное размещение членов двух дискуссионных групп с точки зрения «удобства» дискуссии [6, с.116].

В каждом случае члены команды – справа от лидера. Естественно, что средства проксемики не в состоянии обеспечить успех или крах в проведении дискуссий; их содержание, течение, направление задаются гораздо более высокими содержательными уровнями человеческой деятельности (социальной принадлежностью, позициями, целями участников группы). Оптимальная организация пространства общения играет определенную роль лишь «при прочих равных», но даже и ради этой цели изучением проблемы стоит заниматься.

Следующая знаковая система в коммуникативном процессе, которую мы рассмотрим - это «контакт глаз», имеющий место в визуальном общении. Исследования в этой области тесно связаны с общепсихологическими исследованиями в области зрительного восприятия – движения глаз. В социально-психологических исследованиях изучается частота обмена взглядами, их длительность, смена статики и динамики взгляда, избегание его и т.д. На первый взгляд «контакт глаз» кажется весьма ограниченной знаковой системой, например, пределами сугубо интимного общения. Действительно, в первоначальных исследованиях этой проблемы «контакт глаз» был привязан к изучению интимного общения [7, с.198]. Майкл Аргайл разработал даже определенную «Формулу интимности», выяснив зависимость степени интимности, в том числе и от такого параметра, как дистанция общения, в разной мере позволяющая использовать контакт глаз. Однако позже спектр таких исследований стал значительно шире: знаки, представляемые движением глаз, включаются в более широкий диапазон ситуаций общения. В частности, есть работы о роли визуального общения для ребенка. Выявлено, что ребенку свойственно фиксировать внимание, прежде всего на человеческом лице: самая живая реакция обнаружена на два горизонтально расположенных круга (аналог глаз). Это явление оказывается весьма важным в работе педагогов и вообще лиц, имеющих отношение к проблемам руководства. Как и все невербальные средства, контакт глаз имеет значение дополнения к вербальной коммуникации, т.е. сообщает о готовности поддержать коммуникацию или прекратить ее, поощряет партнера к продолжению диалога и способствует тому, чтобы выявить свое «Я», или, напротив, его скрыть [4, с.65].

Для всех четырех систем невербальной коммуникации встает один общий вопрос методологического характера. Каждая из них использует свою собственную знаковую систему, которую можно рассмотреть как определенный код. Как уже было отмечено выше, всякая информация должна кодироваться, причем так, чтобы система кодификации и декодификации была известна всем участникам коммуникативного процесса. Но если в случае с речью эта система кодификации более или менее общеизвестна, то при невербальной коммуникации важно в каждом случае определить, что же можно здесь считать кодом, и главное, как обеспечить, чтобы и другой партнер по общению владел этим же самым кодом. В противном случае никакой смысловой прибавки к вербальной коммуникации описанные системы не дадут.

Как известно, в общей теории информации вводится понятие «семантически значимой информации». Это количество информации, которое только и «срабатывает». В процессе человеческой коммуникации это понятие можно интерпретировать так, что

семантически значимая информация – это как раз та, которая и влияет на изменение поведения, т.е. которая имеет смысл. Все невербальные знаковые системы умножают этот смысл, иными словами, помогают раскрыть полностью смысловую сторону информации. Но такое дополнительное раскрытие смысла возможно лишь при условии полного понимания участниками коммуникативного процесса значения используемых знаков, кода. Для построения понятного всем кода необходимо выделение каких-то единиц внутри каждой системы знаков, по аналогии с единицами в системе речи, но именно выделение таких единиц в невербальных системах оказывается главной трудностью. Нельзя сказать, что проблема решена полностью на сегодняшний день. Однако различные попытки ее решения предпринимаются [8, с.49].

Таким образом, анализируя все системы невербальной коммуникации, можно сделать вывод, что невербальное общение и все его составляющие, играют немаловажную роль в коммуникативном процессе. Обладая способностью не только усиливать, но и ослаблять вербальное воздействие, все системы невербальной коммуникации помогают выявить такой существенный параметр коммуникативного процесса, как намерения его участников. Вместе с вербальной системой коммуникации эти системы обеспечивают обмен информацией, который необходим людям для организации совместной деятельности.

Литература

1. Биркенбил В. Язык интонации, мимики, жестов. СПб.: Питер, 1997.-224с.
2. Введенская Л.А, Павлова Л.Г. Культура и искусство речи. Современная риторика. Ростов-на-Дону.: Издательство «Феникс», 2003. - 576 с.
3. Гируцкий А.А. Общее языкознание. М.: Гетра-Сист, 2001. - 105 с.
4. Аргайл Майкл. Психология счастья. Перевод с английского. Общая редакция и вступительная статья кандидата педагогических наук М. В. Кларина. Переводчики: М. В. Гулина (гл. 1-4), Н. Г. Мкервали (гл. 5-11). Редактор Н. И. Самодина. Художник3. В. В. Кулешов. М. Прогресс, 1990. - 336с.
5. Иванова-Лукьянова Г.Н. Культура устной речи. М.: Наука, 2001.-197 с.
6. Дж. Фаст, Язык тела. Азбука человеческого поведения, М., «Центрполиграф», 2006.- 216 с.
7. Сопер П. Основы искусства речи. М.: Прогресс, 2002.- 215 с.
8. Айслер-Мертц К. Язык жестов. М., 2001.-106 с.

**Э.Қапаған
Карабюк қ. (Түркия)**

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ (ҚЫРҒЫЗ, ҚАЗАҚ, ТҮРІК) ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ АЛҒЫС (БАТА, ТІЛЕК, ДҰҒА) СӨЗДЕРДІҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ

Фольклор – элем халықтарының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптарын, ұлттық-этнографиялық тұрмыс ерекшеліктері, наным-сенімдері, философиялық дүниетанымы, психологиялық жан ділі, т.б. – сан салалы қасиеттер жинақталған рухани құндылық қазынасы. Адамзат ұрпақтарының әуелгі пайда болуынан бастап қазіргі кездегі өркениет кеңістігіндегі жетістіктері – халық даналығы ықпалымен өркендеп келеді. Әлем өркениеті – ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан, даму жолы үздіксіз жалғасқан жолының жетістіктер көрсеткіші.

Түркі халықтарының (қырғыз, қазақ, түрік) фольклорындағы сөз өнері үлгілері (мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертетілер, аңыздар, тұрмыс-салт өлеңдері,

батырлық және лиро-эпостық дастандар, тарихи өлеңдер мен эпикалық жырлар, айтыстар) – ұрпақтардың дүниетанымындағы ортақ көзқарастарды да, өзіндік айырмашылықтарды да саралап танытатынымен ерекшеленеді. Туысқан халықтардың ортақ дүниетаным көзқарастары ежелгі сақ, ғұн, түркі өркениеті дәуірлерінің фольклоры мен әдебиеті мұраларында жинақталды. Бұл орайда, Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт Көшбасшысы – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған «Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда Күлтегін жайымының тұсаукесерінде сөйлеген сөзі туысқан халықтар мұраларындағы ортақ үндес дүниетаным бірлігіндегі өзіндік ұлттық өзгешеліктерді де байыптауға бағдар береді:

«Тарихты әділет тұрғысынан объективті таразылау, әрдайым осы қағидаттан айнымау – ғылыми үдерімнің биік мұраты болуға тиіс. Бүгінгі күнге дейін халқымыздың басынан кешірген тарихи шындықты ғылыми ақиқат биігінен саралап беруге түрлі объективтік және субъективтік себептердің салдарынан мүмкіндік болмағаны да рас. Қазіргі ғаламдану үрдісі, халықаралық қарым-қатынастар өрісінің ашылуы, соның ішінде ғылыми-ақпараттық кеңістіктің кеңеюі – көптеген көкейкесті күрделі проблемаларды бірлесіп шешуді талап ететіні мәлім.

Бұл ретте түркі өркениетінің текті де терең тамырлы тарихы мен төлтума мәдениетін биік парасат үдесінен терең таразылаудың, оны кейінгі ұрпақтың сана-сезіміне сіңірудің, олардың бойына ешкімнен кем түспейтін тарихының барына, яғни кемел келешегінің барына деген сенімді дарытудың, сол арқылы отаншылдық сезімін тәрбиелеудің біз үшін маңызы да, мәні де ерекше» [1, 11-12-бб.].

Түркі халықтары (қырғыз, қазақ, түрік) фольклорындағы алғыс (бата, тілек, дұға) сөздердің тарихи-мәдени негіздерінің бастауында мынадай мәселелерді саралап айтамыз: біріншісі – түркі халықтарының көптеген ғасырлар бойы ортақ ұлыстық-мемлекеттік құрылымдарда өмір сүргендігі; екіншісі – түркілік-туыстық қандастық тектестік арнасындағы ортақ дүниетаным бірлігінің қалыптасқаны.

Түркі халықтарының фольклорындағы алғыс (бата, тілек, дұға) сөздердің көркем шындықпен аясындағы бейнелі өрнектермен ұрпақтарды тәрбиелеудегі белсенді қызметі ғасырлар бойы үздіксіз қолданылып келеді. Түркі халықтары рухани мәдениеті тарихындағы тұңғыш рет «Түрік тілінің сөздігі» («Диуани лұғат ит-түрік») атты әдебиет пен тіл мұраларын жинақтаған энциклопедиялық-филологиялық еңбек жазған Махмұт Қашқаридің пікірі тақырып нысанындағы өзекті мәселенің тарихи-мәдени негіздерін дәйектейді:

«Сонымен, мен сол түріктердің қызыл тілге ең шешендерінен, ең әдемі әңгімелерінен, ең бір зеректерінен, ең білгірлерінен, ежелгі асыл тайпаларынан уа соғыс ісінде мықты найзагерлерінен болғандығымнан, олардың шаһарлары мен сахарасын бастан-аяқ аралап шықтым. **Түрік, түркмен, оғыз, шығыс, йағма, қырғыздардың** сөздерін және (сөздерінің) қасиет, құпияларын анықтап шықтым, оларды пайдаландым. Мен бұл істерді осы тілдердегі әрбір кішігірім айырмашылықтарды парықтап білу үшін істедім. Сонымен олардың әрқайсысының тілі менің көңілімде ұялап, берік сақталып қалды. Мен оларды мұқият зерттеп, әбден тәртіпке келтіріп, жүйелеп шықтым.

... Мен бұл кітапты хикмат сөздер, сежілер (ұйқасты, үйлесімді, сөз), мақал-мәтелдер, өлең-жырлар, режес (қаһармандық, батырлық жырлардан үзінді) және несір (көркем қарасөз – А. Е.) секілді әдеби сөздермен безендіріп, мақсұс әліппесі ретімен түзіп шықтым» [2, 31-б.].

Алғыстар – түркі халықтары мұраларында ежелден келе жатқан адамдарға, тіршілікке жақсылық тілеуге арналған сөздер. Олар халық даналығының көркем шындықпен жинақталған үлгілері мақал-мәтелдер үлгілері арқылы да байқалады. Мысалы, Махмұт Қашқаридың «Түрік тілінің сөздігі» («Диуани лұғат ит-түрік») кітабындағы мақал-мәтелдердің барлығы жақсылық пен жамандық қасиеттерін адамгершілік-имандылық қасиеттері таразысымен тануға арналған тәлім-тәрбиелік

тағылымымен ерекшеленеді. Ал, арнау сипатындағы үлгілері бата-тілек бағдарлылығымен байқалады:

... Өгіздің аяғы болғанша,
Бұзаудың басы бол!
Суды көрмей етігіңді шешпе!
Көкке қарап түкірме, көзіңе түсер көбігі!
... Ит қаппайды деме,
Ат теппейді деме!
Арыстанды арбап
Қуыршақты ұстасаң да зорлап ұстай алмайсың.
... Қырғауылды торуылдап ұстасаң да,
Үйіндегі тауығыңды ұмытпа!
Қырсызбен ұрыссаң да,
Арсызбен ұрыспа!
Батырды ренжітіп, зәбір қылма,
Ұшқыр аттың арқасын жауыр қылма!
... Қызбен күреспе,
Қысырмен жарыспа! [3, 54-66-бб.].

Қырғыз, қазақ, түрік халықтарының фольклорындағы мақал-мәтелдерде негізі қаланған бата-тілек арнау сөздердің поэтикалық мағыналары адамдардың жақсы істерін мадақтау, ризалық алғысы аясындағы көңіл-күй сарындарымен өрнектелген. Адамдардың тұрмыстық қарым-қатынастары мәдениеті аясындағы қайшылықты мінез-құлық қасиеттерін салыстыра, шендестіре саралай отырып, жағымсыздықтан аулақ болу, ізгілікке, игілікке ұмтылу насихаты уағыздалады. Бата-тілек сөздердің адамдар арасындағы имандылыққа толы қарым-қатынастарды ұғындыратын ұлағаты ұғындырылады.

Түркі халықтарына ортақ дүниетаным аясындағы адамдардың әуелі өзіне, отбасына, одан кейін халыққа, жалпыадамзатқа жақсылық, бейбітшілік жасайтын адамгершілік қасиеттерін ұлықтау бата-тілек арнауымен айтылған:

... Көрікті тоның өзінде болсын,
Шырын асың өзгеге болсын.
Қонақты қолыңнан келгенше құрметте,
Абырой, атағың жұртқа жайылсын.
... Ұлым, менен үгіт үйрен, тәлім ал,
Ел ішінде білім тарат, ғалым бол!
... Жол сәтті болсын!
... Ұлық болсаң, кішік бол!
Халық үшін бәлік бол!
... Алыптармен ұрыспа
Бектерменен тіреспе [3, 66-б.].

«Түркі тілінің сөздігі» («Диуани лұғат ит-түрік») кітабындағы кейбір халық өлеңдері аумақтары да бата-тілек сөздер дәстүріндегі байырғы үлгілер тағылымын аңғартады:

... Жамандық жойылсын,
Әділ заң іске асын!
Қой мен қасқыр дос болсын,
Қайғы-қасірет жоқ болсын.
... Киімің болса жақсы өзің ки,
Дәмді тағам болады өзгеге сый.

Құрмет қылсаң қонақты,
Асады даңқың халқыңа.
Жау жағынан көз алма,
Еліңе шапса дұшпаның,
Қарсы тұрып табанда
Кек алудан аянба!
Саған қарап күлсе біреу,
Жайнаған жүзің жасырма.
Сақ болғайсың тіліңе,
Жақсы сөзден тайсалма! [4, 64-65-бб.].

Түркі халықтарына ортақ ежелге әдеби жәдігерліктерде бата-тілек сөздердің ата-бабалар қалыптастырған жақсылық атаулыға алғыс сезіміне негізделген арнаулар тұрақты фразеологиялық құрылымдар үлгілері сипатында байқалады.

Қырғыз, қазақ, түрік, т.б. туысқан халықтарға ортақ фольклор мен әдебиет дәстүрлері тұтасқан мұраларда дидактикалық-философиялық мағыналы қолданыстар мол кездеседі. Мысалы, «Қорқыт Ата кітабы» фольклорлық-әдеби мұрамыздағы Қорқыт Ата мен кейіпкерлердің алғыс-мадақ пен бата-тілек тұтастығындағы философиялық мағыналы көркем кестелі поэтикалық мағыналы өрнектер халық даналығының көркемдік-эстетикалық қуаттылығын дәлелдейді. «Қорқыт Ата кітабындағы» «Қорқыттың нақыл сөздері» бөлімінде фәни мен бақи жалғастығындағы адамзат ұрпақтары ғұмырындағы қарама-қайшылықты қасиеттер, құбылыстар, шендестіріле бейнеленеді. Тіршілік қозғалысындағы адамдар мен қоршаған тіршілік қозғалысындағы тектес және қарама-қарсы мағыналы ұғымдар мен бағалаулар жүйесіндегі үндестіктер мен қайшылықтар, қақтығыстар жүйелене баяндалған. «Қорқыттың нақыл сөздері» фольклордағы мақал-мәтелдермен, авторлық поэзиядағы ақын-жыраулардың толғау-термелерімен, би-шешендердің толғаныстарымен үндес. Қорқыт Атаның бағалау мен бата-тілек тұтастығындағы ұлағат сөзі түркілік дүниетанымға тән ойшылдық-ұстаздық ұлағатын аңғартады:

«Мықты, жүйрік бедеуге қорқақ жігіт міне білмес, ол мінгенше, мінбесе игі. Шалып кесер өз қылышыңды мұқалтып шалғанша, шалмаса игі. Шала білген жігітке оқ пен қылыштан гөрі – бір шокпардың өзі артық. Қонақ келмеген үйдің құлағаны артық. Ат жемейтін ащы шөп біткенше, бітпегені игі. Адам ішпес ащы су жылға қуып аққанша, ақпағаны игі. Баба атын шығармаған жігерсіз ұл баба белін бүгілткенше, бүгілтпегені игі. Баба атын шығаратын дәулетті ұл болғаны игі. Жалған сөз дүниеде болғанша болмағаны игі. ... Үш отыз он жасқа (жүз жаса дегені) толып ұзақ өмір сүріңіз! Жаратқан Ием Сізге жаманшылық келтірмесін, дәулетіңіз баянды болсын, ей, хан ием!» [5, 12-б.].

Бата-тілектер – алғысқа, ризалыққа, толы көңіл-күйден туындайтын сөздер. Халықтың ата-бабалар қалыптастырған ұлағатты тәлім-тәрбиесін, еңбексүйгіштікті, батырлықты, мәрттікті жан діліне сіңірген ұрпақтарға сүйсінген абыздардың-ақсақалдардың, ақын-жыраулардың, би-шешендердің, көсемдердің алғыс сезіміне толы жүрек лебіздерін арнауы – дәстүрлі жағдай.

«Қорқыт ата кітабындағы» «Дерсе ханұлы Бұқаш хан әңгімесінің баяны» саласында Дерсе ханның жас ұлының дене күші қайратымен байлаудан босатылған, өзіне сүзуге ұмтылған асау бұқаны қолымен тіреп тоқтатып, басын кесіп бауыздаған жойқын қуатына сүйсініп, есімін Бұқаш деп қойып, Қорқыт абыз алғыс-мадақ сезіміне бөленген бата-тілек жырын арнаған:

Ей, Дерсе хан,
Бектік бер бұл ұғланға,
Тақ бер астына, өнерлі екен!
Қазмойынды бедеу ат бер бұл ұғланға.
Мінер болсын, өнерлі екен!

Қой қорадан он мың қой бер ұғланға.
Соғым болсын, өнерлі екен!
Аруаналардан қымыз түйе бер ұғланға,
Жүк артатын көлік болсын, өнерлі екен!
Алтын баулы отау бер бұл ұғланға,
Көлеңке болсын басына, өнерлі екен!
Құс иінді торқа тон бер ұғланға,
Киер болсын үстіне, өнерлі екен! [5, 20-б.].

Дерсе хан ұлы Бұқаштың жаңа басталған алғашқы іс-әрекеттеріне риза болған халықтың сенімі ақталады. Күншіл, қызғаншақ қырлық жігіт нөкерлердің әзәзіл сөздеріне иланып, аңда жүріп өз ұлын өзі атқан Дерсе ханның сөзге ергіш ұстамсыздығы, артынша сол ісіне өкінген ханның күйініші, күйзелісі, аңдағы ұлын іздеген анасының зары, боз атты Қызырдың бала жарасын үш мәрте сипағаны, тау шешегі мен анасының сүтін жағып жазылатынын айтқаны, баланың жазылғаны – бәрі сюжеттік-композициялық шиеліністі оқиғалар желісін құрайды. Қарақшылардың зұлымдық тұтқынына түскен әкесі Дерсе ханды құтқарып, жауларды өлтіріп, тұтқындап жеңген батыр бала Бұқашты Байындыр хан билік тағына отырғызғаннан кейінгі сюжеттік шешімнен кейін Қорқыт Ата берген алғыс-бата – түркі халықтарының батырлық, елдік-отаншылдық дәстүрлері қалыптасқан ататарих кезеңдері шындығын көз алдымызға елестетеді:

«Ақ өлім келсе, парызыңды өтерсің! Бақ-дәулет, ақыл-парасатыңды арттырып, Тәңірім қуат берсін!

Бата берейін:
Қаратауларың құламасын!
Көлеңкелі қаба ағашың кесілмесін!
Күркіреп аққан суларың сарқылмасын!
Қанаттарыңның ұшы қырқылмасын!
Бәйгеге жіберген Ақбоз атың мүдірмесін!
Қара болат қылышың мұқалмасын!
Шашақты найзаң сынбасын!
Ананың жатқан жері пейіш болсын!
Бабаңның жатқан жері ұрмақ болсын!
Хақ жандырған шыр ағың жана берсін!

Тәңірің сені қара жүрек қарақшыларға мұқтаж етпесін, ей хан ием! [5, 28-29-бб.].

«Қорқыт Ата кітабындағы» алғыс-бата-тілек сөздері түркі халықтарының (қырғыз, қазақ, түрік, т.б.) фольклоры мен әдебиеті мұраларының – тарихи-мәдени негіздерінің бірі. Ондағы барлық тақырыптық бөліктердегі сюжеттік-композициялық құрылымдардағы оқиғалар барысында, сюжеттік шешімдерінен кейін үнемі Қорқыт Атаның алғыс-бата сөздері тұрақты түрде айтылады.

«Салар Қазан үйінің шабылғаны туралы әңгіменің баяны» бөлімінде кәпірлердің батыр нөкерлерімен аңға кеткен Қазанбектің ордасын басып алып, бала-шағасын, қазынасын олжалаған кәпірлерден солардың бәрін шайқаспен қайтарып алған кездегі қаһармандық-жауынгерлік ерлік істерге тебіренген, алғыс сезімімен шабыттанған сәттегі алғыс-бата-тілектердің түйдектеле төгілгенін оқимыз:

«Қорқыт Ата келіп, жыр жырлады. Осынау оғыз-наманы қорыта келіп, ол былай депті:

Қане, ей бектер, жарандар,
Дүние менікі дегендер!
Ажал алды, жер жұтты,
Фәни дүние кімге қалды!
Келімді-кетімді дүние

Ақыр соңы – өлімді дүние!
Қарлы қара тауларың құламасын!
Көлеңкелі қаба ағаштарың кесілмесін!
Тасып аққан ағын суларың суалмасын!
Тәңірі сені қарақшыға мұқтаж етпесін!
Жүйрік ақ боз атың мүдірмесін!
Қара болат қылышың кетілмесін!
Сілтеген найзаң сынбасын!
Ақ сақалды бабаның жатқан жері ұрмақ болсын!
Ақ шашты ананың жатқан жері жәннат болсын!
Ақыр соңы ар-иманнан айырмасын!
Әумин дегендер Тәңірінің жүзін көрсін.
Хақ алдында бес ауыз сөзбен дұға оқыдық, қабыл болсын!
Алланың берген үміті кесілмесін!

Барша күнәңызды аты қасиетті Мұхаммед Мұстафаның нұрлы дидары үшін кешірсін, ей, хан ием!» [5, 44-б.].

«Қорқыт Ата кітабындағы» Абыз-Баба бата-тілектерінің бәрі де композициялық құрылымындағы әр тақырыптағы сюжеттерінің аяқталуына қорытынды сипатымен ерекшеленеді. «Қам Бура Бекұлы Бамсы Бәрік әңгімесінің баяны» бөлімінің соңындағы Қорқыт Атаның бата сөзінде де әуелгі үлгілердей фәни өткіншілігі туралы шумақтардан кейін оқиға сарынына байсалды, салмақты ой үстемелейтін мағыналы ой тұжырымдары айтылған:

... Бата берейін хан ием,
Жері қара тауларың құламасын!
Көлеңкелі қаба ағашың кесілмесін!
Ақ сақалды бабаңның жатқан жері ұрмақ болсын!
Ақ шашты анаңның жатқан жері бейіш болсын!
Ұл мен қыздан айырмасын!
Ақыр соңында таза иманнан айырмасын! [5, 74-б.].

Ал, «Доқа Қожаұлы Дели Домрул әңгімесінің баяны» атты бөлімінің соңында осы бата-дұға қысқаша қайталанған нұсқамен берілген: «Қаңлы Қожаұлы Торалы әңгімесінің баяны» бөлігінің соңындағы бата («Ажал келгенде – таза иманнан айырмасын! Тәңірім сені қарақшыға мұқтаж етпесін! Алланың берген үміті үзілмесін! Хақ алдында бес ауыз сөзбен дұға қылдық, қабыл болсын! Барша күнәңізді Мұхаммед Мұстафаның жарқын жүзі кешірсін, ей, хан ием!») [5, 119-б.], да дәстүрлі сипатымен берілген. Ал, «Басаттың Төбекөзді өлтірген әңгімесінің баяны» бөліміндегі сюжеттік шешімнен кейінгі мәтінде алғыс-бата айтылған:

«Қалың оғыз бектері жиналып, Салаһана Қиясына келді. Төбекөздің басын орталарына алды. Қорқыт Атаны шақырып, шаттық әуенін шалдырды, ол қаһарман жарандардың басынан кешкендерін баян етіп, Басатқа алғыс айтты:

Қаратаудың асқарынан аса берсін,
Қанды-қанды сулардан өте берсін! – деді.

Ерлікпен ағанның кегін қайтарып, қанын алдың. Қалың оғыз бектерін ауыр азаптан құтқардың. Алла жүзіңді ақ етсін, Басат! – деді» [5, 129-б.].

«Қорқыт Ата кітабындағы» алғыс бата-тілек сарындары тұтаса өріле айтылған сөздер түркі халықтарына ортақ дүниетаным үндестіктерінің тарихи-мәдени негіздері желісін құрайды.

Туысқан халықтардың фольклоры мен әдебиеті мұраларында түркілік наным-сенімдер мен ислам діні ұстанымдары тоғысуы құбылыспен сіңірген алғыс-бата-тілек сөздері поэзиялық және прозалық сипаттары араласқан үлгілерімен кейінгі дамуға жалғасты. Алғыс-бата-тілек сөздердің түркі халықтарына ортақ жәдігерліктердегі үлгілері

сөз өнері мұраларындағы көркемдік-эстетикалық дүниетаным тереңдіктері болып ұрпақтар дүниетанымын дамытумен келеді.

Әдебиеттер

1. Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер: Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, – Астана, 2001 жылғы 18-19 мамыр. – Алматы: Ғылым ҒЗО, 2001. – 584 б.

2. Қашқари Махмұт. Түрік тілінің сөздігі («Диуани лұғат ит-түрік»): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: Сөздік – Словарь, 2006. – 376 б.

3. Шығыс халықтарының мақал-мәтелдері / Құрастырып, аударған Н. Оңдасынов. – Алматы: Өлке, 2003. – 280 б.

4. Ертедегі әдебиет нұсқалары / Құрастырушылар: Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, М. Жолдасбеков, М. Мағауин, Қ. Сыдиқов, – Алматы: Мектеп, 1967. – 208б.

5. Қорқыт Ата кітабы / Түрік тілінен ауд. Б. Ысқақов. – Алматы: Жазушы, 1994. – 160 б.

Қ.Р. Кеменгер
Астана қ. (Қазақстан)

ҚАЗІРГІ АЛАШТАНУ: ШІКІР МЕН ПАЙЫМ

Ұлттық, демократиялық мемлекет құру жолында біз Алаш тағылымын еш ұмыта алмаймыз. Саясат ісінде, мәдениет саласында, білім-ғылым, ағарту жұмысында, экономика бағытында, халықаралық қарым-қатынаста, қысқасы балабақшадағы бала тәрбиесінен бастап, ел басқаруға дейін Алаш идеясына, Алаш ұстанымына берік болмасақ, армандаған отыз мемлекеттің қатарына қосылуымыз қиын, жалпы тәуелсіздігімізді сақтап қалуымыздың өзі күрделі. Ел ретінде, ұлт ретінде жойылмауымыз қажет болса, біз қаласақ та, қаламасақ та Алаш жолына, Алаш ұстанымына берік болғанымыз ләзім. Бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома.

XX ғасыр басында қазақты біріктірген Алаш идеясы XXI ғасырда Қазақ еліндегі Мәңгілік ел идеясынан бөлек қарастырылмайды. Алаш – тарихымыздағы елеулі кезең, болашақ күнде арман мемлекетімізге жету жолындағы тағылымды дүние. Осы орайда Алашты бүгін не үшін тануға тиістіміз деген сауал қоятын болсақ, оның түйінді жауабы мынада деп білеміз. Қазақ қауымы XX ғасырдың басына дейін әлі көшпелі өмір салтын ұстанған-ды. Ол қоғам рулық, тайпалық күн көруді қажет етті. Алаш заманында ұлт зиялылары қазақ қауымының рулық санасын ұлттық санаға биіктетті. Мемлекетінен айырылған, туған жерінде жат жұрттық саналған қазақ қауымы Алаш дәуіріне дейін Патшалық Ресейдің бір шетінде жуасыған халыққа айналып, ендігі заманда басымыз бірікпес деп келешек күннен күдер үзе бастаған еді. Осындай күрделі тарихи кезеңде Алаш қозғалысы қазақ баласының санасына елдік идеясын сіңірді. Олар біртұтас ұлт ретінде біріге аламыз, жеке еліміз болады деген пікірді қоғамда бекітті. Оқыған қазақ бұл пікірге кәміл сенді. Сол арман күнге бүгін біз жетіп отырмыз.

Осыған орай Алаш қозғалысының тарихи жолы мен мақсат-мұратын терең зерттеген ғалым М.Қойгелді былай деп жазады: «Алаш қозғалысының басты мақсаты – қазақ еліне өзін-өзі басқару мүмкіндігін беретін мемлекеттік жүйе құру, яғни оның ұлттық мемлекеттікке құқы бар екендігін метрополияға мойындату, ал түбінде дербес мемлекеттікке қол жеткізу, қазақ жеріне ішкі Ресейден қоныс аударушылар толқынын тоқтату, әлемдік озық тәжірибеге сүйене отырып қазақ қоғамын жаңа өмір сұранысына

сай өзгерту (модернизация), демократиялық принциптерді қадір тұтумен бір мезгілде, әсіресе, білім мен ұлттық мәдениеттің өркен жаюына жол ашу болды» [1, 5 б.].

Алаштан қашып құтыла алмаймыз, одан барған сайын қашпаймыз да. Себебі қазақ елін жаһандану заманында, сырттан әртүрлі қауіп-қатер төнген кезеңде құтқаратын жол – Алаш жолы дер едік. Ал Алашқа бүгін тәуелсіздік алған кезеңде неге сонша құмартуымыз керек деген сауал қоятын болсақ, оның сыры Алаш жолының ұлтты сақтаумен егіз екендігінде деп айтар едік.

Шоқан, Ыбырай, Абайдан кейінгі дәуірде тарих сахнасына шыққан Алаш қайраткерлері Ресей империясының ыдырау кезеңінде өмір сүрді де, олардың туған ұлтының болашағы үшін саяси күресі сол империяның белгілі дәрежеде ыдырауын тездетті. Алаш қайраткерлері сонымен қатар империяның отарлық формасының бір түрінен екінші үлгісіне ауысу кезеңінің куәсі болды. Осы қиын-қыстау, күрделі тарихи-формациялық кезеңде өмір сүрген Алаш қайраткерлері жанкештілікке, құрбандыққа баруға даярланды. Біле білсек, империяның бір аймақтары жаңағы отарлаудың бір формасы ауысқан кезеңде тәуелсіздікке қол жеткізе алды. Балтық теңізі жағалауындағы аймақтар, поляктар мен финдер алмағайып кезеңде жеке тәуелсіздігін жариялауға мүмкіндік алды. Оларға азаттық алуға жағдай жасаған ең алдымен, сол аймақта өмір сүрген халықтың санасында елдік идеясының күштірек болғандығы, яғни олардың азаттыққа деген аңсары биік екендігі және оқыған азаматтарының, тәуелсіздік үшін күрескен қайраткерлерінің бірлігі жоғары тұрғандығы деуге болады.

Қазақпен туыстас, тағдырлас түркі халықтарының біразы ХХ ғасыр басында Ресей империясында орын алған саяси-әлеуметтік өзгерістерден кейін әрқилы тағдырды басынан кешті. Бүгінгі қазаққа қарағанда олардың дені тәуелсіз ел бола алмай қалды. Мысалы, соның ішінде татар, башқұрт, чуваш, алтай, хакас, тува, саха секілді халықтарды айтуға болады. Егер қазақ топырағында Алаш қозғалысы пайда болмай, қайраткерлер елдік үшін күреспегенде, бүгінгі біртұтас Қазақстан да шаңырақ көтермес еді. Қазіргі Қазақстан – Кеңестер Одағынан бөлінген Қазақ ССР негізінде пайда болған мемлекет те, ол – өз кезегінде Алаш автономиясының территориясында құрылған Республика. Яғни, Қазақстан Республикасы – Алаш автономиясының мұрагері. Бұл фактіні жоққа шығара алмайтынымыз қанша шындық болса, оның бір-бірінен туындайтын мұрагерлік жолын зерттеу керектігі сонша қажет деп санаймыз. Жоғарыда аталған түркі халықтарында Алаш қозғалысы секілді саяси-ұлттық қозғалыстың күшті болмауынан, немесе жоқтығынан олар әуелі жеке одақтас республика құрмады, кейін тәуелсіз мемлекет ретінде шаңырақ көтере алмады.

Алаш жолы, Алаш ұстанымы дегенге бір-екі сөйлеммен қысқаша жауап беру қиын. Сонда да біздің айтарымыз: Алаш жолы – қазақ ұлтын және тәуелсіз қазақ мемлекетін сақтау жолы. Мысалы бүгінгі таңда ұлттық сипатта мемлекет құрған Жапон мен Оңтүстік Корей елдерінің жолы да – бір қарағанда, Алаш жолы дей аламыз. Егер Жапон мен Оңтүстік Корей өз елдерінде мемлекеттік институттарды құруда, мемлекет ісін жүргізуде туған топырақтан өрбитін ұлттық салт-дәстүрге негізделген құндылықтарға, сол елде тұратын титулдық ұлттың мүддесіне берік болса, сол секілді біз де осы ділгір мәселеде қатал болуымыз керек.

Алаш бүгін елімізде кең көлемде неге дәріптелмей, неге танылмай жатыр? Алашты қалың жұртшылық неге білмейді деген сауалдың кейбір сыры мынада деп білеміз:

- Алашты – ұлтшылдық, тек қазақ мәселесі деп түсінуден. Әділіне келгенде бұл – жалған пікір. Мысалы, Алашорда үкіметіндегі 25 орынның 10-ын Алаш қайраткерлері қазақ арасында тұратын өзге ұлт өкілдеріне қалдырған;
- Қазір биліктегі қызметкердің көбі Алаш мұрасын, Алаш құндылығын орта мектепте, жоғарғы оқу орнында терең оқи алмады. Саналы өмірінде жалпы естіді;
- Алаш – Ресей империясына қарсы күрескен саяси күш болғандықтан. Ол империяның бүгінгі таңдағы мұрагері – Ресей елінен тарихты зерттеу ісінде әлі күнге дейін жалтақтау, қорқу сезімі барынан. Біздіңше, бұл да – қате түсінік.

Осы орайда үшінші мәселеге кеңірек тоқталсақ дейміз. Бүгін біз Алаш қайраткерлерінің мәдениетті орыс оқығандарымен бір болғандығын мейлінше дәріптегеніміз абзал. Орыс халқының көрнекті ақын-жазушыларының, озық ойлы оқымыстыларының еңбегін Алаш қалам қайраткерлері қазақ тіліне аударғандығын, сол арқылы екі халық арасында көршіге тән сыйластықтың, достық сезімінің артуына қызмет істегенін насихаттауымыз керек. Мысалы, бір ғана Алаш қозғалысының саяси көсемі Ә.Бөкейхан Ресей елінің қаншама озық ойлы зиялы қауымымен тығыз араласты. Л.Н.Толстой, А.П.Чехов, В.Г.Короленко, Д.М.Мамин-Сибиряк сынды қаламгерлерін қазақша сөйлетті.

Алаш қайраткерлерінің Ресей империясына қарсы бағытталған саяси күресін тарихи қажеттілік, табиғи дүние екендігін өзіміз мойындап, өзгеге дәлелдеп, оның эволюциясынан бастап себеп-салдарына дейін тыңғылықты зерттеуіміз керек. Екіншіден, Алаш қайраткерлері орыс елін тануға қатысқанын, оның мәдени, саяси, ғылыми дамуына үлес қосқанын жүйелі көрсете алуымыз қажет. Қаншама Алаш қайраткері Ресейдегі ғылыми экспедицияларға қатысты, халық санағын жүргізуге тартылды, әскерде қызмет етті, оқу-ағарту жұмысында болды, дәрігерлік көмекке жұмылдырылды. Империя мен Алаш арасындағы саяси тартыс бірінің екіншіні құртқанын айта беру дәл бүгін бізге Алашты елдік және халықаралық деңгейде ақтауға, танытуға кедергі келтіреді.

Қазақ елі шекарасының үштен бір бөлігі яғни жеті мыңнан астам шақырым жер Ресей мемлекетімен шектесетінін ескерсек, ұлттық мәселеде соның ішінде Алаш тақырыбын қозғағанда әр пікірімізге, әрбір ісімізге абай болғанымыз абзал. Ресеймен көрші болғанымыз – тағдырымыз. Бүгінгі Ресей патшалық Ресейдің елтаңбасы мен туын, Кеңес Одағының әнұраны мен саяси тәртібін ресми сақтаса, ол – белгілі дәрежеде өзіне дейін салтанат құрған сол мемлекеттердің мұрагері. Олардың қазақ халқына жасаған зұлматын ұмытпаймыз. Патшалық Ресейдің қазаққа қарсы қанды саясатынан бастап, Кеңес Одағының аштығы мен қуғын-сүргініне дейін – ұлт санасындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын жазылмас жара деп есептейміз. Сонымен бірге, Алаш көсемдерінің барлығы дерлік Ресей қалаларында білім алғандығын, сол орталықтарда газет-журналдары мен кітаптарын жариялағанын да ұмытпағанымыз тиісті. Яғни, сол кезеңдегі қазақ халқы мен мәдениетті орыс халқы, қазақ даласы мен империя арасындағы байланыс, қарым-қатынас екі жақты болғандығын ескеруіміз керек.

Біздің ойымызша, бүгінгі таңда Алашорда үкіметінің 100 жылдығында Алашқа қатысты ұлттық бағдарлама қабылдануы керек. Оған сай Алаш идеясы, Алаш ұстанымы оқу-ағартуда, ғылымда, мәдениетте, спортта, журналистикада, экономикада, саясатта, діни саясатта, халықаралық қарым-қатынаста т.б. салада жүйелі сіңірілу керек. Сол заманда: «Ерте ме, кеш пе, 13 декабрь Алаш елінің ардақты күндерінің бірі саналар. Алаш тарихына алтын сиямен жазылар» [2, 202 б.],- деп «Жас азамат» газеті көрсеткендей, Алашқа қатысты қоғам пікірі өзгеріп, оның ұстанымына пікірімізде, сөзімізде, ісімізде берік болармыз.

Тәуелсіздік алғалы ширек ғасыр ішінде Алаш мұрасын жинау, насихаттау, зерттеу бағытында бірқатар жұмыс жүргізілді. Алаш тақырыбында ғылыми жиындар ұйымдастырылып, қозғалысқа қатысқан көрнекті қалам қайраткерлерінің мұрасы жарияланды. «Алаш» баспасынан «Алаш мұрасы» сериясымен құнды кітаптар шықты. Отандық және шетелдік ғалымдардың монографиялары мен зерттеулері баспа бетін көрді. Мысалы «Алаш қозғалысы» атты анықтамалықта Алаш тақырыбына қатысты осы күнге дейін жарық көрген еңбектер, қозғалысқа қатысқан адамдар, Алаш атауымен байланысты ұғымдар біршама жүйеленді [3]. Алайда ол жұмыс көбінесе жеке ғалымдардың ізденісі негізінде атқарылды. Олардың еңбегі мемлекеттік деңгейде жинақталмады, жоспарлы түрде бір бағытқа жұмылдырылмады, бүгінгі күн талабына сай, тәуелсіздік мұраты тұрғысынан сараланбады. Әркім өзінің білгеніне орай Алашқа қатысты зерттеуін, насихаттауын жасай берді.

Ендігі кезекте Алаш мұрасы ел тәуелсіздігін нығайтатын, сақтайтын құнды қазына екендігін ескеріп, Алашты тыңғылықты зерттейтін, оның нәтижесін бүгінгі күнмен байланыстыратын республикалық деңгейдегі ғылыми орталық жұмыс істеу тиісті деген ойдамыз. Ол мекеме мемлекеттен қолдау көріп, жұмыс нәтижесі алдымен білім саласында одан кейін аталғандай, қоғамның әр саласында тиянақты сіңірілу керек. Ал алаштануда бүгін не істеу керек деген сауал қоятын болсақ, ол жұмыстың ауқымы көлемді, бағыты сан-салалы. Алдымен мәтінді оқитын мамандарды даярлап, Алашқа қатысты мұраны электрондық, қағаздық нұсқада түгел жариялау қажет. Архивте сақталған, әсіресе шетелдік қорларда жинақталған құжаттар мен деректерді басып шығару шарт. Алашқа қатысты баспасөз материалдарын қалың көпшіліктің қолына жеткізу тиісті. Осы уақытқа дейін Алаш мұрасы бойынша жарық көрген әдеби-көркем, тілдік, тарихи-деректік тағы да басқа материалға жүйелі сараптамалық зерттеу жүргізілуі тиіс. Ол бағытта да ең әуелі білікті мамандарды даярлау ісін дұрыс қолға алу керек.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның 145 жылдығында алаштанушы С.Жүсіптің құрастыруымен қайраткердің 9 томдығы жарыққа шықты. Айтулы шараға байланысты Астанадағы Тәуелсіздік сарайында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті [4]. Мәртебелі ғылыми жиын «Нұр Отан» партиясы аясында ұйымдастырылды. 150 жылдыққа дайындалу керек деген сөз сонда айтылды. Содан бері Ә.Бөкейхан Қазақ елінде өз тұғырына көтерілмесе де, оның есімін дәріптеуде, жұртқа насихаттауда біраз жұмыс атқарылды.

Биыл Ә.Бөкейханның 150 жылдығына байланысты Астана, Қарағанды, Қостанай, Алматы, Семей, Көкшетау қалаларында өткен ғылыми-практикалық конференцияларға, дөңгелек үстелдерге қатыстық. Жыл бойы түрлі мәдени-спорттық, ағартушылық сипаттағы шаралардың куәсі болдық. Теледидар мен радиода Алаш пен Әлиханға арналған ақпараттық, рухани хабарларда пікір білдірдік. Әлеуметтік желіде, баспасөз бетінде Алаш пен Әлихан туралы ойымызды, ізденісімізді мақала күйінде жарияладық. Қазақ географиялық қоғамының ұйымдастыруымен Алматы–Ақтоғай–Қарағанды–Семей–Омбы–С.Петербург–Выборг–Минск–Самара–Орынбар–Мәскеу–Алматы бағытында «Әлихан Бөкейхан ізімен» халықаралық ғылыми-танымдық экспедициясының құрамында қайраткер жолымен жүріп өттік. Содан түйгеніміз: Әлихан Бөкейханға деген ел ықыласы, көпшілік көңілі мен ниеті, қызығушылығы барған сайын артып келеді. Алаш пен Әлиханды зерттеуге, тануға деген студенттер мен магистранттардың талабы күн артқан сайын күшеюде. Ізденуші жастардың көбі Әлихан тақырыбын бекітіп, осы бағытта диссертация жазғысы келеді. Мұндай ынта қоғамда он жыл бұрын байқалмады десек, қателеспейміз. Осы қызығушылықтың сыры, құпиясы Әлихан Бөкейхан тұлғасының көпшілікке бір жағынан, құпиялығында, екіншіден қалың ел қайраткердің ісінен, ұлтқа риясыз қызметінен, жазған еңбегінен, бүгінгі күнге қажет дүниені табады.

Мысалы жиырма күнге созылған халықаралық экспедицияның негізгі мақсаты да көпшілік назарын, ел ықыласын Алаш тақырыбына, Алаш көсемінің тұлғасына аудару еді. Іссапарда көңілге түйгеніміз де, көкірекке байлағанымыз да көп болды. Қысқаша айтармыз, Әлиханды танитын, есімін естіген ел бар да, оның кім екенін білмейтін қауым да бар екенін байқадық. Қайраткерді Ресей мен Қазақстан екі бөлек танитыны түсінікті. Ресейде өзіміздің қандастар мен тарихшы маман болмаса, Ә.Бөкейхан есімі қалың жұртшылыққа бейтаныс. Бұл да шынтуайтына келгенде, дұрыс жағдай емес деп білеміз. Ә.Бөкейхан есімімен байланысты Ресейдің әр қаласында оның атында көше, тұрған үйлерінде ескерткіш тақта қою, есімі оқулықтарына ену сынды насихат жұмыстары жүргізілсе деп армандаймыз. Себебі Алаштың көсемі Әлихан Бөкейхан – қазақтың ғана мақтанышы емес, ол сонымен бірге Ресейдің де озық ойлы оқымыстысы, біртуар қайраткері, ол – адамзаттың қайталанбас көрнекті тұлғасы.

Әлихан Бөкейхан мұрасын ширек ғасыр бойы жинап, жүйелеп келе жатқан С.Жүсіп Алаш көсемінің еңбегін, шығармашылығын зерттеп болды деп айту қиын. Себебі мұндай ауқымды іске бір ғалымның ғұмыры жетпейді. Таяуда тұсауын кескен екі томдық

монографиясы Ә.Бөкейханның негізінен өмір жолына, қилы тағдырына, қайраткерлігіне арналған. Ендігі кезекте Ә.Бөкейханның жарық көрген еңбегіне лингвистикалық, әдеби, тарихи, этнографиялық, педагогикалық, психологиялық, философиялық, саясаттанушылық т.б. тұрғыдан тиянақты зерттеу жүргізілу керек. Мысалы, Ә.Бөкейхан қазақтан шыққан алғашқы кәсіби журналистің бірі дегенде, ол журналистикаға қатысты қай жанрлардың негізін қалады? Немесе 9 томдығында 90-ға жуық газет-журналдың аты көрсетіледі. Ішінде қазақ топырағында, Ресей Империясында, Еуропада, тіпті Америкада жарық көрген басылымдардың аты бар. Былтыр Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Алаш» институты «Әлихан Бөкейхан тұлғалық энциклопедиясы» атты жобаны қолға алды. Сонда оның ішінде Алаш көсеміне қатысты қарастырылатын мәселе саны 100 жетіп, сөзтізбеге 3367 сөз тізілді [5]. Яғни Әлихан Бөкейханның алды-артын қамту, ол туралы жазылған еңбектерді түгендеу, мұрасындағы қозғалатын тақырып пен мәселені жүйелеуге үш-төрт ғалым емес, тұтас зерттеу институты қажет деп есептейміз. Бұл ненің белгісі? Бұл – Әлиханның телегей-теңіз білімінің бір ғана нышаны. Осындайда Алашпен, Әлиханмен тамсану дәуірінен Алашты зерттеу, тиянақты зерделеу кезеңіне көшуіміз керек деген академик С.Қасқабасовтың сөзі бәрімізге ой салады.

Көрнекті тарихи тұлғаның мерейтойы мемлекеттік деңгейде әр ширек ғасырда бір аталып жатады. Тірісінде ол құрметті көре алмаған Әлихан Бөкейхан өлген соң да ұзақ уақыт қараланды. 100 жылдығын мемлекеттік деңгейде өткізуге тоталитарлық заман мүмкіндік бермесе, 125 жылдығында Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізді. Сондықтан қайраткердің ол мерейлі жасы Ел тәуелсіздігімен бірге тойланды деп есептейміз. Биыл 150 жылдығында Алаштың Әлиханын қалың Қазақ елі танып болмаса да, атын естіді. Азаматтардың қолдауымен біршама игі жұмыстар атқарылды. Осы күні өмірге келіп жатқан сәбилерге ең көп қойылатын ат – ӘЛИХАН. Бұл да – елдің Әлихан Бөкейханға деген ыстық ықыласының бір нышаны. Ендігі заманда Алаш баласы аңсаған азаттықтың ширек ғасыр сайын келетін үлкен тойымен қатар Алаш көсемінің мерейлі жылы да мемлекеттік, жалпыұлттық деңгейінде өткізіледі деп сенеміз. Қазақ елі аман болса, Алаш идеясы, Әлихан Бөкейхан есімі бірге жасай береді.

Әдебиеттер

1. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж. Движение Алаш. Сборник документов и материалов. Апрель 1901 г. – декабрь 1917 г. – Алматы: «Алаш», 2004. – Т.1. – 552 бет.
2. «Есіл даласы» (1913 ж.), «Жас азамат» (1918-1919 жж.): ғылыми басылым. Құраст.: С.Мәлікова, т.ғ.к.; З.Тайшыбай, ф.ғ.к., профессор. – Петропавл, 2013 ж. – 264 б.
3. Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – 528 бет.
4. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығы мен Әлихан Бөкейханның 145 жылдығына арналған «Алаш мұраты және Тәуелсіз Қазақстан» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Астана: ТОО «Беркут-Принт», 2011. – 311 б.
5. «Әлихан Бөкейхан» тұлғалық энциклопедиясының сөзтізбесі. /1-басылым/ – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2015. – 156 б.

Р.Н. Кеменгеров
г. Астана (Қазақстан)

РАЗГОВОР О МУЗЫКЕ: ФРАГМЕНТЫ ЗАНЯТИЙ

Изучение языков в современной высшей школе ставит задачу повышения уровня общей гуманитарной культуры обучающихся. Формирование межкультурно-коммуникативной компетенции у студентов неязыковых специальностей казахских групп можно достичь при изучении русского языка как на занятиях, так и во внеаудиторной самостоятельной работе студентов. Широкие возможности для развития познавательных интересов и формирования социокультурной компетенции представляют использование на занятиях песни, слушание кюев, отрывков из произведений классической музыки по темам «Искусство Казахстана», «Праздники и искусство в жизни человека».

На материале текстов «Музыка», «Музыка деген не?», «Қазақ музыкасы» мы провели практические занятия на тему «Волшебный мир музыки» в группе по специальности «Педагогика и психология» с казахским языком обучения. Покажем возможности данных занятий.

Эпиграфом к теме были взяты слова заслуженного деятеля искусств РФ Игоря Долготелого «Задумались ли вы, что совершенно вопреки нашей воле и столь же незаметно и неслышно сквозь душу каждого человека с поры юности и до старости проносятся волшебные частицы искусства, рожденного земными звездами – гениальными поэтами, композиторами, художниками... вы могли лишь однажды прикоснуться к красоте, услышать музыку Баха, Моцарта, Чайковского, Рахманинова, прочитать стихи Гете, Байрона, Пушкина, Блока, увидеть творение Эль Греко, Рембрандта, Рублева – и невольно (так устроен почти любой человек) след от этого касания останется на всю жизнь. Конечно, от любого индивидуума зависит, насколько он будет увлечен и пленен им, но влияние на его сердце даже от одного прикосновения к прекрасному неизгладимо.

Далее следует рассказ о легенде, согласно которой песня долго летела над землей, пока не выбрала место и не опустилась над широкой казахской степью, отчего казахов считают музыкальным народом, а землю – песенным краем. Затем по словарю определяем значение слова музыка. 1. Музыка – женского рода, употребляется только в единственном числе. а) история музыки – музыканың тарихы; музыка үйрену, музыкамен шұғылдану. б) произведение (музыка – написать музыку; слышна музыка – күй, ән естіледі). 2. Переносное значение «созвучие, мелодичность, ырғақ; музыка стиха – өлең ырғағы. Надоела мне вся эта музыка; разговорное: мына әуре сарсаң мені әбден тойдырды. Чтобы понять и почувствовать музыку, в моем исполнении на домбре и мандолине студенты прослушали наигрыш Курмангазы «Балбырауын» и полонез Огинского «Прощание с Родиной», узнали историю создания этих произведений. Для этой цели можно привлечь исполнителей-музыкантов из числа самих студентов. Именно на таких занятиях можно увидеть и раскрыть их способности.

Основное содержание занятий сконцентрировано было на работе с текстами. Содержание текстов и задания к ним должны способствовать реализации главного принципа современной методики обучения русскому языку – выходу в сферу коммуникации. Тексты должны иметь не только обучающие, но и воспитывающее значение. Задания к ним позволяют студентам проводить смысловой анализ текста, определять и формировать его основную проблематику, передавать краткое содержание по составленному плану, уметь оценивать полученную информацию и сопоставлять ее с авторской оценкой. Для того чтобы глубже узнать о роли музыки в жизни человека, истории становления музыкального искусства Казахстана, была организована работа с текстами.

Задание. Прочитайте текст. Расскажите, какое влияние оказывает музыка на человека. Найдите согласованные определения с определяемыми словами.

Музыка

Древние люди сложили миф о певце Орфее. Там, где не спасали стрела и меч, не помогали сила и мужество, песни Орфея творили чудеса. Когда он играл на лире и пел под мелодичный звон её струн, ветер переставал колыхать листву, далёкие скалы двигались навстречу песне, море замирало, дикие звери выбирались из своих логовищ и смиренно шли за удивительным певцом, заворожённые его музыкой. Вот так в далёкой древности люди чувствовали силу его музыки. Она может выражать самые высокие чувства и самые тонкие переживания человека, может рисовать своими звуками то, что нельзя высказать словами. Только понимание музыки бывает разным: поверхностным и серьёзным. Да и музыка разная – серьёзная и легкая, но это вовсе не значит, что легкую музыку и слушать и понимать легче. Это песня, танцевальные мелодии, джазовая музыка. Такая музыка тоже нужна человеку, она поднимает настроение, легко запоминается. Важно, чтобы это была хорошая музыка...

Задание. Ответьте на вопросы

О ком сложили миф древние люди?

Какие чудеса делали песни Орфея?

Какую роль играет музыка в жизни человека?

Какая бывает музыка и какую музыку вы любите?

Разделив текст на смысловые части, озаглавив каждую из них, студенты составляют его тезисный план, пересказывают, привлекая (там, где это возможно) дополнительные материалы. Выписывают незнакомые слова и с помощью словаря объясняют их значения.

В арсенале методики русского языка имеется широко представленный тип упражнений, переходных от анализа готового языкового материала к созданию собственных высказываний – это различного рода преобразования исходного дидактического материала. К таким видам упражнений можно отнести и перевод с казахского на русский язык. Задача переводчика – передать средствами другого языка целостно и точно содержание подлинника, сохранив его стилистические и экспрессивные особенности. Под целостностью перевода надо понимать единство формы и содержания на новой языковой основе. Чтобы еще раз понять силу музыки, студенты прочитали текст «Музыка деген не?» и его перевод «Что такое музыка?».

Музыка деген не?

Музыка – өнердің бір түрі, өзінің түрлі ырғақтылығы мен дыбыс құбылыстарының қосылуы және сол дыбыстардың бояуы арқылы (шыққан саз) белгілі тарихи оқиғаны, табиғатты, адамның эмоциялық сезімін, күресін, жетістігін, қуанышын, болашақ бақытын музыкалық дыбыстар арқылы көркем суреттеп береді.

Музыканы нота арқылы қағаз бетіне жазып алуға болады. Сөйлемнің құрылуы сияқты, бұл музыкалық дыбыс ноталарының қосылуынан да музыкалық сөйлем, кезеңдер белгілі бір әуен құрайды. Ал музыкалық сөйлем әуен жинақталған музыкалық ой құрайды. Музыканың ырғақтылығы жағынан өлшеуі, орындалуы жағынан характері, екпіні болады. Музыка өзінің характеріне қарай түрлі тональдікте, формада туып, жанрларға бөлінеді. Музыканың қай жанры болмасын, белгілі бір бағдарламада жазылады. Демек, музыканың идеялық мазмұны болады. (Б. Ғизатов.)

Что такое музыка?

Музыка – это разновидность искусства. Она своеобразной мелодичностью, созвучием и звуковыми окрасками передает известное историческое событие, природу, эмоциональные переживания, борьбу, успехи, радости, счастливое будущее человека.

Музыку можно через ноты перенести на бумагу. Как и строение предложения, от соединения музыкальных нот создаются музыкальные предложения, этюды, своеобразные мелодии.

А музыкальные отрывки образуют законченное смысловое единство. По мелодичности музыка различается размерами, исполнительским характером, логическими паузами. Отличаясь по тональности, своеобразием характера, музыка делится на жанры. К какому бы жанру не относилась музыка, она пишется по определенному плану, то есть существует идея музыки. *(перевод Кеменгерова Р.Н.)*

При письменном переводе предварительное прочтение и анализ переводимого текста позволяют заранее определить характер содержания, идейную установку и стилистические особенности материала, чтобы иметь критерий для выбора языковых средств в процессе перевода. С этой целью мы продолжили работу по тексту «Қазақ музыкасы».

Задание. Прочитайте текст, переведите на русский язык.

Қазақ музыкасы

Халқымыздың ертеден-ақ өзіне тән дәстүрлі музыкасы болды. Қазақтың ән мен күйлері халқымыздың әр кездегі тіршілік тынысын танытады.

Үш өлкенің (үш жүздің) тарихи қалыптасу ерекшелігіне қарай музыкалық шығармалардың әуендік сипаты түрліше болып келеді: әншілік, күйшілік, орындаушылық дәстүрлерінде де айырмашылық бар.

Орындаушылық дәстүрдің түрлері - ән салу, күй тарту т.б. «Жар-жар», «Сыңсу» сияқты үйлену тойларында айтылатын әндер домбыра немесе қобыздың сүйемелдеуімен орындалып, қайырмасына көп адам қосылып отырған.

Ауыл-ауылды аралап ән салып, күй тартқан сал-серілер мен ақын-жыршылар сол дәуірдің музыка-мәдениетін таратушылар болды. Қорқыт ата (8-9 ғ.) музыка нота жазуының үлгілерін ойлап тапқан Әбу Насыр әл-Фараби (10-11ғ.), 15 ғасырда өмір сүрген Қазтуған мен Асан қайғы - қазақ музыка өнерінің дүлдүл өкілдері.

19 ғасырдың ортасы мен 20 ғасырдың басында Абай, Біржан Қожағұлұлы, Жаяу Мұса Байжанұлы сияқты композитор-әншілер қазақ музыкасын жоғары сатыға көтерді. Дәулеткерей Шығайұлы, Ықылас Дүкенұлының күйлері туған жерді дәріптеуге, халық мерекелерінің көріністеріне, тұрмыстық сюжеттерге құрылды. Құрманғазы Сағырбайұлының күйлері халық тағдырын, қазақтың кең байтақ дарқан даласын суреттеп, ұлттық әуен құрылысын байытты. Әнші-композиторлар Мұқит Мерәліұлы, Ақан Сері Қорамсаұлы, Балуан Шолақ, Тәттімбет, Қазанқап, сыбызғышы Сармалай т.б.-лардың шығармалары халық музыкасының классикалық қорына қосылды.

А.В.Затаевич халық ән-күйлерінің жинағын құрастырып шығарды. 1933 жылы Алматыда Музыка студиясы ашылып, 1934 жылы музыкалды театр, 1936 жылдан Біріккен қазақ және орыс опера театры, 1937 жылдан Қазақтың опера және балет театры құрылды. Музыкалды спектакльдерге әншілер К.Байсейітова, Қ.Жандарбеков, Қ.Байсейітов, М.Ержанов т.б. қатысты. 1934 жылы халық эпосы негізінде жазылған Е.Г.Брусиловскийдің «Қыз Жібек», «Жалбыр» (1935 ж.), «Ер Тарғын» (1937 ж.) опералары қойылды. Бұлардың бәрінде де қазақтың халық музыкасы кеңінен қолданылды. Одан кейінгі жылдарда қазақ музыкасының жанры мықтап дамыды.

Словарь

Тарихи қалыптасу – исторически сложившаяся

Әуендік сипаты – характер мелодии

Тән-дәстүрлі – традиционно присущая

Тіршілік тынысы – дыхание жизни

Орындаушылық дәстүрі – традиционное исполнение

Күйлер – наигрыши

Сүйемелдеу-аккомпанемент (под аккомпанемент домбры)

Сал-серілер, ақын-жыршылар – поэты-импровизаторы

Дәуір – эпоха
Музыка мәдениеті - музыкальная культура
Дүлдүл өкілдері – выдающиеся представители
Жоғарғы саты – новая высота
Туған жерді дәріптеу-восхваляют родную землю
Ұлттық әуен – национальная мелодия
Музыканың классикалық қоры – сокровища классической музыки

Задание. Пользуясь словарем, составьте на русском языке вопросы к тексту и задайте их друг к другу. Перескажите текст.

Опережающая словарная работа и домашний выборочный перевод текста помогли им подготовиться к разговору о казахской музыке на русском языке. Используя словарь с ключевыми словами и словосочетаниями, студенты занимались переводом, переходящим в пересказ содержания текста.

Песня стимулирует развитию навыков диалогической речи. Применение песен на занятии способствует совершенствованию навыков иноязычного произношения, развитию музыкального слуха. Привлечение же самих студентов в роли исполнителей песен помогает глубокому пониманию содержания песен и развитию исполнительских качеств. На занятии подготовленные студенты рассказывали о богатом музыкальном наследии и композиторском даровании Абая, о песенности поэзии С.А.Есенина. Под аккомпанемент баяна исполняется песня «Көзімнің қарасы», «Ты – зрачок глаз моих» в переводе М.Петровых на казахском и русском языках. Говорили о Бибигуль Ахметовне Тулегеновой, первой профессиональной исполнительнице песни Абая «Желсіз түнде жарық ай». Видеослайды, фотографии выдающейся певицы создавали атмосферу любви к народной артистке. Прозвучали песни в исполнении студентов на стихи С.А.Есенина «Отговорила роща золотая», «Не жалею, не зову, не плачу». Частичный сравнительный анализ текстов песен, рассказы об истории создания, исполнителях, само звучание их во время занятий переносит студентов в волшебный мир музыки.

Студенты с государственным языком обучения изучают русский язык, постепенно вырабатывая навыки профессиональной подготовки по дисциплине. На практических занятиях, выполняя лексико-грамматические и стилистические задания, работают с текстами-отрывками об искусстве и музыке.

Как итоговое занятие по дисциплине «Профессиональный русский язык» студенты 2-го курса подготовили и представили на суд зрителя литературно-музыкальную композицию «Я помню чудное мгновение», посвященную творчеству А.С.Пушкина. Они познакомились с жизнью великого поэта, отбирали произведения, раскрывающие трагические минуты его биографии, рисовали эскизы декораций и костюмов пушкинской эпохи, готовили реквизиты, подбирали соответствующую музыку и слайды. Студенты, перевоплотившись в женские образы пушкинских героинь, приняли самое активное участие в подготовке сценок-миниатюр, театрализованных представлений. Они не только читали стихи поэта, но и исполняли песни и романсы на стихи А.С.Пушкина. Этот праздник поэзии и музыки оставил у всех участников – и тех, кто выступал на сцене, и тех, кто сидел в зале – самые приятные впечатления и пробудил у них желание неформального, выходящего за рамки учебных занятий, общения с русской литературой.

Занятия показали, что они способствуют росту интереса к лексической теме «Музыкальное искусство», проявляющегося в огромном желании студентов развивать свои языковые способности, занимаясь аудированием, лексико-семантическим анализом, переводом текстов на казахском языке с продуцированием собственных, участием во внеаудиторных занятиях, развивающих речевые навыки и профессиональные способности будущих специалистов.

Литература

1. **Ахмедьяров К.К.**, Мухамедиев Х.С. Типовая учебная программа «Русский язык» Алматы «Қазақ университеті» 2012. стр. 7.
2. Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика 4-е изд., стереотип. – М.: «Р.Валент», 2010. – 244 с.
3. Тлегенова С.Е., Байбурина Н.А., Байбурина К.А. «Искусство в жизни студентов» Алматы, 2005. 80 с.
4. «Русско-казахский словарь» 1 том (А-Н) Алма-Ата 1981.

Н.М. Қоқышева
Астана қ. (Қазақстан)
Г.Ш. Бекенова
Астана қ. (Қазақстан)

СӨЗЖАСАМДЫҚ САТЫНЫҢ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ ЖАЙЫНДА

Орыс тіл білімінде сөзжасамдық сатының сипаты туралы алғаш рет Г.О.Винокур сөз еткен. «Заметки по русскому словообразованию» деген еңбегінде ғалым былай деп жазады: «Производная морфема, выделяющая в своем составе несколько морфем, выделяет их не все сразу и одновременно, а так, что между ними обнаруживаются связи разных планов. Например, если от производной первой степени образуется новая производная основа второй степени, то три морфемы, образующие эту новую основу, связаны между собой не порознь, в виде сплошной цепи А+В+С, а так, что третья присоединяется к уже готовой комбинации первых двух, т.е. возникает соотношение образца (А+В)+С; ср. чит-а-ть, но (чит-а)-тель или бел-и-ть, но по(бел-и)-ть» [1, 440-441]. Басқаша айтқанда, негіздер мен түрлі дәрежедегі туынды негіздер арасындағы ішкі байланыс морфемалардың бір уақытта емес, бір ізді, жүйелі жалғануынан байқалады. Бұл жайында А.Н.Тихонов: «Сатылық – сөзжасамның белгілі бір типтерімен шектелген қасиет емес. Сатылық сипатқа барлық синхронды орыс сөзжасамы ие», – дейді [2, 279]. Бұл айтылған тұжырым қазақ тілі сөзжасамының сипатына да тән. Себебі қазақ тілі жалғамалы тілдер тобына жататындықтан, сөз тудыру үдерісі барысында сөзжасамдық жұрнақтар түбір сөзге бірінен соң бірі ретпен жалғанып, туынды сөздер бірінен-бірі жүйелі, сатылы өрбиді. Сөзжасамның осындай қасиеті туралы ғалым Г.Бегалиев өзінің «Основные сведения о словообразовании в казахском языке» деген мақаласында былай деп жазған болатын: «Казахский язык, как и все тюркские, относится к языкам агглютинирующим, т.е. таким, в которых словообразование... происходит путем присоединения аффиксов со специальными значениями к концу основы или корня». Профессор Л.К.Жаналина да осы мәселеге қатысты: «Агглютинативность казахского языка, четкость, прозрачность границ между морфемами и закрепленная последовательность аффиксов в казахском слове препятствуют соотносению мотивированного слова с несколькими мотивирующими», – деп жазады [3, 379].

«Сөзжасамдық саты» ұғымы зерттеулерде әртүрлі беріледі. Мысалы, В.Н.Немченконың «Современный русский язык. Словообразование» оқулығында сөзжасамдық сатыға мынадай анықтама беріледі: «Степень словообразования. Акт словообразовательного процесса, заключающийся в присоединении к производящему слову (основе) одного словообразовательного форманта».

Т.П.Адскова «Субстантивы адективного склонения в системе словообразовательных гнезд современного русского языка» деген тақырыбындағы диссертациялық жұмысында сөзжасамдық сатыны кейінгідей түсінеді: «В основе строения СГ лежит принцип иерархии, принцип последовательного подчинения одних единиц другим... Под «ступенями деривации» мы понимаем степень словообразовательной удаленности производного слова от вершины гнезда, измеряемую количеством последовательных словообразовательных актов». Т.П.Карпухина болса,

«Структура словообразовательных гнезд абстрактных и конкретных существительных в современном английском языке» деген зерттеуінде: «Деривационный шаг – элементарная единица словообразовательной системы, определяемая на лингвистическом уровне как присоединение класса формантов к классу производящих... Деривационный шаг является динамическим представлением отношений производящего и производного слова», – деп тұжырымдайды [4, 13].

Қазақ тіл білімінде «сөзжасамдық саты» ұғымының анықтамасы «Сөзжасамдық саты» атты мақалада беріледі. Мұнда профессор Н.О.Оралбаева сатыны былай анықтайды: «Сөзжасамдық саты – сөзжасамдық ұяның бір мүшесі. Ол бір сөзден екінші туынды сөздің жасалу шегін білдіреді» [5, 13]. Ал 2002 жылы шыққан «Қазақ грамматикасында»: «Жаңа сөздің жасалуына арқау, негіз болушы сөз бен сөз тудырушы жұрнақтан құралған туынды сөз сөзжасамдық сатыны құрайды. Басқаша айтқанда, сөзжасамдық саты туынды түбір сөзден тұрады», – делінеді.

Соңғы жылдардағы зерттеулерге қарағанда, көптеген сөзжасамдық ұяны зерттеушілер, ұяда туынды сөзді орналастыруда саты бойынша ұйымдастыру амалын кеңінен қолдануда. Мысал ретінде медицина терминологиясындағы сөзжасамдық ұяларды зерттеген А.Ю. Самохиннің, жоғарыда келтірілген Т.П. Адскованың және тағы басқа көптеген зерттеушілердің есімдерін атауға болады. Бұл жағдай сөзжасамдық ұя құрылымын зерттеудің сатылық амалы – сөзжасамдық жүйелі байланыстарды сипаттаудың тиімді тәсілі екенін көрсетеді.

Сөзжасам жүйесінде барлық сөзжасамдық бірліктер бір-бірімен тығыз байланысты, бірі бірін құрайтыны белгілі. Сондықтан да оларды бірнеше қырынан қарастыруға болады. Сөзжасамдық ұяны сөзжасамдық тізбектердің, я болмаса, сөзжасамдық тарамдардың немесе бірнеше сөзжасамдық жұптың жиынтығы ретінде сипаттауға болатыны белгілі. Олай болса, сөзжасамдық ұяны сөзжасамдық сатылардың жиынтығы ретінде де қарастыруға әбден болады. Өйткені сөзжасамдық ұяны бір түбірден тараған туынды сөздердің жиынтығы құрайды, ал оларды жүйелі ұйымдастырып, әрқайсысының сөзжасамдық тарихын көрсететін – сөзжасамдық ұяның құрамдас бөлшектерінің бірі – сөзжасамдық сатылар. Олар ұяда болатын барлық процестерге қатысты. Яғни, сөзжасамдық саты да сөзжасамдық тізбек, тарам, жұп сияқты, сөзжасамдық ұяның бөлінбес бір бөлшегі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Винокур Г.О. Заметки по русскому словообразованию // Избранные работы по русскому языку. – М.: Учпедгиз, 1959. – С. 419-442.
2. Тихонов А.Н. Проблемы составления гнездового словообразовательного словаря современного русского языка. – Самарканд: Изд-во СамГУ, 1971. – 387 с.
3. Жаналина Л.К. Производность и словообразовательная мотивация в русском и казахском языках // Қазіргі қазақ әдеби тілі: бүгінгі және болашағы / Материалы научно-теоретич. конференции, посвящ. 70-летию АГУ им. Абая. – Алматы: АГУ, 1998. – С. 374-381.
4. Карпухина Т.П. Структура СГ абстрактных и конкретных существительных в современном английском языке: Дис. канд. филол. наук. – Москва, 89. – 198 с.
5. Оралбаева Н. Сөзжасамдық саты // Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. – Алматы: Абай атынд. АлМУ, 1998. – 3-6-б.

М.М. Қосыбаев
Астана қ. (Қазақстан)

Елбасы Н.Ә. Назарбаев түркологиялық зерттеулердің маңызын «Түркі өркениетінің текті де терең тамырлы тарихы мен төлтума мәдениетін биік парасат үдесінен терең таразылаудың, оны кейінгі ұрпақтың сана-сезіміне сіңірудің, олардың бойына ешкімнен кем түспейтін тарихының барлығына, яғни кемел келешегінің барына деген сенімді дарытудың, сол арқылы отаншылдық сезімін тәрбиелеудің біз үшін маңызы да, мәні де ерекше» [1] деп, атап көрсеткен болатын. Қазіргі таңда тамыры терең түркі өркениетін жаңғырту жолында, түбі бір түркі халықтарының өткен тарихы, тілі, әдебиеті, мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, мифологиялық діни наным-сенімдері мен материалдық құндылықтарынан хабар беретін жазба ескерткіштерді қай қырынан болмасын зерттеп, зерделеу маңыздылығын жоғалтпайды.

Тілдік-тарихи тұлға болып табылатын Махмұт Қашқаридың жеке адам ретінде қалыптасуының негізгі жүйесін яғни туған жері жылы, тегі мен өмір сүрген ортасын анықтау, оның бізге жеткен жалғыз жәдігері «Диуани лұғат-ит-түрік» тілінің негізінде жүргізіледі. Себебі түркі өркениетінің шежіресін жазып, өз есімін мәңгілік еткен данышпан ғалым, кемеңгер ұстаз Махмұт Қашқаридың туған жылы мен жері, ата тегі мен өмірбаяны туралы нақты дерек жоқтың қасы. 1953 жылы «Түркият межмуасының» 10-томында Түркия профессоры Хасан Ерен тарапынан украин шығыстанушысы Омелян Прицактың ғұламаның ата тегі мен өміріне байланысты «Махмұт Қашқари кім?» деген мақаласы аударылып, басылып шықты [2, 244]. Бұл сұрақ өкінішке орай әлі күнге дейін өзінің тиісті де тиянақты жауабын алмады.

«Диуани лұғат-ит-түріктің» қолжазба көшірмесінің алғашқы бетінде еңбектің авторы *Махмұт ибн әл-Құсайын ибн Мұхаммед әл-Қашқари* деп көрсетілген [3, 1]. «*Әл Қашқари*» есіміне қарап орта ғасырда арабтардан бөлек мұсылман халықтарының ішінде де кең кісінің тегінен бөлек этностық, діни, саяси, әлеуметтік, ортасын да көрсететін ат қою дәстүрінің Махмұт ибн әл-Құсайын ибн Мұхаммедті де айналып өтпегенін байқаймыз [4, 43]. Тегі Қашқари немесе Қашқарлы бола тұрса да, ғалымдар әкесінің Барысхан қаласынан екендігіне сүйене отырып, оның да сонда туғандығын алға тартады. Олай болатын болса не себепті «*Махмұт ибн әл-Құсайын* өзін Қашқарлы деп көрсеткен? Бұл сұрақтың жауабын ғалым Г.Г.Мұсабаев «Махмұт Кашгарский говорит, что написал он свой «Дивану...» языком «хакания». Это литературный язык того времени. Культурный центр в то время был в г. Кашгаре. Основной частью населения Кашгара в то время были жалаиры. В VII-VIII вв. сюда прибыла группа карлуков. Поэтому опорным диалектом литературного языка был язык жалаириров, и это исторически совершенно правильно... Написав свое сочинение в Багдаде или Дамаске, Махмұт Кашгарский счел целесообразным указать, что он родом не из неизвестного Барсагына, а из известного города Кашгара» деп көрсетеді [5, 54]. Дегенмен, жоғарыда атап өткеніміздей, «*әл-Қашқари*» есімінің «Диуани лұғат-ит-түріктің» жалғыз ғана сақталып қалған көшірмесінің сыртындағы титулдық бетінде кездесіп, ал еңбектің соңғы бөлімінде автордың есімі «*Махмұт ибн әл-Құсайын*» деп берілген [3, 319]. Бұдан «*әл-Қашқари*» есімін автордың өзі көрсеткенін немесе «Диуани лұғат-ит-түрік» жазылғаннан кейін 180 жыл араға салып жалғыз қолжазба көшірмесін жасаған Мұхаммед ибн Әбубәкір Әбл Фатих тарапынан жазылғаны әлі күнге дейін белгісіз. Атақты түркітанушы ғалым Әмір Наджип те өзінің «Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв.» деген еңбегінде оның Қашқари деген лақап аты Қашқарда дәріс алып, сонда тұрғандығын ғана аңғартатынын сөз етеді [6, 33]. Демек, «*әл-Қашқари*» есімі оның дүниеге келген жерімен байланысты болмаса, тарих бетіне өшбестей етіп өзіндік із қалдырған ғұламаның кіндік қаны тамған жер қай өлке болуы мүмкін деген сұрақ еріксіз мазалайды. Бұл жайында Қашқаританушылар арасында 3 түрлі пікір бар.

1. М. Қашқаридың әкесі билік құрған Барсхан қаласында дүниеге келді деген алғаш пайда болған ғылыми тұжырым. Бұл пікірді қолдаушылар А.З.Велиди Тоған, О. Прицак, Р. Дэнкофф пен Ж.Келли, И.В.Стеблева, Ә.К.Қараев сынды т.б. ғалымдар. Қаланың

аталуы туралы ғұлама ескерткіште былай деп көрсетеді: «Барсхан – Афрасиабтың ұлының есімі. Барсхан қаласын салдырған сол. Бұл Махмұттың атасының шаһары. Бағзы біреулер ұйғыр хақанының Барсхан есімді ат бағары болушы еді. Осы жердің ауасы жақсы болғандықтан, жылқыны сол жерде бағушы еді, кейін келе соның есімі осы жердің атағына айналған деседі. Сөйтіп, Барсхан аталып кетті дейді» [7, I, 65]. Барсхан Шу өзенінің жоғары ағысындағы, осы күнгі Қырғызстанның Тоқмақ қаласының жоғарғы жағында, Ыстықкөлге баратын тас жолдың бойындағы орта ғасырлық ескерткіш [8, 42].

2. М. Қашқаридың әкесі Хүсейін Барсханнан Қашқарға көшіп келгенде туылған болса керек деген ғылыми жорамал. Бұл туралы М.Ш. Үлкүташыр, Э. Трыярски, А.Н. Кононов т.б. ғалымдар пікір айтады [9,10,11].

3. М.Қашқари жәдігеріндегі «Опал» топонимінің аясында пайда болған тұжырым. Шыңжаңдық ұйғыр аудармашылары жәдігердегі «біздің жұрттағы мекен аты» деп берілген жер атын «Опал» деп оқып, ғалымның туған жері осы деген тұжырым жасайды [12, 97]. Бұл пікірді барлық Түркия және ұйғыр қашқаританушылары қолдайды. Ескерткіште аталмыш сөздің харакаттары дұрыс көрінбегені үшін К. Броккельман, Б. Аталай «Абул» деп оқыған [7, I,102].

Біз жоғарыда көрсетілген ғалымдар тарапынан жасалған тұжырымдар мен болжамдарды саралай отырып, ғұламаның нақты қай жерде дүниеге келгендігі туралы соңғы пікірді қолдаймыз. М.Қашқаридың қай жылы дүниеге келген деген мәселе бойынша, ғалым А.Егеубай М.Қашқаридың «Түрік сөздігі» еңбегіне жазған алғы сөзінде О.Прицактың зерттеуіне сүйеніп, «1029-1038 жылдар аралығында туған деген болжам бар» деп түйіндесе [7, I, 4], көптеген зерттеулерде ғалымдар ғұламаны шамамен 1029-1030 жылдары туған деп болжам жасайды [4, 5]. Дегенмен, ғылыми ортада М.Қашқаридың дүниеге келген жылы 1008 жыл деп бекітіліп, 2008 жылы ЮНЕСКО тарапынан «Махмұт Қашқари жылы» деп жарияланып, ғұламаның туғанына 1000 жыл толуы халықаралық көлемде аталып өтті. Махмұт Қашқаридың түркі халықтарының ішінде нақ қай халық өкілі екені туралы да ешбір мәлімет жоқ. Рас, оны түркі халықтарының біріне телуге тарихи деректер мүмкіндік бермейді. Өйткені қараханидтер тұсындағы түркі халықтарының кейін араласып, бір-біріне өте жақын болып кеткені соншалық, белгілі бір халықтың этногенезін нақты бір тайпа құрады де айтуға келмейді. Бір тайпаның өзі кейінгі дәуірде бірнеше халықтардың құрамына кіріп, сіңісіп кетіп отырған.

М.Қашқаридың түркі өркениет өрісіндегі тарихи тұлға деңгейіне көтерілуі оның өскен ортасы мен отбасы тәрбиесіне тікелей байланысты екені белгілі. Оның тегінің «түріктердің қызыл тілге ең шешендерінен, ең әдемі әңгімешілерінен, ең бір зеректерінен, ең білгірлерінен, ежелгі асыл тайпаларынан» болғандығын, дәлірек айтсақ, Қарахан мемлекетін негізін қалаушы Абдулкерім Сатук Бугра-ханның ұрпағы және әкесі Құсайын ибн Мұхаммед Шағры Тегін Барсхан қаласының әмірі болғаны ғылымда дәлелденді [4, 244]. Махмұт Қашқаридың тұлғалық болмысын құрайтын жеке қасиеттерін танытатын ерекшеліктерінің бірі оның білімпаздығы. Оның бек тұқымы бола тұра, әскери және әкімшілік қызметтен бас тартып, күрделі жолды – білім-іліммен шұғылдануды таңдауы. Қараханидтердің басқару кезеңі ғылым, мәдениет және ағарту саласының біршама дамыған уақыты болғанын білеміз. Махмұттың шешесі Бүби Рабияның әкесі Мұхаммед ибн Жүсіп өзінің жалғыз қызын ерте жастан сауаттылыққа үйретуге тырысып, қатаң адамгершілік ережелерді оқытады. Бұл Бүби Рабияғаұлы Махмұтқа жан-жақты тәрбие мен білім беруге мүмкіндік беріп, отбасылық тәрбие үрдістері мен тектілік ұғымының ана сүтімен санаға сіңірілуіне негіз болады. Анасының білімі мен тәрбиесінен сусындаған Махмұт, Қашқар қаласындағы Хамидие және Саджи медреселерінде оқып, Шейх Желлалидин Багдади, Шейх имам аз-Захид Хүсейін ибн Халеф ал-Кашқари сынды ұстаздардан білім алып, сауаттылығы мен біліктілігін жетілдіруі, жас талаптың өнер-білімге құштарлығын ғана қанағаттандырмай, оның жан-жақты білім парасатын, биік ой-өрісінің көкжиегін кеңейтіп, тұлғалық деңгейге көтерді. Міне осы бір М.Қашқари

өміріндегі кезең ғалым Ю.Н.Карауловтың тілдік тұлға табиғатын анықтаудағы көрсеткен тұлғаның тәлім-тәрбие алған отбасы мен ортасы, тегі, білімі және соған сәйкес қалыптасатын өзіндік сөз қолданысының пайда болып, дәстүрлі тілді меңгеру деңгейі анықталатын алғашқы немесе нөлдік деңгейіне жатады.

Тұлға ұжымда, әлеуметтік қоғамда өмір сүретіндіктен, белгілі бір дәрежеде әлеуметтік ортада болатын тарихи өзгерістерге тікелей тәуелді. Қоғамдағы әртүрлі өзгерістер тұлғаның қалыптасуына, оның мүмкіндіктерін жүзеге асыруына қолайлы жағдай жасаумен қатар, кедергілер де жасауы мүмкін. Осы кедергілерден сәтті өту де тұлғаның сапалық қасиеттеріне жатады. Тарихи деректерге сүйенетін болсақ 1047-1048 аралығында Қарахан мемлекетінде билік құрған Махмұт Қашқаридың атасы Мұхаммед Бугра Хан ибн Жүсіп билікті өзінің үлкен ұлы Хүсейін Чакыр тегінге яғни, Махмұттың әкесіне беруді ұйғарады. Бірақ Бугра Ханның екінші әйелі өзінің ұлы Ибрахим ибн Мұхаммедтің билікке отырғанын қалап, ханды ұлықтау салтанатында күйеуі Мұхаммед Бугра Хан ибн Жүсіпті және оған жақын адамдардың барлығын өлтіртіп ұлы Ибрахимді хан қылады [13, 20]. Міне осындай өз ішінде бүлік шығарып, опасыздықпен жасалған қанды қырғында Махмұт отбасынан түгелдей айырылып, өміріне түнген қауіптен арылу жолында туған жерінен қол үзуге мәжбүр болады. Бұдан кейін соғысқа тоймаған Ибрахим Барсхан қаласына шабуыл жасайды. Қала иесі Инал тегінмен соғысып, сол қанды қырғында жеңіліс тауып қаза болады [14, 240].

Ғ.Ғ.Мұсабаев М.Қашқаридің жәдігерді Бағдатта жазғаны туралы түрікмен зерттеушісі С.Ахалының пікірін негізге ала отырып «Кишлак Торгек Махмуд Кашгарский называет на пути в Китай, в то время как для человека, который находится в Кашгаре, этот кишлак не в Китае, а по пути в Багдад. А для того, кто находится в Багдаде, этот кишлак расположен на пути в Китай. Отсюда вывод: Махмуд Кашгарский находился в Багдаде, где и написал свой труд» деп ой түйеді [7, 54]. М.Қашқаридың Бағдатқа бару себебін ғалымдар әртүрлі болжайды. О. Прицак жоғырада атап өткен 1047-1048 жылдары аралығында ішкі саяси жағдайларға байланысты түркі халықтарын аралап, бой тасалап барған деген пікір білдірсе, М.Ш.Үлкіташыр Селжүк мемлекетінің билеушісі Мәлікшахтың әйелі Сүлейман Арслан ханның қызы Теркен Хатунның шақыруымен келген адамдар қатарында болған деген тұжырым жасайды [9]. Ғалымдардың ұлы ғұламаның Бағдатқа бой тасалап келген деген пікірлері ойға қонымсыз. Біз оның Бағдатқа келу себебін, М.Қашқаридың тарихи-тілдік тұлғасының негізі болып табылатын ұлттық болмыс-бітімін, ұлттық-рухани құндылығын, ұлтжанды сезімін, қоғамдық ой биігін көрсететін түрікшілдігімен байланыстырамыз. Бұл тұрғыдан М.Қашқаридың түрік елінің ұлылығын таныту, түрік тілінің жасампаздығын жариялау және түркі өркениетінің рухани күш-жігерін, елдік парасатын және ғылыми дүниетанымын (арабтарға) паш ету мақсатындағы Түрікшілдігі жәдігерде төмендегідей көрініс тапқан. *«Мен тәңірінің дәулет ұясын түріктер бұржысында жаратқандығын және гарышты солардың заманы үстінде айналдырғанын көрдім. Тәңірі оларды «Түрік» деп атады. Заманымыздың хақандарын түріктерден шығарып, дәуір, халықтың ақыл-ерік тізгінін солардың қолына ұстатты; оларды адамдарға бас қылды; хақ істерде соларды қолдады; олармен бірге күрескендерді әзіз қылды әрі түріктер ішінен соларды барша тілектеріне жеткізіп, жамандардан, зұлымдардан қорғады...Пайгамбарымыз қиямет белгілері, ақырзаман бітіналәрі және оғыз түріктерінің жорыққа шыққандығы туралы айтқанда: «Түрік тілін үйреніңіздер, сонда олардың егелігі ұзақ дәуірлі болмақ,» - деген екен. Бұл хадистің (қағида сөздің) дұрыс-бұрыстығына сол айтушы кісілердің өздері жауапкер. Бұл сөз шын болса, түрік тілін үйрену уәжіп, білген абзал, шын болмаған жағдайда, түрік тілін үйренудің зияндылығын ақыл ажыратар» [7, I, 30].*

Түркілердің ел-жерін, өмір-тұрмыстарын, дәстүр-өнегелерін жан-жақты танып, байыпты зерделеген М.Қашқари «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегін екі жыл ішінде жазып бітіріп, Мұхаммед ұлы Әбілқасым Абдолла Мұқтади би Әміроллаға тарту етеді. Бұдан кейін Бағдатта 5 жылдай ұстаздық етіп, 1080 (кейбір деректерде 1082 ж.) жылы Қашқарға

қайтады [15, 6]. Алғаш түркі халықтарының энциклопедиялық еңбегін жарыққа шығарып, өзінің ғұмырын түркі өркениетін жаңғыртуға сарп еткен ғалымның бұдан кейінгі өмірі жайында тарихи жазбаларда басы ашық ешнәрсе сөз болмай, тек 1080 жылы Бағдаттан өзінің балалық шағын өткізіп, алғаш білім нәрімен сусындаған Қашқар қаласы маңындағы Опал елдімекеніне оралады. Осы жерде Мұхаммәдия медресесін ашып, дәріс оқып, өмірінің соңына дейін шәкірт тәрбиелеп, 1105 жылы 97 жасында дүниеден озады [16, 18].

Тілдік тұлғаның прагматикалық деңгейінің басты өзегі – сөйлеуші (я жазушы) мен тыңдаушының (я оқушының) арақатынасы. Нақты айтқанда, тыңдаушының танымын, көзқарасын, психологиясын айтушының ескеріп, барынша оған ықпал етуді, сөзін ұғындыруды, ойын жеткізуді мақсат етуі.

М.Қашқари бұл тұрғыдан *«Мен істі оңайлату үшін әрі кітапты ықшамдау үшін, менен бұрын ешкім түзбеген уа ешкім ешкімге мәлім болмаған өзгеше бір тәртіпте түзіп шықтым. Бұл жазған еңбегім талапқа сай болсын, пайдаланушыларға анық, қолдануға қолайлы болсын деген ниетпен бірқатар қағидаларды түзіп, өлием үлгілерін жасадым. Әрбір тайпаның тілінен сөз жасауға негіз болған түбір сөздерді алдым. Сондықтан, сөздің қысқасы жақсы, ілгері кеткендерге тура нышан көрсетіп, кең жол ашып беру үшін, өрлеп-өсу ниетіндегілерге саты қойып беру үшін осыларды істедім. Түрік халықтарының көрген-білгендерін толғайтын ақын-жыраулардан, қайғылы да қуанышты күндерде шыққан мағынасы терең мақал-мәтелдерден мысалдар келтірдім, енді мұны пайдаланғандар кейінгілерге, олар өзінен кейінгілерге жеткізсін»* [7, I, 33] – деп, оқырманның жүрегіне жол табады. Кітап табиғатымен танысқан тұстарда автордың түркі халықтарының тарихы мен тағылымына, өмір-тұрмыс тіршіліктеріне, дәстүр сабақтастығына, кәсіп-дағдыларына, ой-сөз жүйесіне, тілдік ерекшеліктеріне қызығушылығы мен сүйіспеншілігін, әдеби-тарихы мен мәдени мұра-мирастарға деген құрмет-тағзымын айқын аңғаруға болады. Бұған кітап құрылымы мен мазмұны, мол материалдар жиынтығы мен дәйек-дерек көздерінің алуан арналы, сан сипатты, көп қырлылығы да дәлел бола алады. Маңыздысы, әрине түркі халықтарына ортақ мұратты, тарихы мен тағылымын, әдеби-мәдени және рухани мәселелерді жан-жүректен қозғап, мол материалдар жиынтығын жүйелі де нанымды үлгіде жеткізеді. Бұл туралы М. Қашқари: *Түркі халықтарының атамзаманнан көрген-білгендерін баяндайтын бәйіт-жырлары мен қайғылы және қуанышты күндерінде айтатын терең мағыналы мақал-мәтелдерінен мысалдар келтірдім, »* - деп жазады [7, I, 33]. Мұның бәрінен, сөз жоқ кітап авторының тілдік бейнесінен түркі халықтарының тарихын, тұрмыс-салты мен дәстүр сабақтастығын, уақыт пен кеңістік ауқымын жетік меңгерген, өмір мұратын, адам әлемін, уақыт бедерін танып-таразылауда да сергектік пен серпінділік айқын аңғарылады.

Тұлғаға қойылатын басты талапты ана тілін жете меңгерген, өз тілінде дұрыс сөйлей алатын, әлеуметтік өмірге бейімделген, өзіндік қызығушылығы мен машығы бар, әдеби тілді шығармашылық деңгейде тұтынатын және қызмет ету барысында өзіндік шығармашылығын таныта алатын адам аясында қарастыратын болсақ, барлық ғұмырын түркі өркениетін жаңғыртуға арнап, есімін түбі бір түркі халықтарының тарихында алтын әріппен қалдырған жалпытүркілік тілдік тұлға М. Қашқари – бұл талаптардың үдесінен шығады.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Күлтегін ескерткішінің тұсаукесерінде сөйлеген сөз // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2001. – Б. 9-12.
2. Pritsak O. Mahmud Kaşgari kimdir?// Türkiyat Mecmuası.– Cilt 10. - Istanbul, 1953.
3. Kâşgarlı Mahmud. Dîvânü Lûgati't – Türk: Tıpkıbasım / Facsimile. – Ankara: Türkiye Kültür Bakanlığı, 1990.
4. Гафуров А. Имя и история: Об именах арабов, персов, таджиков и тюрок: Словарь/ Отв.ред. М.Н.Османов. – М.:Наука, 1987.

5. Мусабаяев Г.Г. «Некоторые сведения о жизни Махмуда Кашгари». // Исследования по тюркологии. – Алма-ата: Наука, 1969.
6. Наджип Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. – М.:Наука, 1989.
7. Махмұт Қашқари Түрік сөздігі / аударған А.Қ.Егеубай. – Алматы: Хант, – I т.1997; II т.1997; III т.1998.
8. Шәлекенов У.Х. V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. – Алматы: Жібек жолы, 2006.
9. Ülkütaşır M.Ş. Büyük Türk Dilçisi Kaşgarlı Mahmut: Hayatı. Şahsiyeti. Divanü Lugat'ı. – İstanbul: Cumhuriyet Matbaası, 1946.
10. Tryjarski Edward. Kultura Ludów turckich w świetle przekazu Mahmuda z Kaszgaru (XI w.) – Warszawa: Polska Akademia nauk, 1993.
11. Кононов А.Н. Махмуд Кашгарский и его «Дивану лугат ат-турк» // Советская тюркология. №1. – Москва, 1972.
12. Кәшкәри Мәһмұт. Түркий тиллар дивани (Дивану лугати т-түрк) / Мәс'ул муһәррири Ибраһим Мути'и. – Үрүмчи: Шинжаң хәлк нәшрийати, 1981-1984. Том 1-3. (Т.1.-1981; Т.2.-1984; Т.3.-1984.)
13. Акалын. Ш.Х. Тысячу лет назад тысячу лет спустя. Махмұт Кашгари и Диван лугат ат-Турк.// Автор русского перевода Джаштегин Тургунбаер. – Анкара, 2010.
14. Сыздықов.С. Қарлық – Қарахан мемлекеті: саяси тарихы және мәдени мұралары. – Астана: Фолиант, 2014.
15. Varis Çakan. Kaşgarlı Mahmud'un soyu, kısaca hayatı, eserleri ve mezarı üzerine bir inceleme.// Uluslararası Kaşgarlı Mahmud Sempozyumu. 17-19. Rize üniversitesi, 2008.
16. Abduresul, Dilnur Mehmud Kaşgari ve onun kabrgahi, Kaşgar, 2005.

Қ.М. Кусубаева
Астана қ. (Қазақстан)

ӨЗГЕТІЛДІ АУДИТОРИЯДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Өзгетілді аудиторияда қазақ тілін оқыту әдістемесі – жоғары оқу орындарында «Қазақ тілі» практикалық курсының ғылыми және лингводидактикалық негіздерін зерттейтін «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» ғылымының ішкі бір саласы болғандықтан, туындаған заманауи мәселелерді қарастыруды міндеттейтіні белгілі.

Жоғары оқу орындарында оқылатын «Қазақ тілі» практикалық курсы студенттерге қазақ тілінен мектептен меңгеріп келген білімін, дағдыларын одан әрі дамытып, кәсіби қазақ тілі деңгейіне дейін жеткізуді мақсат етеді.

Студенттер бірінші курсқа түскенде қазақ тілі пәні бойынша анкета мен тест алынады. Мақсат:

- ✓ Қазақ тілі студенттің ана тілі болып табыла ма?
- ✓ Мектепте қазақ тілін қалай меңгерген?
- ✓ Студент өзінің ана тілі мен қазақ тілін бірдей меңгерген бе?
- ✓ Тыңдауда қандай қиындықтар туындайды?
- ✓ Сөйлеуде қандай қиындықтар туындайды? (монолог/ диалог)
- ✓ Жазуда қандай қиындықтар туындайды?
- ✓ Оқуда қандай қиындықтар туындайды?

Қазақ тілін өзгетілді аудиторияда оқытуда алдыңғы орынға коммуникативтік, білімдік, дамыту, және тәрбиелік мақсаттар қойылады. Қазақ тілін коммуникативтік бағытта оқыту дегенде, ең алдымен, қазақ тілінің қарым-қатынас құралына айналуы міндеттері шешілуі көзделеді.

Соңғы жылдарда жастардың құндылық бағдарлары осыдан тіпті 10 жыл бұрынғы құндылықтар жүйесінен алыстап бара жатқанын көреміз. Қазіргі ең маңызды құндылық – еркін, жан-жақты дамыған, өмір сүру құлшынысы мен қабілеті жетілген, сәт сайын өзгеріп отыратын осынау әлемде өмір сүріп қана қоймай, әлемді, қоғамды және өзін өзгертуге ұмтылып отыратын тұлға.

«Қазақ тілі» курсы осындай тұлға қалыптастырып, дамытуға барын салуы тиіс. Ол үшін, алдымен, қазақша толыққанды қалыптасқан, коммуникативтік құзыретке ие, тілдік тұлғаның табиғатын танып анықтап алу керек. Содан кейін, қазақ тілін коммуникативтік және басқа да жаңа педагогикалық технологиялар негізінде оқытудың жүйесі анықталуы керек.

Қазіргі кезеңде коммуникативтік оқыту жүйесінің алдыңғы қатарға шығуының өзіндік себептері де бар. Бүгінгі күні адамдар бір-бірімен компьютер мен смартфондарға, тағы басқа ақпараттық технологияға ауып кетіп жатады. Бірақ бұларды себеп қылып, үнсіз отыра берсек, онда қолымыздағы барымыздан айырылып қалуымыз мүмкін.

Біз үшін «қолымыздағы бар құндылығымыз» – ертеңінен, болашағынан үлкен үміт күтіп отырған, бүгінгі аудиторияда отырған студент жастар. Олардың қазақша коммуникативтік құзыретінің С1 деңгейіне жеткізу және ол алған білімінің болашақта дамып отыруына керекті сенімді іргетас қалау – «Қазақ тілі» курсының басты міндеті және ұстанатын бағдары болып табылады.

Студенттердің қазақша еркін коммуникациялық құзыретке ие болуын мүмкін ету үшін оның жеке тұлғалық сипатын танып-біліп алу керек. Жеке тұлға дәрежесіне жеткен студенттің қазақ тілін саналы меңгеруіне күмән болмайтыны анық.

Қазақ тілі курсын оқыту арқылы студенттің жеке тұлғасын дамыту Қазақстан Республикасының болашақ азаматын, білімді де саналы маманын қалыптастыруға қосылған үлкен үлес болып табылады.

М.В.Ломоносов атындағы ММУ Қазақстан филиалының бакалавриатында «Қазақ тілі» курсы екінші тіл ретінде оқытылғанымен, студенттер арасында қазақ балалары көп болуына байланысты қазақ тілін оқытудың ерекше әдістемесі қолданылуы қажет екені белгілі. Сондықтан коммуникативтік тыңдау, сөйлеу/сөйлесу, оқу, жазу дағдыларын дамытуда саралай оқыту әдістері көбірек қолданылатынын атап кетеміз.

Студенттерге қазақ тілін оқытуда коммуникативтік бағдар ұсталынады дегенде, қазақ тілінің грамматикалық құрылымы мүлде сөз етілмейді деп айта алмаймыз. Бірақ мәтінді оқуды үйретуде ережені айтып, оқытудан гөрі, сөз бен сөз тіркестерін оқытып, содан ережені шығарып алу студент үшін өте тиімді әдіс болып табылады.

Н.Ж. Құрман мен К. Мухлис «Текст теориясы және текстті талдау әдістемесі» кітабында мәтіннің құрылымына қарай оны лингводидактикалық тұрғыдан және стилистикалық тұрғыдан талдаудың ерекшеліктерін атап көрсетеді.

Мәтінді оқуға үйретуде оқу стратегиялары туралы айтып кету маңызды болмақ. Жазылған мәтінді оқу жұмыстарын орындатуда студенттің басты мақсаты мәтіндегі мазмұнды түсінуі емес. Оның есесіне, сол мәтінді оқуға қай тұрғыдан келді, қандай әдістерді қолданды деген мәселеге баса назар аударып, басқа да түрлі жанрлардағы мәтіндерді өз бетімен оқи алатын, олардан қажетті ақпараттарды ала білетін дағдыларын қалыптастыру, жетілдіру маңызды болады.

Коммуникативтік тұрғыдан мәтінді оқудың міндеті – студенттің белсенді оқи алатын болуы, өз бетімен кітаппен, мәтінмен жұмыс жасай алатын болуы, мәтіндерді игеріп, кездескен қиындықтарын жеңе алатын болуы.

Мәтінді оқу стратегиялары студентке мыналарды үйретеді:

- ✓ мәтіннен жекелеген нақты мәліметтерді тауып алуға;

✓ мәтіндегі маңызды не/немесе жаңа мәліметтерді білдіріп тұрған тірек сөздерді белгілей білуге;

✓ мәтіннің типі мен оның функциясын анықтай алуға;

✓ көлемді мәтіннің ортақ ойын түсінуге;

✓ ол мәтіннің логикалық құрылымы мен мазмұндау үшін жоспарын анықтауға;

✓ мәтіннен қызықты тұстарын бөліп алуға;

✓ автордың не айтқысы келгені туралы ойланып, сол ойды білдіру үшін автордың қандай тіл бірліктерін қолданғаны жөнінде өз ойын айтуға;

✓ өзінің ұнатқан мәтіндерін өз бетімен еркін оқи алуға.

Студентке мәтінді оқытудың түпкі мақсаты ретінде екі стратегияны, яғни мәтінді терең түсініп оқу стратегиясы және өзінің ұнатқан мәтіндерін өз бетімен оқи алуға үйретуді көздеген болсақ, онда мәтінді оқудың мынадай түрлерін қолдануға болады.

✓ Ізденімдік оқу.

✓ Танысу үшін оқу.

✓ Мәтіннің логикалық құрылымын анықтау үшін оқу.

✓ Мәтіннің жалпы мазмұнын жоспарлау үшін оқу.

Белгілі ғылым докторы Ә.Жүнісбек: «Қазіргі кездегі оқулықтар да, әдістеме де, мұғалім де қазақ тілін ана тілі ретінде үйретуге икемделіп дайындалған. Себебі мұғалімдер дайындайтын оқу орындары қазақ тілін тек ана тілі ретінде оқытатын мұғалімдер дайындап келеді. Сондықтан олар оқу сыныбына (аудиториясына) келеді де, грамматиканы жаттаудан бастайды. Айналып келгенде бала ережені біліп-ақ тұр, бірақ сөйлеуге дәрмен жоқ. Оқытушының да, оқушының да қыруар еңбегі тіл үйрету мен тіл үйренуге емес, грамматиканы жаттату мен жаттауға босқа сарп болуда. Ал бізге болса қазақ тілін «екінші» (ана тілі емес) тіл ретінде үйрететін оқу құралдары, әдістеме мен мұғалімдер керек. Ендеше әрекеттің басы қазақ тілін грамматикасыз оқытатын оқулықтар, әдістемелер мен мұғалімдер дайындау болу керек», - деген ұсынысын тастаған [1, 15]. Егер білім алушы ережені түсініп, жетік меңгерген болса, сол тілде сауатты сөйлей алатын мүмкіндігі бар деген сөз. Дегенмен үнемі грамматика арқылы тілді меңгерту жоғарыда айтылғандай ұзақ уақыт алады. Мұғалім үнемі шыңдалу, даму үстінде болғандықтан оқулық пен әдістемелік құралдардағы тапсырмаларға қосымша топтың, білім алушылардың деңгейіне, қабілеттеріне қарай тілді дамыту мақсатында өз жанынан білім алушылар меңгеруі тиіс деп санаған түрлі тиімді жаттығу түрлерін өздігінен ұйымдастыра білуі тиіс. Қазақ тілін оқыту әдістемесі пәнінің ғылыми теориялық бағдарламасы төрт саладан тұратыны белгілі. Біріншісі – педагогика-дидактиканың теориялық негіздері;

екінші – қазақ тілінің ғылыми саласы; үшіншісі – тіл дамыту; төртіншісі – педагогикалық практика бөлігі [3, 4]. Тіл дамыту түрінің ең негізгісі – *сөйлеу тілін дамыту* қажет. Яғни, қазақ тілін қатынас құралы ретінде еркін меңгеріп, саналы түрде үйренуі керек. Білім алушы күнделікті өмірде мемлекеттік тілде сөйлесіп, өз ойын анық, нақты, сауатты жеткізуге міндетті. Психолог С.Л. Рубинштейн: «Дағды санаулы түрде автоматтандырылған қимыл-әрекет түрінде көрінеді, ал сонан соң әрекеттің автоматтанған тәсілі ретінде қызмет атқарады», - дейді. Яғни, білім алушы сөйлеу түрлері мен үлгілерін үйрене отырып, қазақ тілінде қарым-қатынас жасау дағдысын бойында қалыптастырып орнықтырады. Сөйлеу дағдысын қалыптастыруда *көру, сезу, есту* түрлері маңызды орын алатыны белгілі. Ендеше екінші тілге үйретуде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін білім алушылардың бір-бірінің үнемі ауызша әңгімелесу дағдысын есту, сезу, көру арқылы жүзеге асыру қажет. Білім алушылардың ой белсенділігіне, қызығушылықтарына, мамандықтарына, тілге деген ынтасына қарай сөйлем құрау, диалог құру, эссе жазу, пікірін жазу секілді тапсырма түрлерін әр сабақта дәстүрге айналдыру қажет. Білім алушының берілген тақырыпқа орай құраған мәтінін оқыта отырып, қате құрылған сөйлемдері арқылы грамматикалық құрылыс заңдылықтарын үйрету, дұрыс жазуға дағдыландыру қажет. Мәтін арқылы саналы түрде өз пікірін жеткізген білім алушы тілдік таңбаларды неге олай қолданғанын, басқаша қалай айтуға болатынын түсіндіріп беруі тиіс. Ауызекі сөйлеуге дағдыландыру барысында оқыту әдістерін қатар қолданған жөн. Оның ішінде адамгершілік тәрбиесінің тармақтары: еңбек, эстетикалық, экологиялық, адамгершілік, саяси-идеялық тақырыптары кіреді. Оқытушы осы тармақтар бойынша мәліметтерден хабардар болуы тиіс. Әр халықтың тілдері әртүрлі болғандықтан олардың ойлауы да әртүрлі болады деген пікір бар. Ол туралы Б.Уорф: «Әр халықтың дүниеге өзіндік көзқарасы болады. Ол көзқарас (мировозрение) сол тілдің тілдік жүйсімен, морфологиялық құрылымымен анықталады», - деген болатын [1, 78]. Ендеше өзге ұлт өкілдерінің пікірін білу арқылы оқытушы өзі сабақ беріп отырған білім алушылары арасындағы ой айырмашылықтары мен ұқсастықтарын тани түседі. Сол арқылы білім алушылар арасында бір-бірін түсіну атмосферасын орнату керек.

Тіл дамыту жұмыстарының ең негізгілерінің және дәстүрлілерінің бірі – мәтінмен жұмыс. Мәтін – барлық тіл бірліктерінің ішіндегі өзіндік ерекшелігі мол бірлік, өзара мағыналық байланыстан тұратын біртұтас құрылым, тұтастық. Оның тіл дамыту барысында алатын орны ерекше [1, 71]. Мәтін материалдары қазақ халқының тарихи-мәдени өмірімен, тұрмысымен, өнерімен, әлемдегі білімге, техникаға қатысты жаңалықтармен байланысты болып отырады. Мәтінге қойылатын талаптар: әсерлі болуы, жүйелі болуы, дәлелді тексерілген фактілердің болуы, білім алушыларды адамгершілікке тәрбиелей алуы. Білім алушылардың қазақ тілінде анық, жатық сөйлеп, қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру үшін оқытушы мәтінді оқып көрсетуі керек. Себебі білім алушы дыбысты еліктеу арқылы тез қабылдап, интонацияны дұрыс қоюға, тілдің орфоэпиялық нормасын қалыптастыруға үйренеді. Бірінші мәтінді дауыстап оқыту арқылы, екінші мәтін бойынша жасалатын жаттығулар арқылы білімдерін ескереді. Әр мәтінге берілетін грамматикалық, лексикалық және стилистикалық тапсырмалар әрқалай болғаны дұрыс. Бір мәтінде тапсырманың бірнеше түрін беру шектен тыс күш салады, әрі жалықтырады. Мәтінмен таныса отырып алдымен таныс емес, түсініксіз сөздерге аудармасы арқылы түсініктеме беріліп, синонимдерін табу және сол сөздерге сөз тіркестері мен сөйлемдер құру тапсырмалары; мәтіндегі бірнеше сөзге өз сөзі арқылы анықтама жазу; мәтін мазмұнын баяндау; мәтінге қатысты пікірін білдіру; мәтін бойынша сұрақтар дайындау; мәтін бойынша оқытушының дайындап берген дұрыс және бұрыс мәліметтерін айыра білу; мәтінге жоспар жасау; мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру; мәтінді абзацтарға бөліп оқу; мәтінді конспектілеу секілді бірқатар тапсырмалар өз нәтижесін беріп жүргені белгілі. Сонымен қатар сабақтан тыс уақытта кітап, газет, журнал оқу, теледидардан күнделікті тиімді бағдарламалар көру, театрдан қазақша қойылымдар көру, радио тыңдау және көргенін, естігенін аудиторияда бөлісіп отыру да білім

алушының сөздік қоры мен сөйлеу дағдысын қалыптастырады. Сол себепті оқытушы осы мәселені де жүйелі түрде назарға алып отырса тілді үйрену жемісін берер еді. Қазақ тілінде сөйлеу дағдысы қалыптасқан үйренушіге тілді тереңдете оқыту оңайға түседі.

Жазушы Ғ.Мүсірепов «Ана тілі дегеніміз – сол тілде жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де танытатын сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады. Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді», - деген болатын. Ана тілімізді, мемлекеттік тілімізді жоғары деңгейге көтеріп, қолданылу аясын толықтай кеңейту Қазақстан Республикасының кез келген азаматының мақсаты болуы тиіс. Негізгі мағұлматтарды осы тіл арқылы меңгеру керек. «Адамның қоғамдағы орны сөз әлемін меңгеру дәрежесіне, тіл құпиясы мен сырларын қаншалықты ұғынумен ұштасады».

Әдебиеттер

1. Мемлекеттік тілді оқыту: ізденістер мен тәжірибелер республикалық семинарының материалдары, – Астана, 2010. – 216 б.
2. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 239 б.
3. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Әбдікәрімова Т., Әбдіғалиева Т., Шәймерденова К. – Алматы: Ана тілі, 1999. – 232 б.

Р.С. Тұрысбек
Астана қ. (Қазақстан)

АСЫЛ СӨЗ АРНАЛАРЫ (АҚЫН-ЖЫРАУЛАР МҰРАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР МЕН САБАҚТАСТЫҚ СЫРЛАРЫ)

Ұлттық сөз өнерінің арналы саласы – ақын-жыраулар мұрасы. Халық әдебиетінің бай үлгілері ақын-жыраулар шығармашылығы арқылы ұнамды үрдіс, оңды сипат, жаңа мағынаға ие болды. Ақын-жыраулар – эпик жыршы болумен бірге сол тұстағы жорықтарға қатысқан. Қол бастап, халық сөзін айтқан. Жеңіс жалауын ой сезімімен тербеген, әділдікті ту еткен. Тегінде: «...Елге ұйытқы, ер-азаматқа ақылгөй болған жыраулар қазақ поэзиясының болашақта ұмтылар бағыт-бағдарын, идеялық тұғыры мен көркемдік биігін де айқындап кетті» [1, 8].

Жыраулар поэзиясында Асан Қайғы Сәбитұлының орны, тағылымы ерекше. Ол – әрі аңыз иесі, әрі қоғам қайраткері, әрі ділмар шешен.

Асан сөздері өсиет, нақыл түрінде көп кездеседі. Мысалға жүгінеміз:

*Мінезі жаман адамға,
Енді қайтып жуыспа.
Тәуір көрер кісіңмен,
Жалған айтып суыспа...*

Немесе бірлік, татулық туралы:

*Есенің де, тірің де
Бір болыңыз бәріңіз,- дейді.*

Және бір мысал: *Аққу көлдің көркі еді,*

*Ерте-кеш көлде әндеген,
Үнімен көлді сәндеген,
Қу көлдегі ерке еді, -*

деген жолдардан адам әлемі, өмір мәні, мінез құбылысы, жақсы-жаман орны мен сыры барынша айқын, дәлдік пен нақтылыққа негізделіп беріледі. Өмір өнегесі мен тәжірибесі де танылады. Дүние дидары, өмір-өлім мәні, татулық пен туыстық сыры да сенімді, серпінді сипат алады. Қысқа ғұмыр, жалған дүниенің нарқы мен парқы, қарыз-парыз істің кәделі де сауапты тұстары айқын аңғарылады. Ал, киелі сұлу құстың жыртқыш аңға кезігуі ақындық қуатпен, көркемдікпен, шешендікпен, шыншыл суретпен бейнелі жырланған.

Аққу – киелі, көл еркесі мен сәні, оны аялау мен бағалау қажеттілігі алға тартылады. Керісінше, қиянатқа қарсылық жасап, атпау керектігі айтылады.

Сондай-ақ, Асан қайғының Еділ мен Жайық жайлы өлең-жырлары ел-жердің қасиеті мен құдіретін кеңінен көрсетсе, Жәнібек ханға қаратып айтқан сөзінен ұлт пен ұрпақ ұлағаты, қоғам мен адам, замана шындықтары нанымды сипат алады. Ал, «Бұл заманда не ғаріп?», «Көлде жүрген қоңыр қаз», «Еділ бол да, Жайық бол!» сынды өлең, толғаулары ұлт мұраты, адам әлемі, өмір мәні, сыйластық сырлары туралы кемел ой, терең толғамдарды алға тартады.

Қазтуған – XV ғасыр әдебиетінен батыр, жырау ретінде белгілі. Ол Еділ, Жайық, Ойыл өзендері бойында туған. Ақындық өнері қуатты, мәнді. Айталық, жырау жырларында айқын аңғарылатын:

*Бұлт болып айды ашқан,
Мұнар болып күнді ашқан,
Мұсылман мен кәуірдің
Арасын өтіп-бұзып дінді ашқан,
Сүйінішұлы Қазтуған!-*

деген жолдардан елеулі эпитет, маңызды метафоралармен бірге батырдың биік тұлғасы, жорық жолдары, өжеттігі мен өр мінезі де қатар көрінер еді.

Қазтуған мұрасынан қазақ елінің өмір, тұрмысы, тарихы кең көрініс тапқан. Оны жырау жалынды жыр, отты өлең, өршіл рухпен серпінді жырлайды. Оның өлеңдерінде А.Б.Ж, т.т. дыбыстардан басталатын жолдар көп. Бес жолдан тұратын ондай өлеңдер ақын ерекшелігі, поэтикалық өнерінің сыр-сипаттары деуге болады. Көркемдік мұраты да осы тұстан танылады.

Мысалы: *Арғымақтың баласы
Арыған сайын тың жортар.
Арқамнан қосым қалар деп,
Ақ жария толқын күшейтер...*

Немесе: *Жарлысы мен байы тең,
Жабысы мен тайы тең,
Жары менен сайы тең...*

Тағы да: *Балығы таудай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған...*

Мұндай мысал-деректі, ақыл-нақыл түрінде төгіліп түсер тегеурінді шумақтарды Асан атада / «Тауық неше шақырса, Таң болжалдап атар ол» /, Бұқарда / «Алыстан жанжал сөз келсе, Азулы сөйлер жүгініп»/, т.б. жиі кездестіруге болады. Өмірдің мәні мен

нәрі – қысқа-нұсқа қалыпта беріледі. Оның өзінен, сөз жоқ қоғам, кезең көріністері, өмір-уақыт шындықтары, дүние дидарының барша құбылыстары айқын танылады.

Ақын-жыраулар мұрасында ел мен жер, адам өмірі мен оның әрекеттері, өткен мен бүгін мәселесі, сабақтастық сырлары кеңінен көрінеді. Адами құндылықтар, бірлік пен келісім, татулық пен туыстық сырларына да кең орын беріледі. Өмір өнегесі, уақыт бедері, тәлім-тәрбие арналары да кеше мен бүгін байланысын айқын аңғартады. Асқар тау, ақша бұлт, ай мен күн, жыл мезгілдері, ғалам ғажаптары да тиісінше тілге тиек болып, көркемдікпен қорытылып, маңыз-мәні айқындалады. Мысалы,

Асан: *Ешкімменен ұрыспа,
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа,
Ердің құны болса да,
Алдыңа келіп қалған соң,
Қол қусырып барған соң,
Аса кеш те қоя бер,
Бұрынғыны қуыспа...*

Жиенбет: *Еңсегей бойлы ер Есім,
Есім сені есірткен,
Есіл менің кеңесім...*

Ақтамберді: *Жағалбай деген ел болар,
Жағалтай деген көл болар...*

Жыраулардың өлең-толғауларында қоғамдық құбылыстар мен кезеңдік көріністер, адами сапа мен еңбек мұраттары, өмір-уақыт шындықтары, дәстүр мен дін, хан мен халық, жас пен кәрі, ел мен ер, бай мен би, ән мен күй, тұрмыс-тіршілік иірімдері кең орын алады. Осыған қатысты кеше-бүгін байланысының айшықты-нақышты тұстары, бедерлі бейнелері, көркем теңеулер мен сырлы суреттер, өрнекті ойлар мен образ-символдар, салыстыру-салғастырулар көптеп кездеседі. Мысалы, **Асан:**

*Ашу – дұшпан, артынан
Түсіп кетсең қайтесің
Түбі терең қуысқа.*
Немесе: *Жақсыларға айтпаған,
Асыл шырын сөз ғаріп
Замандасы болмаса,
Қариялар болар тез ғаріп.
Қадірін жеңге білмесе,
Бойға жеткен қыз ғаріп.
Ел жағалай қонбаса,
Бетегелі бел ғаріп...*

Шалкиіз: *Сен алтынсың – мен пұлмын,
Сен жібексің – мен жүнмін.
Сен сұлтансың – мен құлмын
Сен сұңқарсың – мен құмын.
Боз сазаны тоқтыдай
Балығы таудай тулаған.
Бақасы қойдай шулаған.*

Доспамбет: *Туған айдай нұрланып,
Дулыға кидім өкінбей.*

Шал: *Ашу – дұшпан болғанда, нәпсі – жауың,
Ақыл – тұрған алдында асқар тауың.
Шешен сол – сөйлер сөзден қан алмаса,
Жақсы сол – істер ісін тамамдаса,
Иман – қой, ақыл – қойшы, нәпсі – бәрі
Кәрілік – күлге аунаған қотыр бура...*

Ақын-жыраулар мұрасында қанатты сөз бен даналық ойға, таным негіздері мен шындыққа сыйымды көріністер, ұтымды жолдар мол. Осы тақырыптағы шығармалар қоғам, өмір, уақыт шындығын өлең сөздің өзегі ету арқылы белгілі, күнде кездесетін көрініс – құбылысты көркем, нақты жеткізуімен ерекшеленер еді. Әрі әрбір ақын-жырау қайсыбір тақырыпты сөз етсе де өмір тәжірибесін, уақыттың сыр-таңбасын тап басып нанымды, жеңіл жеткізеді. Бұдан байқалатыны: ұлт пен ұрпақтың мәні мен қамы, өмір-уақыттың бедерлі белгісі, сыр-сипаттары терең көрініс береді. Ата-ана қадірі, ұл мен қыз сипаты, ене мен келін қарым-қатнасы, жақсы-жаман орны, жастық пен кәрілік мәні де бар қырынан көркем, нанымды ашылады.

Ақын-жыраулар қыз бен жігіт, әйел сипатын т.т. тақырыптарды сөз еткенде адам өмірі мен кезеңдерін, олардың /ұл мен қыздың, әйелдердің/ әрбір отбасы үшін орнын, қадір-қасиетін, ең негізгісі – адамдық-имандық қырларын, ой-сезімге әсер етер көркем де сұлу келбет-мүсін, жаратылыстарын, түр-тұлға т.т. барынша көркемдікпен, кемелдікпен суреттейді. Адам әлемін, өмір мәнін әр қырынан нанымды сипаттайды:

Шал: *Жиырмаға келген қыз кәрі болар,
Өңі кетіп, шырайы сары болар.
Ер елуге жетсе де айыбы жоқ,
Әр уақытта біреудің жары болар...
Бір жігіт бар – құр жан
Бір жігіт бар – тірі жан.
Бір жігіт бар – жігіт жан.
Құр жан дейтін жігіт –
Кеудесінде жаны бар, еш нәрсені бітірмейді,
Тірі жан дейтін –
Бар тапқанын киім мен асқа сатар.
Қызыл белбеу, шоңкима етік, үкі тағып,
Әркімді бір сықақ қылар.
Жігіт жан дейтін жігіт –
Сегіз қырлы, бір сырлы болар.*

Абыл: *Жігіттік – өтер, кетер бір қызыл гүл...*

Жыраулар шығармашылығында ер қанаты – ат орны мен жылқы сипатына да зор маңыз берілген. Тұлпар туралы халық айтқан: «Жылқы – малдың патшасы», «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар», «Адам жылқы мінезді», немесе: «Жарым – жылқы, жүйрік ат - салған әнім» деп ақын /І.Жансүгіров/ айтқандай, ақын-жыраулар қазақтың қадірлі басты байлықтарының бірі – жылқыны үстірт сөзбен, сырттай қызығушылықпен суреттемейді, керісінше азамат, батыр мінер арғымақты мінсе – көлік, шапса – тұлпар, ал қымызына сусын ретінде қараған, қысқасы адам өмірімен, тағдырымен етене құбылыс ретінде таниды.

Ақын-жыраулар мұрасында жалпыадамзаттық, ұлттық мәселелер де, дүниетанымдық, пәлсапалық туындылар да мол. Олардың табиғатынан ата жолына, дәстүрге адалдық, сондай-ақ бірлік пен елдік белгілерді, ақыл-ой, парасаттылықты тең ұстау т.т. бүгінгі күні де аса қажет, кәделі тақырыптар кең орын алған. Адам мұраты ардақталып, өмір, еңбек мәні айқындалады.

Ой мен сөз жүйесін аталмыш тақырыптар төңірегінде өрбітсек, Асан ата шығармашылығында – Жәнібек, Бұқар, Үмбетейде – Абылай, Марғасқада – Есім, Махамбетте – Жәңгір, Шалкиізде – Темір секілді би, хандардың адами-имандық, өмірдегі, жорықтағы орны жан-жақты көрініс тапқан. Сондай-ақ, бейнелеу, суреттеу әдістерінде қаһармаңдық, романтикалық, сатиралық та компоненттер (Шалкиізде – Би Темір әрекеті, Бұқар, Үмбетейде – Бөгембайды суреттеу т.т.) кездеседі. Бұл кезеңдердегі «Әй, заман-ай, заман-ай», «Ай, Абылай, Абылай», «Ай, хан мен айтпасам білмейсің» деп басталатын сөздерден адамға, кезеңге қаратып тіл қату, өмір шындығын ашу мақсаты айқын аңғарылады. Өлең-толғаулардың басталуы (көбінде алғашқы жолдары) жиі-жиі қайталануы да назар аудартады (мысалы, Қазтуған – «Алаң да алаң, алаң жұрт», Доспамбет – «Сөре, сөре, сөре қар», «Тоғай, тоғай, тоғай су», Шалкиіз – «Жел, жел, өсер, жел, өсер», «Асқар, асқар, асқар тау», «Ор, ор қоян, ор қоян», Ақтамберді – «Көк көгершін, көгершін», «Балпаң, балпаң басарсың», «Күлдір, күлдір кісінетіп», т.т.).

Ақын-жыраулар мұрасында дүние дидары, уақыт пен кеңістік, ғалам ғажаптары, зат пен құбылыс, өмір көріністерін, т.т. айқындау мақсатында қолданылған сөз, тіркестер де көркемдік-тәсілдік міндеттерін даралай түседі: «Қоңыраулы найза қолға алып» (Доспамбет), «Боз жусан» (Асан), «Еңсесі биік боз орда» (Доспамбет), «Ақ мамығын таранған» (Асан), «Ақ кірпіш тас суда бар» (Бұқар), «Ақ киік ақ ала тау» (Шалгез), т.т...

Демек, ақын-жыраулар шығармашылығындағы тақырыптық арна, көркемдік келісім, үйлесім иірімдерінен сол кезеңнің шындығын, сырын сезінумен қоса бүгінгі әдебиет қозғалысынан сирек кездесетін адами-имандық белгілерді, биік азаматтық тұғырды, әлеуметтік-қоғамдық мәселердің аражігін, сондай-ақ, білек пен бедел, залым мен зиялы, жомарт пен сараң сипаттары, дос-дұшпан, жақсы-жаман, ер-әйел, қыз-жігіт, т.т. түйінді ой, жүйелі сөз, тәлімдік өнеге-үлгісінде жеткізіледі. Біздіңше, мұның қалың көпшілікпен қоса мәдени-ағарту саласы қызметкерлеріне, оқушы-студент жастарға, т.б. берер дерегі көп, әрі тәрбиелік-тәлімдік мәні де бар.

Ақиқатқа тура қарасақ, сөз өнеріміз тарихына ақын-жыраулар мұрасы болып қосылған әсемдік әлем иірімдерінің маңыз-мәні, оны оқып-үйрену мен зерттеп-зерделеудің қажеттілігі, жаңа бағыттары қандай?

Біздіңше, әлеуметтік-қоғамдық жағдаяттарға, кезең-уақыт сырларына бүгінгі күн талаптары тұрғысынан қарап, танып-талдау аса маңызды.

Екіншіден, Ата Заңымызда атап көрсетілгеніндей, қазақ халқы: «...өзін демократиялық, зиялы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазынасы» болғандықтан, Адам мәселесін, өмір-тұрмыс, дәстүрлерін, дүниетаным қырларын кең көлемде қарастыру қажет те кәделі іс.

Үшіншіден, Қазақ Ордасының негізін қалап, оны нығайту ісінде есім-еңбектері құрметпен аталынатын – Керей, Жәнібек, Мұрындық, Қосым, Бұйдаш, Тақыр, Хакназар, Тәуекел, Есім, Тұрсын, Жәңгір, әз-Тәуке, Әбілмәмбет, Абылай, т.б. халықты басқару жүйесі мен жорық-соғыстағы қимыл-қозғалыстары, елдің амандығы мен жердің бүтіндігі жолындағы іс-әрекеттері, адами-имандық қырлары, олар туралы айтылып-жазылған мұра-мирастардың т.т. өз деңгей-дәрежесіне лайық сыр-сипатын ашу керек.

Төртіншіден, Алаш елі мен қалмақ (ойрат) жұрты аралығындағы екі ғасырлық соғысты, «ақтабан-шұбырынды» кезеңін, орыс отаршылдығы мен оның зардаптарын бүгінгі күн биігінен танып-таразылап, әділеттілік тұрғысынан бағалау, зерттеп-зерделеу кәделі де сауапты жұмыстардың бірі.

Бесіншіден, XV-XVIII ғ.ғ. аралығындағы ел бірлігі мен татулығын сақтау мақсатынан туған – «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», әз-Тәукенің Жеті жарғысы», Билер институтының маңыз-мәні, Кіші жүз ханы Әбілқайырдың өзін және қол астындағы ел-жұртын Ресей бодаңдығына алуын өтініп жазған хаттары (императрица – Анна Иоановнаға - Р.Т.), Қазақ хандығы мен Цин империясының (1741-1811) ресми хаттары, бұдан басқа Шығыс өркениеттерімен қарым-қатынасын айғақтайтын дереккөздері, дипломатиялық байланыстар жүйесі, Сәмеке хан, Нұралы сұлтан, Бопай ханым хаттары мен Орта жүз ханы Әбілмәмбеттің, Орта жүз сұлтаны Абылайдың, басқа да батыр-билердің Анттары мен Ресей құрамына енудің кезең-кезең арқылы жүзеге асыруылын танып-талдап, сол арқылы ұлт тарихына, қазақтың қоғамдық ой-санасына, дәстүр арналары мен дүниетаным иірімдеріне ден қою, нәтижесінде кеше-бүгін байланысын ашу, сабақтастық сырларына мән беру ғибратты да тағылымды болып табылады.

Алтыншыдан, Қазақ хандығы кезеңін – Батыс пен Шығыс өркениетімен байланыста зерттеп-зерделеу, алыс-жақын елдердің оқымыстыларының (мысалы, В.В.Радлов, С.Е.Малов, П.М.Мелиоранский, Н.И.Ильминский т.б.) айтып-жазып қалдырған дерек-көздерімен, негізгі еңбектерімен сабақтастықта сөз етудің қазіргі кезеңде де маңызы зор.

Жетіншіден, осы кезең шығармашылығын (XV-XVIII ғ.ғ.) оқып-үйрету ісінде өлең-толғау жанрына, мәтінге (текст) ерекше көңіл бөлу, ақындық өнерге, ондағы өршіл де сенім-серпінге, ұлттық дәстүр-өнегелеріне, т.т. назар аудару арқылы кезең, оқиға, тақырып табиғатына үңілу негізгі мұраттардың бірі. Өйткені, ақын-жыраулар: «...хандық дәуірдегі қазақ әдеби тілінің сөз байлығы, XV-XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті, оны танытатын нұсқалар туралы айтарлықтай материал (дерек) береді» [2].

Сегізіншіден, ақын-жыраулар поэзиясындағы қоғам, уақыт сырлары, өмір шындықтары, ұлттық дәстүр-үлгілері, адамдар арасындағы қарым-қатыныстар, ой-сөз жүйелері, сезім мен саз үндестігі, тіл мүмкіндіктері, қысқасы көркемдік-эстетикалық қуатын, танымдық мәнін, поэтикалық өлшем, өрнектерін әдебиет тарихы мен теориясы тұрғысынан талдап, жаңашыл бағыт-үрдістерді зерделеу басты міндеттерді құрайды.

Тоғызыншыдан, қазақ әдебиеті тарихындағы ақын-жыраулар мұрасын ұлт руханиятының қайнары, елдік құндылықтарымыздың бірегей нұсқасы ретінде танып, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының құрамдас бөлігінде қарастырып, тақырыптық мәнін, жанрлық-көркемдік қырларын жаңа бағыт, талаптар тұрғысынан танып, зерделеу аса мәнді.

Оныншыдан, ең негізгісі Қазақ хандығы тұсында жасаған, ұлттық сөз өнеріне өлең-жыр, толғау сынды мәңгілік мұра қалдырған – ақын-жыраулар шығармашылығы кеше-бүгін байланысын нығайтып, мәдени-рухани арналарға кең өріс берді. Ақын-жыраулар қоғамдық құбылыстар мен болмыс бедерін, адам мұраты мен еңбегін, өмір өнегесі мен уақыт шындықтарын тақырыптық Іәм көркемдік өрнектерімен байытты. Ұлт руханиятының көркемдік кеңістігін – өлең-жыр, толғаулардағы әсем әуез, жүйелі сөз, еркін ой, өршіл рух, мадақ жыр, бейнелі өрнек, ділмәрлік пен тәлімдік, шеберлік пен шешендік, тапқырлық пен салыстыру, қысқасы сырлы әлемнің әр алуан үздік үлгілерімен, өнегелік-ғибраттық терең мәнді қырларымен толықтыра түсті. Осы реттен келгенде: «...Әдебиет мектеп ішіндегі ақыл, сезім тәрбиелеп, қалыптап жетілуден басқа оқушыға қазақ деген елдің өткендегісі мен бүгіндегі пішінін танытуға керек» [3,9].

Тұтастай алғанда, ұлттық сөз өнерінің қымбат та құнарлы саласы-ақын-жыраулар мұрасы ғасырлардан жеткен жыр маржандары. Ш.Уәлихановша айтсақ, «...көшпенділер философы» атанған Асан қайғыдан басталып, «...қазақ хандығының бас идеологы» (М.Мағауин) – Бұқарға ұласқан дүбірлі дәуірдің көркем шежіресі кеше мен бүгінді жалғап, заман шындықтарымен сабақтастық тауып, уақыт рухын айқын аңғартады.

Әдебиеттер

1. Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. 1 том. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.

2. Сыздықова Р. Қазақ хандығы және қазақ әдеби тілі //Қазақ әдебиеті, 2015, 5 маусым.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.

С.А. Хамзаев
г. Ташкент (Узбекистан)

ПРОПОЗИЦИОНАЛЬНАЯ СТРУКТУРА ИНФИНИТИВНЫХ ОБОРОТОВ С ВТОРИЧНОЙ ПРЕДИКАЦИЕЙ В АНГЛИЙСКОМ И УЗБЕКСКОМ ЯЗЫКАХ

Конец XX и начало XXI века характеризуется возросшим интересом к вопросам логико-гносеологического аспекта функционирования элементов языка в дискурсе. Это нашло свое отражение в выборе методики исследования отдельных языковых структур в английском и узбекском языках.

В данной статье речь пойдет о пропозициональной структуре предикативных конструкций с неличными формами глаголов в английском языке и способах передачи этих структур в узбекском языке. Круг вопросов, обсуждаемых в статье, связан только с инфинитивными оборотами в сравниваемых языках. Под понятием «пропозициональная структура» подразумевается функциональная семантика предикативных конструкций с точки зрения семантики конститuentов.

Многообразие инфинитивных построений в германских языках связано с широкой представленностью в них качественно разных форм, начиная от инфинитива и кончая полностью субстантивированной формой, т.е. герундия в английском, и возможностью превращать в имя инфинитив в языках мира. Одновременное совмещение в инфинитиве глагольных и именных признаков обнаруживается в английском языке, выделяя его среди других германских языков сочетаемостью субстантивированного инфинитива с субъектом и объектом: *It can't be that he paid off his debts. – He didn't pay his debts. / У қарзларини тўлаб бўлганига ишонини қийин. – У қарзларини тўламаган.*

Как видно из переводов, данная инфинитивная конструкция в узбекском языке передается, как правило, отдельной грамматической пропозицией с субъектом и предикатом. При использовании вместо английского инфинитива узбекского событийного имени возможно обозначение субъекта действия: *My eating meat... – For me to eat meat... / Менинг гўшт ейишим... / Менга кам гўшт ейиши...*

Анализируя субъектную сочетаемость английского инфинитива, У.Чейф отмечает, что в других языках возможно (но мало употребительно) обозначение субъекта при событийном имени посессивами или генитивом, например в английском [1, 209]: *There is a kind of consolation in a man's having nothing in this world to lose. – The man has nothing to lose / Инсоннинг бу дунёда йўқотадиган ҳеч нарсаи йўқлиги унга маълум бир маънода тасалли беради; Инсоннинг йўқотадиган ҳеч нарсаи йўқ.* Ср. также пример Ю.С. Степанова, приведенный им по другому поводу: *Your being a doctor is absolutely necessary to get this job - For you to be a doctor is necessary / Сиз бу ишга кириш учун доктор бўлишингиз шарт* [2, 30].

Таким образом, там, где в английском предложении используется субъектный инфинитив, в других языках предпочитается косвенное выражение субъекта.

Количество предлогов, сочетающихся с инфинитивом может быть большим или меньшим, тем не менее, продуктивность данных конструкций в языках отличает их, например узбекского от английского, где предложный инфинитив менее распространен. Ср. некоторые предложные конструкции, вводящие пропозицию со значением цели, цели-причины, уступки и т.п.: *He is very cunning in order to believe it./ Унинг айёрлиги сабаб,*

бунга ишонми қийин. He suffered out of his misfulfilment of his mission. / У ўз вазифасини бажара олмагани сабаб ўзини ноқулай ҳис қилаётган эди.

Параметры времени для инфинитивной пропозиции могут быть выявлены при трансформационных изменениях структуры предложения, исходя из временного аспекта пропозиции. Ш.Рахматуллаев приводит следующий пример импликации временного плана для предложного инфинитива в узбекском языке: *У уйидан чиқиб кетмоқда ва ўзи билан соябонини олмади* → *У уйидан соябонини олмасдан чиқиб кетмоқда* → *У уйидан чиқиб кетди ва соябонини олмади* → *У уйидан соябонини олмасдан чиқиб кетди* [3, 177.]. Ср. также на английском: *He is coming out and is not taking an umbrella with him* → *He is coming out without taking an umbrella with him; He came out and didn't take an umbrella with him* → *He came out without taking an umbrella with him.*

Семантическая структура данных предложений содержит по две пропозиции, обозначающие совместность двух действий или состояний; при этом действие (состояние), выраженное в одной из пропозиций – инфинитивной – является причиной состояния, обозначенного в другой. Предикаты пропозиций совпадают по одному из своих актантов – по субъекту действия.

Семантический субъект инфинитивной пропозиции может быть тем же, что у главного предиката и не иметь специального формального выражения при инфинитиве, и быть представленным дополнением при главном предикате: *I gave two hours for him to answer.* / *Мен унга жавоб бериши учун икки соат вақт бердим.*

Проанализируем пропозициональную структуру предложения в узбекском языке, которое содержит неличные формы глагола, создающие фон для раскрытия семантики высказывания:

Йигит супанинг бир четига қисилиб ўтиргач, тингирлатиб дуторини созлай бошлади (А.Қодирий).

Данное предложение содержит 6 пропозиций, а именно:

1. *Йигит бошлади.* (Парень начал) [агентив]; 2. *Йигит созлади.* (Парень настроил) [агентив]; 3. *Йигит тингирлатди.* (Парень потрогал струны) [агентив]; 4. *Йигит ўтирди.* (Парень сел) [агентив]; 5. *Йигит қисилди.* (Парень чувствовал давку) [экспериенцер]; 6. *Йигит супанинг бир четида.* (Парень находится у края глиняного выступа) [локатив].

Семантическая структура предложения содержит три актанта – *йигит (парень)* – агенс, *суна (глиняный выступ)* – локатив, *дутор (инструмент на подобие гитары)* – объект.

Анализ показывает, что пропозициональная структура предложений зависит от характера семантики глагола-сказуемого, а также типа отношений между словами в вербальном дискурсе.

Таким образом, инфинитив и его использование в номинализованных конструкциях отличается от ситуации в других языках. При тождестве референта субъектных наименований главного предиката и дополнительного английский язык предпочитает сложподчиненное предложение. Продуктивность данной модели, лишь за некоторыми исключениями, распространяется почти на все семантические группы предикатов: *I decided to leave.* / *Мен кетишига қарор қилдим.*

При описании любого события, действия, состояния всегда подразумевается воспринимающее лицо, которое является, таким образом, обязательным элементом ситуации. Этот элемент ситуации может либо получить специальное выражение в предложении, либо остаться подразумеваемым. В английском высказывании указание на воспринимающее лицо включается гораздо чаще, чем в узбекское высказывание. Например, женщина мечтает о будущем: *And suddenly enters my son.* / *Кутилмаганда ўғлим кириб келди.*

Инфинитивная пропозиция, как в английском, так и в узбекском языках может включать предикаты самой разнообразной семантики – движения, состояния, восприятия,

действия и т.д. Синтаксическая структура таких предложений представлена глаголом в личной форме и двумя дополнениями к нему. Семантическая структура состоит минимум из двух пропозиций: (субъект + процесс восприятия) + (субъект + действие, состояние, процесс). Специфичным для высказываний с объектным инфинитивом является использование в качестве семантического субъекта референтных наименований: лица, неотъемлемой части субъекта-лица, имен одушевленных существ – не лиц, обозначений предметов, событийных наименований.

Пропозициональная структура инфинитивных оборотов отличается от других подобных им конструкций тем, что у каждого инфинитива существует потенциальная, нереализованная возможность образовать пропозицию, что несвойственно многим другим формам. Поэтому количество пропозиций в семантической структуре предложений находится в прямой связи с количеством актантов глагола.

Что касается различия в языковом отношении, то в английском языке четко выделяются инфинитивные обороты с точки зрения их структуры и комбинаторики. А инфинитивные обороты узбекского языка не особо отличаются ярко выраженными границами.

Дальнейший детальный анализ этой проблемы может дать очень многое в понимании природы пропозициональной структуры синтаксических единиц в языках различных систем.

Литература

1. Чейф У. Значение и структура языка. – М.: Наука, 1975. - 468 с.
2. Степанов Ю.С. Имена. Предикаты. Предложения. – М.: Наука, 1981. - 242 с.
3. Рахматуллаев Ш. Ҳозирги замон ўзбек тили (1- китоб). – Т.: Мумтоз сўз, 2010. - 298 б.

Е.Н. Черноземова
г. Москва (Россия)

ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ ПОВСЕДНЕВНОСТИ ШКОЛЬНОГО БЫТА В РОМАНЕ ДОННЫ ТАРТТ «МАЛЕНЬКИЙ ДРУГ» (2002)

Школьная тема в художественной литературе достаточно многогранна. В ней созданы прекрасно выписанные детские образы, образы учителей и родителей, разработаны проблемы взаимоотношений детей со взрослыми и сверстниками, успешности и неуспешности учителей в школьной и бытовой повседневности. Отечественная литература советского периода создала ряд образов прекрасных учителей с богатым нравственным багажом, зачастую оказывающихся в весьма сложных, далеко не идеальных обстоятельствах, проявляющих себя в разрешении непростых повседневных конфликтов.

Художественное исследование западной литературой того, как передается духовно-нравственный опыт в повседневном общении, зачастую связывается с проблемой отсутствия собственного духовного пространства или странного его наполнения у тех, кому доверено воспитание: у учителей и воспитателей.

Многое поменялось в школьном быту со времен Чарльза Диккенса, Бронислава Нушича и Марка Твена, но учитель, видимо, остается одной из самых консервативных фигур, и суть конфликта быта школы и жизни также малоизменяема. Ситуации, темы, образная система, связанная с воссозданием образов учителей и школьной повседневности, средства их воплощения повторяются в произведениях, разделенных столетием, а подчас и полуторастолетним периодом.

Проза американской писательницы начала XXI века лауреата Пулитцеровской премии 2014 года Донны Тартт (род. 1963) представляет безусловный интерес в разработке и исследовании школьной проблематики, отличается тщательным прописыванием деталей, ситуаций, обстоятельств, безусловно, прожитых, продуманных и осмысленных, о чем свидетельствуют тонкость сделанных наблюдений, глубина проникновения в психологию детей и взрослых, произведение и разработка конфликтных ситуаций и психологических состояний, фиксация мимолетных впечатлений. В каждом из трех романов Донны Тартт есть тема воспитания, образы воспитателей и учителей, воспроизведение атмосферы школьной повседневности.

В «Тайной истории» / *The Secret History* (1992) [1], хронологически первом произведении Донны Тартт с явно выраженными чертами университетского романа, школьный опыт ряда персонажей дается фоном, поскольку основное действие происходит в университетском колледже, и персонажами являются его студенты и преподаватели. К числу ведущих персонажей относится университетский профессор древнегреческого Джулиан Морроу. Первоначально этот роман имел название «Бог иллюзий», поскольку в нем, как и в последующих романах Д. Тартт, исследуется, как именно культурная среда, учебные и художественные тексты влияют на формирование личности, как обретаемые знания даже при руководстве внимательного и знающего наставника могут вместо того, чтобы прояснять неясное, переводить его в светлый план сознания, приводить к обратному эффекту: творить иллюзии, способствовать эскапизму, уходу от необходимости решать сложные проблемы.

Столь же тщательно и интересно Д. Тартт прорабатывает проблему окружения и наставничества в третьем романе «Щегол» / *The Goldfinch* (2013) [2], воспроизводя строгие правила одной школы и безразличие к происходящему с учащимися в другой. Центральный персонаж романа Тео проходит повседневность этих двух школ именно в такой последовательности: от школы со строгими правилами, в которую определила мама, к школе безразличия, в которую отдал отец. Это обратная последовательность в сопоставлении с диккенсовским Дэвидом Копперфильдом, у которого все сложилось наоборот: сначала школа строгих правил с директором, сорвавшим голос от крика, в которую определил отчим и где царит наущничество и насмешки, а затем замечательная школа, возглавляемая добрым директором, погруженным в науку, которую отыскала бабушка, тётка его отца, мисс Бетси Тротвуд [3]. Особенно интересны в романе Донны Тартт с точки зрения выявления особенностей психологии подростка и его взаимоотношения с миром взрослых начальные главы романа, в которых созданы образы многочисленных социальных работников, отвечающих за судьбы детей, попавших в сложные жизненные ситуации, и мебельщика-антиквара, ставшего воспитателем Тео, но не подозревавшего о сложностях, с которыми подросток, а потом и юноша был обречен справляться самостоятельно.

Роман Донны Тартт «Маленький друг» (2002) [4] сочетает черты романа воспитания, прорабатывающего проблему повседневных взаимоотношений подростка со сверстниками, учителями, родственниками и родителями, элементы детективного и психологического романа, а также прозы, исследующей социум.

Ряд школьных сцен и образов учителей органичны в романе, центральной героиней которого является двенадцатилетняя Харриет Клив-Дюфрен (*Harriet Cleve Dusfresnes*) и часто появляющийся рядом с ней ее одиннадцатилетний приятель Хилли Халл. Харриет начитана, полна живых героических устремлений. По мнению одной из ее тетушек, такие, как Харриет, перенесут все, «будь то потоп, революция или вторжение русской армии» [4, Ch. 3]. Одним из любимых занятий Харриет является чтение. Ей было полтора года, когда погиб ее старший брат, и проблема смерти переживается ей чрезвычайно остро. Видимо, именно с этим связано многократное разыгрывание ею с мальчишками во дворе сцен Тайной вечери и событий в Гефсеманском саду, для которых участниками выучивались целые параграфы из Нового Завета: ей страстно хотелось проникнуть в тайну смерти и

возможность воскрешения» [4, Ch. 1]. Казалось бы, Харриетт должна быть устремлена к разъяснениям интересующих ее вопросов на занятиях в воскресной школе и летнем христианском лагере. Но ее, как и других детей, отвращает лицемерие взрослых.

Харриет и Хилли обречены на необходимость посещать воскресную школу, атмосфера которой, по своему существу, похожа на ту, что посещал веком раньше Том Сойер. Наставник начала XXI века, так же как и твеновский директор Уолтерс, речь которого всегда «была составлена по готовому образцу, который никогда не менялся <...> Последнюю треть этой речи подчас омрачали бои, возобновлявшиеся между озорными мальчишками» [5], – мало понимает в психологии детей и подростков. Он торгует машинами и смотрит на воспитанников с точки зрения коммерческого интереса. (Отметим к слову, что к числу твеновских мотивов в романе Тартт относится и мотив школьной дружбы и взаимоотношения с темнокожим населением [глава 5 «Красные перчатки»], эпизоды с дохлой кошкой [глава 1 «Смерть кошки»] и ситуация, когда ребенок становится невольным свидетелем заговора).

Глядя на собравшихся в классе воскресной школы детей, пастор Дайл видит лишь не имеющих имен маленьких подонков, маленьких тупиц, уродов, обреченных копировать жизнь своих никчемных родителей, и мысленно называет их обобщенными фамилиями неблагополучных семей: «маленькие Ратклифы, Скирли и Одумы», отцы которых не думали погашать кредиты за приобретенные у него автомобили. Мысли мистера Дайла заняты лишь тем, кому предстоит нанести визит по поводу просрочки кредита, но вовсе не тем, как облагородить пришедших к нему обездоленных [4, Ch. 4]. Обезличенность для учителя грязных и сопливых в его восприятии маленьких подонков сопоставима с отношением к ученикам диккенсовского учителя Томаса Гредграйнда из романа «Тяжелые времена» (Charles Dickens, *Hard Times*, 1854), который обращался к ученикам, называя их по номерам. Но если у мистера Гредграйнда была задача наполнить эти сосудики знаниями [5], то занятия, затеянные пастором Дайлом в воскресной школе вообще не имели сколь либо ясной цели, но были лишь способом оправдать приобретенный на деньги прихожан новый зеленый автобус, который пастор использовал то для доставки малообеспеченных детей в воскресную школу, то для якобы бесплатных экскурсий, за которые на деле требовали деньги на бензин. Пастор со взглядом бизнесмена не внушает детям пиетета.

Не лучше обстоят дела и в обычной школе, от которой детей тошнит в прямом и переносном смысле, поскольку ковровин в переполненном классе с закрытыми окнами издает тошнотворный запах мочи, а «учительница миссис Милли, которая страдала от дурного запаха точно так же, как и они, ходила по классу с баллоном освежителя воздуха, непрерывно брызгая над головами детей, так что домой они уходили, разнося вокруг ароматы женской уборной» [6]. Под действием этой «газовой атаки» мисс Милли периодически сбегала посреди урока поболтать со своей подружкой, учительницей пятого класса, в эти перерывы «класс мог вволю беситься».

Художественное исследование проблемы становления подростка, проведенное Донной Тартт, выносит вердикт об отсутствии у взрослых, претендующих на воспитание детей, собственного духовного пространства, достаточного для того, чтобы удовлетворить духовные и интеллектуальные потребности воспитанников. Некоторым оправданием взрослых служит то, что мир городка Александрии в романе дается с точки зрения девочки-подростка, безусловно, обладающей юношеским максимализмом. Однако многочисленность образов взрослых, несостоятельных в общении с детьми и подростками, перечеркивает все оправдания.

Литература

1. Tartt D. *The Secret History*. New York: Alfred Knopf, Inc., 1992. 524 p. Тартт Д. Тайная история. Роман / Пер. с англ. Д. Бородкина, Н. Ленцман. – М.: Иностранка, 2008. – 704 с. . [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.litmir.net/br/?b=118594> (дата

обращения 30.05. 2016).

2. Tartt D. The Goldfinch, NY-Bosnon-London, 2013. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.ihavebook.org/reader.php?book=300227> (дата обращения 30.05. 2016). Тартт Д. Щегол / Пер. с англ. А. Завозовой. М.: «Издательство АСТ», 2015.

3. Диккенс Ч. Жизнь Дэвида Копперфилда, рассказанная им самим / Пер. с англ. А.В. Кривцовой и Е. Ланна. Четвертое, пересмотренное издание перевода. М., 2007. <http://lib.ru/INPROZ/DIKKENS/d15.txt>

4. Tartt D. The Little Friend / Ed. A. Knopf. NY, 2002. 523 p. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.ihavebook.org/books/300228/the-little-friend.html> (дата обращения 30.05. 2016). Тартт Д. Маленький друг / Пер. с англ. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.litmir.net/br/?b=118594> (дата обращения 30.05. 2016).

5. Twain M. The Adventures of Tom Sawyer [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://englishon-line.ru/chudog-tekst1.html> (дата обращения 13.08. 2016). Ch. 3.

6. Диккенс Ч. Тяжелые времена. Гл. 2 "Избиение младенцев" / Пер. с англ. В. Топер // Диккенс Ч. Собр. соч. В 13 т. Т. 19 / Под общей ред. А. А. Аникста и В. В. Ивашевой. М., 1960.

Н.Х. Шадиева
Астана қ. (Қазақстан)

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОРЫНДАЛАТЫН ТАПСЫРМАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Қазіргі кездегі білім берудегі мақсат – жан-жақты, білімді, болашаққа жаңа көзқараспен қарай білетін және өзгерістерге, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-толғамы бар, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Оқыту кезінде білім беретін оқытушы емес, осы білімді қызыға қабылдауға дайын оқушы екендігін көздеу сабақтың негізі болатынын әрбір мұғалім сезіну керек.

Қазақ тілі сабағы әрі тартымды, әрі қызықты, әрі сапалы болуы әр мұғалімнің өзіне, білім деңгейіне, кәсіби шеберлігіне байланысты. Дегенмен сабақ тартымды, әсерлі, мақсаты айқын, қызықты және толық мәнді болуы үшін оқушы жұмыс істеуі керек. Сабақта оқушы тек тыңдаушы рөлінде немесе орындаушы рөлінде емес, белсенді субъект рөлінде жұмыс істеуі керек. Ол үшін мұғалім сабаққа алдын ала сабақтың тақырыбына сай тапсырмалар дайындайды. Себебі оқулықта оқушы білімін пысықтайтын, жаңа тақырып бойынша дағды қалыптастыратын тапсырмалар мен жаттығулардың түрлері де аздық етеді. Оқушы сабақта өздігімен жұмыс істемейінше, оның білімі берік болады деу қиын. Сондықтан оқушылардың өздігінен жұмыс істеуін қамтамасыз ететін танымдық тапсырмалар ұйымдастырылып отырғаны жөн. Мұғалім сабақта қосымша тапсырмаларды дұрыс жоспарлап, мақсатын нақты белгілеп алмайынша көздегеніне жете алмайды. Тапсырманың мазмұнын, құрылысын, дәлдігін, жұмыс жүргізу тәсілін мұқият ойластыруы қажет.

Тапсырмалардағы мақсатқа жету үшін оқытушының әрекеті:

- сабақтың тақырыбына сай тапсырмаға мақсатты айқын қою;
- негізгі мәселені бөле көрсетуі;
- материалдардың өмірмен байланыстылығы әрі тәрбиелік мәнінің маңызды болуы;
- студенттермен тең құқылы түрде қарым-қатынас жасай білу;
- өз талаптарын бұйрық түрінде емес, кеңес түрінде ұсыну;
- әр пікірді, идеяны тыңдай білу, оны сыйлау және онымен санасу;
- ерекше идеяларға қолдау жасап отыру;

- жағымды (позитивті) және конструктивті көзқарас ұстану;
- сабақта ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы үнемі жаңалықтар енгізіп отыру;
- студенттермен жеке жұмыстар жүргізу үйге берілетін тапсырманың уақтылы және нақтылы берілуі;
- бағалау нормалары сақталып, әділ бағалануы;
- осы нәтижеге жеткізетін – сабақтың жүйелілігі.

Қазақ тілі сабағында орындалатын тапсырмалар арқылы оқушылардың ой-өрісін шыңдай отырып, өмірге көзқарасын қалыптастыру жүзеге асырылады. Бойындағы өнерін танып, бағыт-бағдар беру, ғылымға қызықтыру да осы мұғалім қосымша ұйымдастыратын тапсырмалар арқылы бағдарланады. Оқушыға беретін тапсырмаларда дәлелдейтін, түсіндіретін, пікірмен келісетін, келіспейтін, ұсыныс енгізетін, сын көзбен қарайтын, бір сөзбен айтқанда, баланы жан-жақты ойландыратын жұмыстар болуы керек.

Қазақ тілі сабағының негізгі мақсаты — оқушыларға тіліміздің сан қырлы сөз байлығын меңгерту, сөз сырына үңілту. Баланың сөздік қорының дамуы, сөздерді дұрыс және мағыналық тұрғыдан дәл қолдана білуге жаттығуы, бейнелі әрі әсерлі сөйлеу дағдыларын меңгеруі де қазақ тілі сабағында жүзеге асады. Қазақ тілінің әрбір тақырыбын оқушы тек ғылыми ұғым ретінде қабылдамай, оларды өмірде қолдана алатындай, өзінің сөйлеу дағдысында, жазба жұмыстарында пайдалана алатындай болуы керек. Оқушы көбіне жазба жұмыстарында өз ойын анық та айқын жеткізе алмай жатады, стильдік қателерді көп жібереді.

Осы орайда, қазақ тілін оқытуда деңгейлік тапсырмалар нәтижелі жұмыс түрі болып табылады. Деңгейлік тапсырма дегеніміз - тапсырманың шарты мен мазмұны қарапайымнан күрделіге қарай, оңайдан қиынға қарай дамиды, тапсырмалар желісі біртіндеп сатылы түрде орындалатын жұмыстар жүйесі [1,45]. Оқушының тақырыпты жете түсініп, терең меңгеруі үшін әрбір деңгейде берілетін тапсырмалар өзіндік үлес қосады. Сондықтан әр деңгейде орындалатын тапсырмалар түрлі талап-тілектерді қамтиды. Деңгейлік тапсырмаларға қатысты талаптар, біріншіден, әр деңгейде берілетін білім көлемін белгілеу үшін қажет. Екіншіден, берілетін білім көлеміне қатысты әр деңгейде орындалатын тапсырмаларды іріктеп, таңдап алу үшін керек. Сонымен қатар бұл талаптар әр деңгейдегі (оқушылық, алгоритмдік, ізденімдік, шығармашылық) тапсырмалардың қандай болуы керек, қандай мақсатта берілуі керектігін анықтайды. Сондықтан деңгейлік тапсырмаларға қатысты талаптардың мәні зор. Әр деңгейдің талап-тілегін қамтитын түрлі тапсырмалар арқылы оқушының білім көлемінің қай деңгейге сай келетінін анықтауға болады.

Әр деңгейде орындалатын тапсырмаларға байланысты қойылған талаптардың бір-бірінен айырмашылығы бар. Бірінші деңгей мен екінші деңгейде орындалатын тапсырмалар бір-біріне ұқсамайды. Бірінші деңгейдегі тапсырмалар жеңіл, қарапайым түрде ұйымдастырылып отырады. Деңгейден деңгейге көшкен сайын тапсырмаларға қойылатын талаптар да артып, күшейіп отырады.

Оқушылық деңгейде орындалатын тапсырмалар:

- Мұғалім түсіндірген білімді оқушының қайталап бере алатынындай болуы керек.
- Оқушыны жаңадан меңгерген білімін кез келген жағдайда тани алуға дағдыландыратын болуы қажет.
- Жоғарғы деңгейдегі тапсырмаларды орындауға көмек бере алуы тиіс.

Алгоритмдік деңгейде орындалатын тапсырмалар:

- Өткен материалмен өзара салыстыра отырып, жаңа материалдың ерекшеліктерін ажырата алуға негізделген болуы керек.
- Сөйлемді дұрыс құрай алуға машықтандыратын болуы қажет.
- Тапсырмада лексикалық тақырыптардың желісі үзілмей, өзара байланысып, бірін-бірі толықтырып отыру тиіс.
- Тапсырмада берілген ойды жалғастыратындай болуы керек.

Ізденімдік деңгейде орындалатын тапсырмалар:

- Оқушыны іздендіре отырып, нәтижесінде өзіне жаңа білім алуын қамтамасыз ететін болуы керек.
- Оқушыны қосымша әдебиетпен, түрлі сөздіктермен жұмыс жүргізуіне бағыттайтын болуы қажет.
- Оқушының ойлау қабілетін жетілдіретін тапсырма болуы тиіс (сөзжұмбақ, ребус, жұмбақ, т.б.)

Шығармашылық деңгейде орындалатын тапсырмалар:

- Белгілі бір шығармашылық жұмысқа бейімдейтін болуы керек (сурет салу, шығарма, фантастикалық әңгіме, ой толғау, өлең, әзіл өлең жазу, т.б.)
- Ғылыми көзқарасын қалыптастыруға арналған болуы қажет (реферат, рецензия, баяндама, өз ойын, пікірін қосатын тапсырмалар, т.б.)
- Тапсырманың мазмұны арқылы оқушыға проблемалық ситуация туғызып, баланың шығармашылық ойлауын дамытатын болуы тиіс.

